

# Ноутбук пайдаланушы нұсқаулығы

© Copyright 2010 Hewlett-Packard  
Development Company, L.P.

Bluetooth өз меншік иесінің сауда белгісі болып табылады және оны Hewlett-Packard компаниясы лицензия бойынша пайдаланады. Intel — Intel корпорациясының АҚШ-тағы және басқа елдердегі сауда белгісі. Microsoft және Windows — Microsoft корпорациясының АҚШ-тағы тіркелген сауда белгілері. SD Logo — өз меншік иесінің сауда белгісі.

The information contained herein is subject to change without notice. The only warranties for HP products and services are set forth in the express warranty statements accompanying such products and services. Nothing herein should be construed as constituting an additional warranty. HP shall not be liable for technical or editorial errors or omissions contained herein.

Екінші басылым: желтоқсан, 2010 ж.

Бірінші басылым: сәуір, 2010 ж.

Құжат бөлігінің нөмірі 597853-DF2

#### **Өнім ескертуі**

Бұл пайдаланушы нұсқаулығы барлық үлгілерге ортақ мүмкіндіктерді сипаттайды. Кейбір мүмкіндіктер компьютеріңізде болмауы мүмкін.

## Қауіпсіздік туралы ескерту хабары

- 
- △ **АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!** Қызып кетумен байланысты зақымдарды немесе компьютердің қатты қызып кету жағдайын азайту үшін, компьютерді тізеңізге қоймаңыз немесе компьютердің ауа желдеткішін бітемеңіз. Компьютерді тек қатты, тегіс беттің үстіне қойып пайдаланыңыз. Қасында тұрған қосымша принтер сияқты қатты беттің немесе жастық, кілем немесе мата сияқты жұмсақ беттің ауа ағынын бөгеуіне жол бермеңіз. Сонымен қатар, жұмыс кезінде айнымалы ток адаптерінің теріге немесе жастық, кілем немесе мата сияқты жұмсақ бетке тимеуін қадағалаңыз. Компьютер және айнымалы ток адаптері Ақпараттық технология жабдығы қауіпсіздігінің халықаралық стандарты (IEC 60950) арқылы белгіленетін пайдаланушыға рұқсат етілген бет температурасына сай келеді.
-



# Мазмұны

<b>1 Мүмкіндіктер</b> .....	<b>1</b>
Аппараттық құралдарды анықтау .....	1
Бөліктер .....	2
Жоғарғы бөліктері .....	2
Сенсорлы тақта .....	2
Сенсорлы тақта түймешіктері .....	3
Шамдар .....	4
Түймешіктер және саусақ ізін оқу құрылғысы (тек таңдаулы үлгілерде) .....	5
Пернелер .....	6
Алдыңғы жағындағы бөліктер .....	7
Оң жақтағы бөліктер .....	7
Сол жақтағы бөліктер .....	8
Түбіндегі бөліктер .....	9
Дисплей бөліктері .....	10
Сымсыз антенналар (тек таңдаулы үлгілерде) .....	11
Қосымша жабдық бөліктері .....	12
Жапсырмалар .....	13
<b>2 Сымсыз, жергілікті желі және модем</b> .....	<b>14</b>
Сымсыз құрылғыларды қолдану .....	14
Сымсыз байланысты және желі күйінің белгішелерін анықтау .....	15
Сымсыз басқару элементтерін пайдалану .....	15
Сымсыз байланыс пернесін пайдалану .....	15
HP Wireless Assistant бағдарламасын қолдану .....	16
Амалдық жүйе басқару элементтерін пайдалану .....	16
WLAN құрылғысын қолдану .....	18
WLAN желісін орнату .....	18
WLAN жүйесін қорғау .....	19
WLAN желісіне қосылу .....	20
Басқа желіге роуминг .....	20
Bluetooth сымсыз құрылғыларын пайдалану (тек таңдаулы үлгілерде) .....	21
Bluetooth және Интернетке қосылуды ортақ пайдалану (ICS) .....	21
Жергілікті желіге қосылу .....	22

<b>3 Меңзегіш құрылғылар және пернетақта .....</b>	<b>23</b>
Меңзегіш құрылғыларды пайдалану .....	23
Меңзегіш құрылғылар параметрлерін орнату .....	23
Сенсорлы тақтаны қолдану .....	23
Сенсорлы тақтаны қосу және сөндіру .....	24
Сенсорлы тақта іс-қимылдарын пайдалану .....	24
Жылжу .....	25
Шымшу .....	25
Айналдыру .....	26
Сенсорлы экранды пайдалану (тек таңдаулы үлгілерде) .....	26
Сенсорлы экранды мөлшерлеу .....	27
Сенсорлы экранда әрекеттерді орындау .....	28
Түрту қимылдарын жасау .....	28
Сызу қимылдары жасау .....	28
Түрту параметрлерін өзгерту немесе тексеру .....	28
Сызу тағайындауларын өзгерту немесе жасау .....	29
Сенсорлы экран таңдауларын орнату .....	29
Сыртқы тінтуірді жалғау .....	29
Әрекет пернелерін пайдалану .....	29
Жылдам пернелерді пайдалану .....	31
Сенсорлы тақта мен пернетақтаны тазалау .....	32
<b>4 Мультимедиа .....</b>	<b>33</b>
Мультимедиа мүмкіндіктері .....	33
Мультимедиалық бөліктерді анықтау .....	34
Дыбыс деңгейін реттеу .....	35
Медиа әрекет пернелерін пайдалану .....	36
Мультимедиа бағдарламалық құралдары .....	37
HP MediaSmart бағдарламалық құралын пайдалану .....	37
Алдын ала орнатылған басқа мультимедиа бағдарламалық құралдарын пайдалану .....	37
Мультимедиа бағдарламалық құралын дискіден орнату .....	38
Аудио .....	39
Сыртқы аудио құрылғыларын қосу .....	39
Аудио функцияларын тексеру .....	39
Бейне .....	40
Сыртқы мониторды немесе проекторды жалғау .....	40
HDMI құрылғысын жалғау .....	42
HDMI үшін дыбыс мүмкіндігін реттеу (тек таңдаулы үлгілерде) .....	42
Веб-камера .....	43
<b>5 Қуатты басқару .....</b>	<b>44</b>
Қуат параметрлерін орнату .....	44

Қуатты үнемдеу күйлерін пайдалану .....	44
Ұйқы күйін қосу және одан шығу .....	44
Күту күйін қосу және одан шығу .....	45
Батарея көрсеткішін қолдану .....	45
Қуат жоспарын пайдалану .....	46
Ағымдағы қуат жоспарын қарап шығу .....	46
Басқа қуат жоспарын таңдау .....	46
Қуат жоспарларын өзгерту .....	46
Күту/Әрекетсіздік режимінен шыққанда сұралатын құпия сөз қорғанысын орнату ....	47
Сыртқы айнымалы ток қуаты көзін пайдалану .....	48
Айнымалы ток адаптерін қосу .....	49
Батарея қуатын пайдалану .....	50
Батарея ақпаратын анықтама және қолдау орталығынан табу .....	50
Батареяны тексеруді қолдану .....	50
Қалған батарея зарядын көрсету .....	51
Батареяны салу және шығарып алу .....	51
Батареяны зарядтау .....	52
Батареяның тауысылу уақытын ұлғайту .....	52
Төмен батарея деңгейлерін басқару .....	53
Төмен батарея деңгейлерін анықтау .....	53
Төмен батарея деңгейін шешу .....	53
Сыртқы қуат қолданылғанда төмен батарея деңгейін шешу .....	53
Зарядталған батарея бар болғанда төмен батарея деңгейін шешу .....	53
Ешқандай қуат көзі болмағанда төмен батарея деңгейін шешу .....	53
Компьютер күту күйінен шыға алмайтын кезде төмен батарея деңгейін шешу .....	54
Батареяны тексеруден өткізу .....	54
Батарея қуатын үнемдеу .....	56
Батареяны сақтау .....	57
Қолданылған батареяны тастау .....	57
Батареяны ауыстыру .....	57
Графикалық режимдер арасында ауысу (тек таңдаулы үлгілерде) .....	58
Компьютердің жұмысын аяқтау .....	58
<b>6 Диск жетектері .....</b>	<b>60</b>
Диск жетектерін ұстау .....	60
Оптикалық диск жетегі .....	61
Орнатылған оптикалық жинақтағыш дискін анықтау .....	61
Оптикалық дискілерді пайдалану .....	61
Дұрыс дискіні таңдау (CD, DVD және BD дискілері) .....	62
CD-R дискілері .....	62
CD-RW дискілері .....	62

DVD±R дискілері .....	62
DVD±RW дискілері .....	62
LightScribe DVD+R дискілері .....	62
Blu-ray дискілері (BD) .....	63
Ықшам, DVD немесе BD дискісін ойнату .....	63
Автоойнату параметрлерін реттеу .....	64
DVD дискісінің аймақтық параметрлерін өзгерту .....	64
Авторлық құқықтар туралы ескерту талаптарын сақтау .....	66
Ықшам дискін немесе DVD дискісін көшіру .....	66
Ықшам немесе DVD дискісін жасау (жазу) .....	67
Ықшам, DVD немесе BD дискісін шығару .....	68
Сыртқы диск жетектерін пайдалану .....	69
Қатты дискінің жұмысын жақсарту .....	70
Дискіні дефрагментациялау құралын пайдалану .....	70
Дискіні тазалау құралын пайдалану .....	70
HP ProtectSmart Hard Drive Protection құралын пайдалану .....	71
HP ProtectSmart Hard Drive Protection құралының күйін анықтау .....	71
Қуатты қауіпсіз орнатылған қатты диск көмегімен басқару .....	72
HP ProtectSmart Hard Drive Protection бағдарламалық құралын пайдалану .....	72
Негізгі қатты диск ұясындағы дискіні ауыстыру .....	73
<b>7 Сыртқы құрылғылар .....</b>	<b>76</b>
USB құрылғысын пайдалану .....	76
USB құрылғысын жалғау .....	76
USB құрылғысын ажырату .....	77
eSATA құрылғысын пайдалану .....	77
eSATA құрылғысын жалғау .....	78
eSATA құрылғысын шығарып алу .....	79
<b>8 Сыртқы медиа карталары .....</b>	<b>80</b>
Сандық медиа ұясының карталарын пайдалану .....	80
Сандық картаны енгізу .....	80
Сандық картаны шығарып алу .....	81
<b>9 Жад модульдері .....</b>	<b>82</b>
<b>10 Қауіпсіздік .....</b>	<b>86</b>
Компьютерді қорғау .....	86
Құпия сөздерді пайдалану .....	88
Windows жүйесінде құпия сөздерді орнату .....	88
Setup Utility утилитасында құпия сөздерді орнату .....	89
Әкімші құпия сөзі .....	89
Әкімші құпия сөзін басқару .....	90



Өкімші құпия сөзін енгізу .....	90
Қосылғандағы құпия сөз .....	90
Қосылғандағы құпия сөзді басқару .....	91
Қосылғандағы құпия сөзді енгізу .....	91
Вирусқа қарсы бағдарламалық құралды пайдалану .....	92
Қалқан бағдарламалық құралын пайдалану .....	92
Қорғаныс жүйесінің маңызды жаңартуларын орнату .....	93
Қосымша қауіпсіздік кабелін орнату .....	93
Саусақ ізін оқу құрылғысын қолдану (тек таңдаулы модельдерде) .....	94
Саусақ ізін оқу құрылғысының орналасуы .....	94
Саусақ іздерін тіркеу .....	95
Windows жүйесіне кіру үшін тіркелген саусақ ізін пайдалану .....	96
<b>11 Ақаулықтарды жою .....</b>	<b>97</b>
WLAN желісіне қосылу мүмкін емес .....	97
Қажет желіге қосылу мүмкін емес .....	98
Желі белгішесі көрсетілмейді .....	98
Ағымдағы желі қауіпсіздік кодтары да қол жетімді емес .....	98
WLAN байланысы өте нашар .....	99
Сымсыз жол жоспарлағышқа қосылу мүмкін емес .....	100
Оптикалық жинақтағыш диск жетегі ықшам диск, DVD немесе BD дискілерін шығару үшін ашылмайды .....	101
Компьютер ықшам, DVD немесе BD дискісін анықтамайды .....	101
Ықшам, DVD немесе BD дискілері ойнатылмайды .....	102
Ықшам, DVD немесе BD дискілері автоматты түрде ойнатылмайды .....	104
DVD фильмі тоқтайды, өткізіп жібереді немесе тұрақсыз ойнатылады .....	105
DVD немесе BD дискісінің фильмі сыртқы дисплейде көрінбейді .....	106
Ықшам дискіні немесе DVD дискісін жазу үрдісі басталмайды немесе аяқталмай, тоқтап қалады .....	107
Windows медиа ойнатқышында ойнатылатын DVD немесе BD дискісі ешбір дыбыс шығармайды немесе көрсетілмейді .....	108
Құрылғы драйвері қайта орнатылуы керек .....	109
Ең соңғы HP құрылғы драйверлерін алу .....	109
Соңғы Windows құрылғы драйверлерін алу .....	110
<b>Қосымша А Орнату бағдарламасы (BIOS) .....</b>	<b>111</b>
Starting Setup утилитасын бастау .....	111
Starting Setup утилитасын пайдалану .....	111
Starting Setup утилитасының тілін өзгерту .....	111
Setup Utility утилитасында шарлау және таңдау .....	112
Жүйе ақпаратын көрсету .....	112
Setup Utility утилитасында әдепкі параметрлерді сақтау .....	113
Setup Utility утилитасынан шығу .....	114
Setup Utility утилитасының мәзірі .....	114

Негізгі мәзір .....	114
Қауіпсіздік мәзірі .....	114
Жүйе параметрлерін реттеу мәзірі .....	114
Диагностикалау мәзірі .....	115
<b>Қосымша В Бағдарламалық құрал жаңартулары .....</b>	<b>116</b>
BIOS нұсқасын жаңарту .....	117
BIOS нұсқасын анықтау .....	117
BIOS жаңартуын жүктеп алу .....	117
Бағдарламалар мен драйверлерді жаңарту .....	119
<b>Қосымша С Сақтық көшірме жасау және қалпына келтіру .....</b>	<b>120</b>
Қалпына келтіру дискілерін жасау .....	121
Ақпараттың сақтық көшірмесін жасау .....	122
Windows жүйесінің сақтық көшірме жасау және қалпына келтіру мүмкіндігін пайдалану .....	124
Жүйені бастапқы қалпына келтіру нүктелерін пайдалану .....	124
Бастапқы қалпына келтіру нүктелерін жасау уақыты .....	124
Жүйені қалпына келтіру нүктесін жасау .....	124
Алдыңғы күнге және уақытқа дейін қалпына келтіру .....	125
Қалпына келтіруді орындау .....	125
Қалпына келтіру дискілері арқылы қалпына келтіру .....	126
Қалпына келтіруге арналған бөлімнен қалпына келтіру (тек таңдаулы үлгілерде) ..	126
<b>Индекс .....</b>	<b>127</b>

---

# 1 Мүмкіндіктер


## Аппараттық құралдарды анықтау

Компьютерде орнатылған аппараттық құралдардың тізімін көру үшін:

1. **Пуск** (Бастау) > **Панель управления** (Басқару тақтасы) > **Система и безопасность** (Жүйе және қауіпсіздік) тармақтарын таңдаңыз.
2. Система (Жүйе) аймағындағы **Диспетчер устройств** (Құрылғы реттеушісі) түймешігін басыңыз.

Құрылғы реттеушісін жабдықты қосу немесе құрылғы конфигурацияларын өзгерту үшін пайдалануға болады.

---


 **ЕСКЕРІМ:** Windows® жүйесінде компьютердің қауіпсіздігін жақсартатын пайдаланушы жазбасын басқару мүмкіндігі бар. Қолданбаларды орнату, утилиталарды іске қосу немесе Windows параметрлерін өзгерту сияқты тапсырмаларды орындау үшін рұқсат немесе құпия сөз сұралуы мүмкін. Қосымша ақпарат алу үшін, анықтама және қолдау тармағын қараңыз.

---

# Бөліктер

## Жоғарғы бөліктері

### Сенсорлы тақта




Бөлік	Қызмет
сенсорлы тақта	Меңзерді жылжытады және экрандағы элементтерді таңдайды немесе іске қосады.

Меңзегіш құрылғылардың басымдықтарын көру немесе өзгерту үшін:

1. **Пуск (Бастау) > Устройства и принтеры** (Құрылғылар және принтерлер) тармақтарын таңдаңыз.
2. Компьютеріңіз болып табылатын құрылғыны тінтуірдің оң жақ түймешігімен басыңыз.
3. **Настройки мыши** (Тінтуір параметрлері) пәрменін таңдаңыз.

## Сенсорлы тақта түймешіктері




Элемент	Сипаттама	Қызмет
1	Сенсорлы тақтаны қосу/өшіру түймешігі	Сенсорлы тақтаны қосады және сөндіреді. Сенсорлы тақтаны қосу немесе өшіру үшін, түймешікті екі секунд бойы басып тұрыңыз.
2	Сенсорлы тақтаның сол жақ түймесі	Сыртқы тінтуірдің сол жақ түймешігі сияқты жұмыс істейді.
3	Сенсорлы тақтаның оң жақ түймесі	Сыртқы тінтуірдің оң жақ түймешігі сияқты жұмыс істейді.

Меңзегіш құрылғылардың басымдықтарын көру немесе өзгерту үшін:

1. **Пуск (Бастау) > Устройства и принтеры** (Құрылғылар және принтерлер) тармақтарын таңдаңыз.
2. Компьютеріңіз болып табылатын құрылғыны тінтуірдің оң жақ түймешігімен басыңыз.
3. **Настройки мыши** (Тінтуір параметрлері) пәрменін таңдаңыз.

## Шамдар



Элемент	Сипаттама	Қызмет
1	Сенсорлы тақта шамы	Сары болса — сенсорлы тақта өшірілген.
2	Caps lock шамы	Жанып тұрса — Caps lock қосулы.
3	Қуат шамы	<ul style="list-style-type: none"><li>Жанып тұрса — компьютер қосулы.</li><li>Жыпылықтап тұрса — компьютер Күту режимінде.</li><li>Өшіп тұрса — компьютер өшірулі немесе Өрекетсіздік режимінде.</li></ul>
4	Дыбысты өшіру шамы	Сары болса — компьютер дыбысы өшірулі.
5	Сымсыз байланыс шамы	<ul style="list-style-type: none"><li>Ақ болса — сымсыз жергілікті желі (WLAN) құрылғысы және/немесе Bluetooth® құрылғысы сияқты ішкі сымсыз құрылғы қосулы.</li><li>Сары болса — ешбір сымсыз құрылғы табылмады.</li></ul>
6	Саусақ ізін оқу құрылғысының шамы	<ul style="list-style-type: none"><li>Ақ болса — саусақ ізі оқылды.</li><li>Сары болса — саусақ ізі оқылған жоқ.</li></ul>


## Түймешіктер және саусақ ізін оқу құрылғысы (тек таңдаулы үлгілерде)



Элемент	Сипаттама	Қызмет
1	Қуат түймешігі	<p>Қуат түймешігін басып:</p> <ul style="list-style-type: none"><li>• компьютерді қосыңыз;</li><li>• Күту режиміне өтіңіз;</li><li>• Күту режимінен шығыңыз;</li><li>• Әрекетсіздік режимінен шығыңыз.</li></ul> <p>Компьютер әрекеттерге жауап бермесе және Windows жүйесінің жұмысты аяқтау процедуралары көмектеспесе, компьютерді өшіру үшін қуат түймешігін кемінде бес секунд басып тұрыңыз.</p> <p>Қуат параметрлері туралы қосымша ақпарат алу үшін, <b>Пуск (Бастау) &gt; Панель управления (Басқару тақтасы) &gt; Система и безопасность (Жүйе және қауіпсіздік) &gt; Параметры электропитания (Қуат параметрлері)</b> тармақтарын таңдаңыз.</p>
2	Саусақ ізін оқу құрылғысы (тек таңдаулы үлгілерде)	<p>Құпия сөз арқылы кірудің орнына, Windows жүйесіне саусақ ізі арқылы кіруге мүмкіндік береді.</p>

Зауыттық параметрлерді өзгерту туралы ақпаратты Анықтама және қолдау бөлімінен қараңыз.

## Пернелер



Элемент	Сипаттама	Қызмет
1	<code>esc</code> пернесі	Жүйе туралы ақпарат көрсетілу үшін <code>esc</code> және <code>fn</code> пернелерін бірге басыңыз.
2	Электрондық пошта пернесі	Жаңа электрондық хатты әдепкі электрондық пошта клиентінде ашады.
3	Мультимедиа қолданбасының пернесі	MediaSmart қолданбасын қосады.
4	Веб-шолғыш пернесі	Әдепкі веб-шолғышты қосады.
5	Басып шығару пернесі	Ағымдағы ашылған құжатты әдепкі принтерге жібереді.
6	Есептегіш пернесі	Есептегіш қолданбасын іске қосады.
7	<code>fn</code> пернесі	Жиі қолданылатын жүйелік функцияларды орындау үшін, <code>fn</code> пернесін функция немесе <code>esc</code> пернесімен бірге басыңыз.
8	Windows логотипі бар перне	Windows жүйесінің Пуск (Бастау) мәзірін көрсетеді.
9	Функциялық пернелер	Жиі қолданылатын жүйелік функцияларды орындау үшін, функция және <code>fn</code> пернелерін бірге басыңыз.
10	Windows қолданбасының пернесі	Меңзердің астындағы элементтер үшін төте мәзірін көрсетеді.
11	QuickLock пернесі	QuickLock бағдарламасын қосады.
12	Артқы жарық пернесі	Артқы жарығы бар пернетақтаны қосады немесе өшіреді.




## Алдыңғы жағындағы бөліктер




Сипаттама	Қызмет
Үндеткіштер	Дыбыс шығарады.

## Оң жақтағы бөліктер




Элемент	Сипаттама	Қызмет
1	USB порттары (2)	Қосымша USB құрылғыларын қосады.
2	Оптикалық диск жетегі	Оптикалық дискіні оқиды және таңдаулы үлгілерде оптикалық дискіге жазады.
3	Оптикалық диск жетегінің шамы	Жыпылықтап тұрса — оптикалық диск жетегі ашылады.
4	Әрекетсіздік режимінің шамы	Ақ болса — компьютер Әрекетсіздік режимінде тұр.
5	Қатты диск жетегінің шамы	<ul style="list-style-type: none"><li>Ақ болса — қатты диск қолданыста.</li><li>Сары болса — қатты диск қолданылмай тұр.</li></ul>
6	Айнымалы ток адаптерінің шамы	<ul style="list-style-type: none"><li>Жанып тұрса — компьютер сыртқы қуат көзіне қосылған.</li><li>Сөніп болса — компьютер сыртқы қуат көзіне қосылмаған.</li></ul>
7	Қуат қосқышы	Айнымалы ток адаптеріне қосылады.
8	Қауіпсіздік кабелінің ұясы	Қосымша қауіпсіздік кабелін жалғайды. Қауіпсіздік кабелі сақтандырғыш құрал ретінде қолданылу үшін жасалған, бірақ ол компьютерді немқұрайлы пайдаланудан немесе ұрланудан қорғай алмайды.

## Сол жақтағы бөліктер



Элемент	Сипаттама	Қызмет
1	Желдеткіштер (2)	Ішкі бөліктерді салқындату үшін ауа ағынын қамтамасыз етеді.  <b>ЕСКЕРІМ:</b> Компьютер желдеткіші ішкі бөліктерді салқындату үшін және қызып кетуден қорғау үшін автоматты түрде қосылады. Жұмыс барысында желдеткіштің қосылып-өшірілуі қалыпты жағдай болып табылады.
2	Сыртқы монитор порты	Сыртқы VGA монитормы немесе проекторды қосады.
3	RJ-45 (желі) ұясы	Желілік кабелді қосады.
4	HDMI порты	Ажыратымдылығы жоғары теледидар немесе кез келген сыйымды сандық не аудио компоненті сияқты қосымша бейне немесе дыбыс құрылғыларын қосады.
5	eSATA/USB порты (тек таңдаулы үлгілерде)	eSATA сыртқы қатты дискісі сияқты өнімділігі жоғары қосымша eSATA құралын немесе USB құрылғысын жалғайды.  <b>ЕСКЕРІМ:</b> Үлгісіне қарай, компьютерде USB порты ғана болуы мүмкін.
6	USB порты	Қосымша USB құрылғысын жалғайды.
7	Аудио кіріс (микрофон) ұясы	Компьютердің қосымша гарнитура микрофонын, стереомикрофонды немесе монауралды микрофонды қосады.
8	Аудио шығыс (құлақаспап) ұясы	Қосымша ток көзіне қосылған стерео үндеткіштеріне, гарнитураларға, құлақаспаптарға немесе теледидардың аудио құрылғысына жалғанғанда дыбыс шығарады.
9	SD картасын оқу құрылғысы	Оқу құралына салынған SD карталарын оқиды.

## Түбіндегі бөліктер



Элемент	Сипаттама	Қызмет
1	Батарея ұясы	Батареяны ұстайды.
2	Желдеткіштер (6)	Ішкі бөліктерді салқындату үшін ауа ағынын қамтамасыз етеді.  <b>ЕСКЕРІМ:</b> Компьютер желдеткіші ішкі бөліктерді салқындату үшін және қызып кетуден қорғау үшін автоматты түрде қосылады. Жұмыс барысында желдеткіштің қосылып-өшірілуі қалыпты жағдай болып табылады.
3	Батареяны шығару ысырмасы	Батареяны батарея ұясынан шығарады.
4	Қатты диск ұясы	Негізгі қатты дискіні, жад модулінің ұяларын және WLAN модулін (тек таңдаулы үлгілерде) ұстап тұрады.  <b>ЕСКЕРТУ:</b> Жүйенің жауап бермеуін болдырмау үшін, сымсыз модульді тек еліңіздегі немесе аймағыңыздағы сымсыз құрылғыларды реттеуші үкіметтік агенттік компьютерде қолдануға рұқсат еткен сымсыз модульдермен алмастырыңыз. Модульді алмастырғаннан кейін ескерту хабары берілсе, компьютер мүмкіндігін қалпына келтіру үшін, модульді ажыратып, Анықтама және қолдау орталығы арқылы техникалық қолдау көрсету орталығына хабарласыңыз.


## Дисплей бөліктері



Элемент	Сипаттама	Қызмет
1	Ішкі микрофондар (2)	Дыбыс жазу.
2	Веб-камера шамы	Жанып тұрса — веб-камера қолданыста.
3	Веб-камера	Бейне мен суреттер түсіреді.

## Сымсыз антенналар (тек таңдаулы үлгілерде)

Кейбір компьютер үлгілерінде бір немесе бірнеше сымсыз құрылғылардан сигналдарды қабылдайтын кемінде екі антенна болады. Бұл антенналар компьютердің сыртынан көрінбейді.

 **ЕСКЕРІМ:** Жақсы таратылым үшін антенналардың айналасындағы аймақтарды тез арада кедергілерден тазалаңыз.

---

Сымсыз байланыс ережелері туралы ескертпелерді Анықтама және қолдау ішіндегі мемлекетіңізде қолданылатын Заңдық, қауіпсіздік және экологиялық ескертпелер тарауын қараңыз.



## Қосымша жабдық бөліктері



Элемент	Сипаттама	Қызмет
1	Қуат шнуры*	Айнымалы ток адаптерін айнымалы ток розеткасына қосады.
2	Айнымалы ток адаптері	Айнымалы ток қуатын тұрақты ток қуатына түрлендіреді.
3	Батарея*	Компьютер сыртқы қуат көзіне жалғанбаған кезде, компьютерді қуатпен қамтамасыз етеді.

\* Өртүрлі елдерде және аймақтарда батареялар мен қуат сымдарының түрі өртүрлі болады.


## Жапсырмалар

Компьютердегі жапсырмалар жүйе ақаулықтарын жою үшін немесе компьютермен шетелге сапарға шыққанда қажет болуы мүмкін.

- Техникалық сипаттама белгішесі — маңызды ақпаратты қамтиды, соның ішінде:

Техникалық сипаттама белгішесі бар жапсырма компьютердің астында орналасады.

Техникалық қызмет көрсету орталығына хабарласқанда, бұл ақпарат белгілі болу керек.



Элемент	Сипаттама	Қызмет
1	Сериялық нөмірі (с/н)	Өр өнімге тән бірегей әріптен және саннан тұратын код.
2	Өнім атауы	Атау компьютердің артқы жағына жабыстырылады.
3	Кепілдік күшінің мерзімі	Компьютерге берілетін кепілдік мерзімінің ұзақтығын (жылдармен) көрсетеді.

- Microsoft түпнұсқалық туралы куәлігі — Windows өнім кілті туралы ақпаратты қамтиды. Өнім кілті амалдық жүйені жаңарту немесе ақаулықтарын жою үшін қажет болуы мүмкін. Бұл куәлік компьютердің төменгі жағына жабыстырылады.
- Құқықтық деректер жапсырмасы компьютер туралы құқықтық ақпарат береді. Нормативтік ақпараты бар жапсырма батарея ұясында орналасады.
- Модемді мақұлдау жапсырмасы — модем туралы нормативтік ақпаратты береді және қолдану үшін бекітілген кейбір мемлекеттер мен аймақтардың мақұлдау таңбаларын көрсетеді. Бұл ақпарат шетелге сапарға шыққанда қажет болуы мүмкін. Модемнің бекітілген жапсырмасы қатты диск орнында орналасады.
- Сымсыз куәлік беру жөніндегі жапсырма(лар) (тек таңдаулы үлгілерде) — қосымша сымсыз құрылғылар туралы ақпаратты береді және құрылғылар қолдану үшін бекітілген кейбір мемлекеттер мен аймақтардың мақұлдау жөніндегі таңбаларын көрсетеді. Қосымша құрылғы сымсыз жергілікті желі (WLAN) құрылғысы немесе қосымша Bluetooth құрылғысы болуы мүмкін. Компьютерде бір немесе бірнеше сымсыз құрылғылар болса, бір немесе бірнеше куәландыру жапсырмасы бірге беріледі. Бұл ақпарат шетелге сапарға шыққанда қажет болуы мүмкін. Сымсыз куәландыру белгісі шағын карта бөлімінде орналасады.
- SIM (абонентті анықтау модулі) жапсырмасы (тек таңдаулы үлгілерде) — SIM картасының ICCID кодын (Кірістірілген байланыс картасының коды) береді. Бұл жапсырма батарея орнына жабыстырылған.
- HP мобильді кең жолақты модулінің сериялық нөмірі жапсырмасы (тек таңдаулы үлгілерде) — HP ұялы кең жолақты модулінің; сериялық нөмірін береді. Бұл жапсырма батарея орнына жабыстырылған.

## 2 Сымсыз, жергілікті желі және модем

### Сымсыз құрылғыларды қолдану

Сымсыз технология деректерді сым арқылы емес, радио толқындары арқылы тасымалдайды. Компьютер келесі сымсыз құрылғылардың біреуі немесе бірнешеуімен жабдықталған болуы мүмкін:

- Сымсыз жергілікті желі (WLAN) құрылғысы — компьютерді корпоративті кеңселердегі, үйіңіздегі және әуежай, мейрамхана, кафе, қонақ үй және университет сияқты қоғамдық орындардағы (әдетте Wi-Fi желілері деп аталатын сымсыз LAN немесе WLAN) сымсыз жергілікті желілерге қосады. WLAN желісінде әрбір мобильді сымсыз құрылғы сымсыз жол жоспарлағышымен немесе сымсыз кіру нүктесімен байланысады.
- Bluetooth құрылғысы (тек таңдаулы үлгілерде) — компьютерлер, телефондар, принтерлер, құлақспаптар, үндеткіштер және камералар сияқты Bluetooth мүмкіндігі қосылған басқа құрылғылармен байланысу үшін жеке аймақтық желіні (PAN) жасайды. PAN желісіндегі әр құрылғы басқа құрылғылармен тікелей байланысады. Бұл құрылғылар бір-біріне біршама жақын, әдетте 10 метр (шамамен 33 фут) қашықтықта болуы тиіс.

WLAN құрылғылары бар компьютерлер келесі IEEE өнеркәсіп стандарттарының біреуін немесе бірнешеуін қолдайды:

- 802.11b, ең жиі қолданылатын стандарт, секундына 11 Мбит/с шамасына дейінгі деректерді тасымалдау жылдамдығын қолданады және 2,4 ГГц жиілігінде жұмыс істейді.
- 802.11g стандарты 54 Мбит/с шамасына дейінгі деректерді тасымалдау жылдамдығын қолданады және 2,4 ГГц жиілігінде жұмыс істейді. 802.11g WLAN құрылғысы 802.11b құрылғыларымен кері үйлесімді, сондықтан бір желіде жұмыс істей береді.
- 802.11a стандарты 54 Мбит/с шамасына дейінгі деректерді тасымалдау жылдамдығын қолданады және 5 ГГц жиілігінде жұмыс істейді.

 **ЕСКЕРІМ:** 802.11a стандарты 802.11b және 802.11g стандарттарымен үйлесімді емес.

- 802.11n стандарты 450 Мбит/с шамасына дейінгі деректерді тасымалдау жылдамдығын қолданып, 2,4 немесе 5 ГГц жиілігімен жұмыс жасап, 802.11a, b және g құрылғыларымен кері үйлесімді етуі мүмкін.

Сымсыз технология жөнінде қосымша мәлімет алу үшін, Анықтама және қолдау ішіндегі ақпаратты және веб-тораптар сілтемесін қараңыз.



## Сымсыз байланысты және желі күйінің белгішелерін анықтау

Белгіше	Атауы	Сипаттама
	Сымсыз (қосылған)	Сымсыз байланыс шамының және сымсыз байланыс пернесінің компьютердегі орналасуын анықтайды. Сондай-ақ компьютердегі HP Wireless Assistant бағдарламалық құралын анықтайды және бір немесе бірнеше сымсыз құрылғылардың қосылып тұрғанын көрсетеді.
	Сымды желі (қосылған)	Бір немесе бірнеше желі драйверінің орнатылғанын және бір немесе бірнеше желі құрылғысының желіге қосылғанын көрсетеді.
	Сымды желі (өшірілген/ажыратылған)	Бір немесе бірнеше желі драйверінің орнатылғанын, бірақ ешбір желі құрылғысы орнатылмағанын (немесе барлық желі құрылғылары Windows басқару тақтасында ажыратылғанын) білдіреді.
	Желі (қосылған)	Бір немесе бірнеше желі драйверінің орнатылғанын және бір немесе бірнеше желі құрылғысының сымсыз желіге қосылғанын көрсетеді.
	Желі (ажыратылған)	Бір немесе бірнеше желі драйверінің орнатылғанын және сымсыз байланыстар бар екенін, бірақ ешбір желі құрылғысы сымсыз желіге қосылмағанын білдіреді.
	Желі (өшірілген/ажыратылған)	Бір немесе бірнеше желі драйверінің орнатылғанын, бірақ сымсыз байланыстар жоқ екенін (немесе барлық сымсыз желі құрылғыларының сымсыз байланыс пернесі немесе HP Wireless Assistant құралымен ажыратылғанын) көрсетеді.

## Сымсыз басқару элементтерін пайдалану


Сымсыз құрылғыларды компьютерде мыналардың көмегімен басқаруға болады:

- Сымсыз байланыс әрекет пернесі немесе жылдам перне (**fn+f12**)
- HP Wireless Assistant бағдарламалық құралы
- HP Connection Manager бағдарламалық құралы (тек таңдаулы үлгілерде)
- Амалдық жүйе басқару элементтері

## Сымсыз байланыс пернесін пайдалану

Үлгісіне қарай, компьютерде сымсыз байланыс пернесі, бір немесе бірнеше сымсыз құрылғы, бір немесе екі сымсыз байланыс шамы болады. Компьютердегі сымсыз құрылғылардың барлығы зауытта қосылады, сондықтан компьютерді қосқанда сымсыз байланыс шамы ақ түспен жанады.


Сымсыз байланыс шамы жеке құрылғылардың емес, сымсыз құрылғылардың жалпы қуат күйін анықтайды. Сымсыз байланыс шамы ақ болса, кем дегенде бір сымсыз құрылғы қосулы. Егер сымсыз байланыс шамы өшірулі болса, сымсыз құрылғылар өшірілген.

 **ЕСКЕРІМ:** Кейбір үлгілерде барлық сымсыз құрылғылар өшіп тұрғанда, сымсыз байланыс шамы сары түспен жанады.

Сымсыз құрылғылар зауытта қосылатындықтан, оларды бір уақытта қосу немесе өшіру үшін, сымсыз байланыс пернесін пайдаланыңыз. Жеке сымсыз құрылғылар HP Wireless Assistant бағдарламасы арқылы басқарылады.

## HP Wireless Assistant бағдарламасын қолдану

Сымсыз құрылғы HP Wireless Assistant бағдарламалық құралы көмегімен қосылады немесе ажыратылады. Сымсыз құрылғы орнату бағдарламасы көмегімен ажыратылса, сымсыз құрылғы Wireless Assistant бағдарламалық құралы арқылы қосылу немесе ажыратылу үшін, оны орнату бағдарламасы арқылы қосу қажет.

 **ЕСКЕРІМ:** Сымсыз құрылғыны қосу немесе ажырату компьютерді желіге немесе Bluetooth® арқылы қосылған құрылғыға автоматты түрде қоспайды.

Сымсыз құрылғылардың күйін көру үшін, **Показать скрытые значки** (Жасырылған белгішелерді көрсету) белгішесін, яғни хабарландыру аймағының сол жағындағы көрсеткіні басыңыз және тінтуір меңзерін сымсыз байланыс белгішесінің үстіне апарыңыз.

Сымсыз байланыс белгішесі хабарландыру аймағында көрсетілмесе мына әрекеттерді орындаңыз:

1. **Пуск** (Бастау) > **Панель управления** (Басқару тақтасы) > **Оборудование и звук** (Аппараттық құралдар және дыбыс) > **Центр мобильности Windows** (Windows мобильділікті басқару орталығы) тармақтарын таңдаңыз.
2. Windows мобильділікті басқару орталығының төменгі жолында орналасқан Wireless Assistant қатарындағы сымсыз байланыс белгішесін басыңыз. Wireless Assistant бағдарламасы пайда болады.
3. **Свойства** (Сипаттар) параметрін таңдаңыз.
4. **Значок Wireless Assistant в области уведомлений** (Хабарландыру аймағындағы Wireless Assistant белгішесі) құсбелгісін қойыңыз.
5. **Применить** (Қолдану) түймешігін басыңыз.
6. **Заккрыть** (Жабу) түймешігін басыңыз.

Толық ақпаратты Wireless Assistant бағдарламалық құралының анықтамасынан қараңыз. Анықтаманы ашу үшін:

1. Windows мобильділікті басқару орталығындағы сымсыз байланыс белгішесін басу арқылы Wireless Assistant бағдарламасын ашыңыз.
2. **Справка** (Анықтама) түймешігін басыңыз.

## Амалдық жүйе басқару элементтерін пайдалану

Кейбір амалдық жүйелер ішкі сымсыз құрылғыларды және сымсыз байланысты басқару жолын ұсынады. Мысалы, Windows қосылымды немесе желіні орнатуға, желіге қосылуға, сымсыз желілерді басқаруға және желі ақаулықтарын тексеруге және жөндеуге мүмкіндік беретін желі және ортақ қолдану орталығымен қамтамасыз етеді.

Желілер мен ортақ пайдалануды басқару орталығына кіру үшін, **Пуск** (Бастау) > **Панель управления** (Басқару тақтасы) > **Сеть и Интернет** (Желі және Интернет) > **Центр управления сетями и общим доступом** (Желілер мен ортақ пайдалануды басқару орталығы) тармақтарын таңдаңыз.

Қосымша ақпарат алу үшін, **Пуск (Бастау) > Справка и поддержка** (Анықтама және қолдау) тармақтарын таңдаңыз.

## WLAN құрылғысын қолдану

WLAN құрылғысымен сымсыз жол жоспарлағыш немесе сымсыз кіру нүктесі арқылы байланысқан басқа компьютерлерден және керек-жарақтардан тұратын сымсыз жергілікті желіге (WLAN) кіруге болады.

**ЕСКЕРІМ:** Сымсыз жол жоспарлағышы және сымсыз кіру нүктесі жиі өзара ауыстырылатын күйде қолданылады.

- Корпоративтік немесе қоғамдық WLAN желісі сияқты кең ауқымды WLAN жүйесі әдетте көптеген компьютерлерді және керек-жарақтарды байланыстырып, маңызды желілік функцияларды бөле алатын сымсыз кіру нүктелерін пайдаланады.
- Үй немесе шағын кеңселік WLAN жүйесі әдетте бірнеше сымсыз немесе сымды компьютерлерге Интернет байланысын, принтерді және файлдарды аппараттық немесе бағдарламалық құралдардың қосымша бөліктерін талап етпей, ортақ пайдалануға мүмкіндік беретін сымсыз жол жоспарлағышты пайдаланады.


Компьютерде WLAN құрылғысын қолдану үшін, WLAN инфрақұрылымына (қызмет провайдері немесе қоғамдық, не болмаса корпоративтік желі берген) қосылу қажет.

## WLAN желісін орнату

WLAN құрылғысын орнатып, Интернетке қосылу үшін, төмендегі жабдықтар қажет:

- Кең жолақты модем (DSL немесе кабельді) **(1)** және Интернет қызмет провайдерінен (ISP) сатып алынған жоғары жылдамдықты Интернет қызметі
- Сымсыз жол жоспарлағыш (бөлек сатылады) **(2)**
- Сымсыз компьютер **(3)**

Төменде берілген суретте Интернетке қосылған сымсыз желінің орнатымы мысалға келтірілген.



Желі кеңейген сайын, Интернетке кіру үшін желіге қосымша сымсыз және сымды компьютерлерді қосуға болады.

WLAN желісін орнату бойынша көмек керек болса, жол жоспарлағыштың өндірушісі немесе Интернет қызметінің провайдері (ISP) берген ақпаратты қараңыз.

## WLAN жүйесін қорғау

WLAN стандартының қауіпсіздік мүмкіндіктері шектеулі болғандықтан (негізінен өте күшті шабуыл түрлерінен гөрі, ақпараттың кездейсоқ ұсталуына кедергі жасау үшін жасалған), WLAN жүйелері кең танымал және нақты тіркелген қауіпсіздік кемшіліктеріне осал екенін түсіну керек.

Қоғамдық аймақтар немесе кофеханалар және әуежайлар сияқты адам көп жүретін аймақтардағы WLAN желілері ешқандай қауіпсіздікті қамтамасыз етпейді. Сымсыз өндірушілер мен байланыс орнының қызмет провайдерлері қоғамдық ортада қауіпсіздікті және жасырын болуды ұлғайтатын жаңа технологияларды жетілдіруде. Байланыс орнында компьютердің қауіпсіздігіне күмәнді болсаңыз, маңызды емес электрондық хаттар жіберу және Интернетті шарлау сияқты желі әрекеттерін шектеңіз.

WLAN құрылғысын орнатқан немесе бұрыннан бар WLAN желісіне кірген кезде, желіні рұқсатсыз кіруден қорғау мақсатында қауіпсіздік мүмкіндіктерін қосып отырыңыз. Жалпы қауіпсіздік деңгейлері WPA-Personal протоколы және WEP протоколы болып табылады. Сымсыз радио сигналдары желі сыртында жүретіндіктен, басқа WLAN құрылғылары қорғалмаған сигналдарды қабылдауы және желіге қосылуы (шақырусыз) немесе ол арқылы жіберілетін ақпаратты иеленуі мүмкін. WLAN желісін қорғау үшін:

- Қауіпсіздігі кірістірілген сымсыз сигнал таратқышты қолдану

Көптеген сымсыз негізгі станциялар, шлюздер, жол жоспарлағыштары сымсыз қауіпсіздік протоколдары және қалқандар сияқты кірістірілген қауіпсіздік мүмкіндіктерімен қамтамасыз етеді. Дұрыс сымсыз сигнал таратқышпен көптеген жалпы сымсыз қауіпсіздік қатерлерінен желіні қорғай аласыз.

- Қалқанның артында жұмыс істеу

Қалқан — желіге жіберілген деректерді де, деректерге арналған тапсырыстарды да тексеретін және кез келген күмәнді элементтерден бас тартатын тосқауыл болып табылады. Қалқандар бағдарламалық құралда да, жабдықта да жұмыс істейді. Кейбір желілер екі түрдің бірігуін қолданады.

- Сымсыз шифрлауды қолдану


Күрделі шифрлау протоколдарының түрлері WLAN үшін қолданылады. Желі қауіпсіздігі үшін ең тиімді шешімді табыңыз:

- WEP протоколы - WEP кілті арқылы тасымалданбас бұрын барлық желі деректерін кодтайтын және шифрлайтын сымсыз қауіпсіздік протоколдары. Желі WEP кілтін тағайындайды, бірақ оның орнына өз кілтіңізді орнатуға, басқа кілтті жасауға немесе басқа қосымша параметрлерді таңдауға болады. Кілт дұрыс болмаса, басқалар WLAN желісін қолдана алмайды.
- WPA протоколы, WEP сияқты желі арқылы таратылатын деректерді шифрлау және шифрламау үшін қауіпсіздік параметрлерін қолданады. Дегенмен, шифрлаулар үшін WEP сияқты бір статикалық қауіпсіздік кілтті қолданудың орнына, WPA әрбір бума үшін көп сырлы жаңа кілтті жасау үшін, «уақытша кілтті біріктіру протоколын» (TKIP) қолданады. Оған қоса, ол желідегі әр компьютер үшін бөлек кілттер жинағын жасайды.


## WLAN желісіне қосылу

WLAN жүйесіне қосылу үшін:

1. WLAN құрылғысының қосылуы екендігіне көз жеткізіңіз. Қосылған болса, сымсыз байланыс шамы ақ түспен жанады. Сымсыз байланыс шамы сөніп тұрса, сымсыз байланыс пернесін басыңыз.


 **ЕСКЕРІМ:** Кейбір үлгілерде барлық сымсыз құрылғылар өшірулі болғанда, сымсыз байланыс шамы сары түспен жанып тұрады.

2. Тапсырмалар тақтасының оң жақ шетіндегі хабарландыру аймағында орналасқан желі белгішесін басыңыз.
3. Тізімнен WLAN желісін таңдаңыз.
4. **Подключиться** (Қосылу) түймешігін басыңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Егер WLAN тізімі көрсетілсе, сымсыз жол жоспарлағышы ауқымының немесе кіру нүктесінің сыртындасыз.

- Желі қауіпсіз қосылған WLAN болса, ұсыныс берілгенде, желінің қауіпсіздік кілтін (қауіпсіздік коды болып табылады) енгізіп, байланыс толық орнатылу үшін **ОК** түймешігін басыңыз.
- Қажетті желі көрсетілмесе, **Открыть центр управления сетями и общим доступом** (Желілер мен ортақ кіруді басқару орталығын ашу) пәрменін, содан кейін **Настройка нового подключения или сети** (Жаңа байланысты немесе желіні орнату) тармағын таңдаңыз. Опциялар тізімі көрсетіледі. Іздеу, желіге қосылу және жаңа желі байланысын жасау опциясын таңдауға болады.

Байланыс орнатылғаннан кейін, байланыстың атын және күйін растау үшін, тінтуір меңзерін хабарландыру аймағындағы желі белгішесінің үстіне апарыңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Жұмыс ауқымы (сымсыз сигналдардың жету алыстығы) WLAN кіруіне, жол жоспарлағышын өндірушіге және басқа электрондық құрылғылардан алынған кедергілерге немесе қабырғалар және едендер сияқты құрылымды тосқауылдарға байланысты болады.

WLAN желісін қолдану туралы қосымша ақпаратты төмендегі қор көздерінен табуға болады:

- Сымсыз жол жоспарлағышы және басқа WLAN жабдығымен бірге берілген ISP және пайдаланушы нұсқаулығы
- Анықтама және қолдау ақпараты және веб-тораптардың сілтемелері

Қасыңыздағы қоғамдық WLAN жүйелерінің тізімін алу үшін, ISP провайдерімен байланысыңыз немесе вебтен іздеңіз. Қоғамдық WLAN жүйелерінің тізімін беретін веб-тораптарға Cisco Internet Mobile Office Wireless Locations, Hotspotlist және Geekttools кіреді. Баға және қосылу талаптары үшін әрбір қоғамдық WLAN орындарын тексеріңіз.

## Басқа желіге роуминг

Компьютер басқа WLAN желісінің аясына кірсе, Windows сол желіге қосылуға әрекет жасайды. Әрекет сәтті болса, компьютер автоматты түрде жаңа желіге қосылады. Windows жаңа желіні танымаса, «WLAN желісіне қосылу» бөліміндегі нұсқауларды орындаңыз.

## Bluetooth сымсыз құрылғыларын пайдалану (тек таңдаулы үлгілерде)

Bluetooth құрылғысы әдетте төмендегі электрондық құрылғыларды байланыстыратын кабель байланыстарын алмастыратын қысқа диапазонды сымсыз байланыспен қамтамасыз етеді:

- Компьютерлер (жұмыс үстелі, ноутбук, қалта компьютері)
- Телефондар (ұялы, сымсыз, смартфон)
- Сурет түсіретін құрылғылар (принтер, камера)
- Дыбыстық құрылғылар (гарнитура, үндеткіштер)

Bluetooth құрылғысы Bluetooth құрылғыларының дербес желісін орнатуға мүмкіндік беретін тең рангілі мүмкіндікті қамтамасыз етеді. Bluetooth құрылғыларының параметрлерін реттеу және оларды пайдалану туралы ақпаратты Bluetooth бағдарламалық құралының анықтамасынан қараңыз.

## Bluetooth және Интернетке қосылуды ортақ пайдалану (ICS)

HP компаниясы Bluetooth мүмкіндігі бар бір компьютерді басты компьютер ретінде орнатып, оны басқа компьютерлер Интернетке қосылатын шлюз ретінде **пайдаланбауды** ұсынады. Екі немесе одан да көп компьютер Bluetooth арқылы қосылып, компьютерлердің біреуінде Интернетке қосылуды ортақ пайдалану (ICS) мүмкіндігі қосылып тұрғанда, басқа компьютерлер Интернетке Bluetooth желісі арқылы қосыла алмауы мүмкін.

Bluetooth құрылғысының күші компьютер мен сымсыз құрылғылар, соның ішінде ұялы телефондар, принтерлер, камералар және PDA құрылғылары арасындағы ақпарат тасылмдарын қадамдастыруына байланысты. Екі немесе одан да көп компьютердің Bluetooth арқылы Интернетті ортақ пайдалану үшін үздіксіз қосылу мүмкінсіздігі Bluetooth және Windows амалдық жүйесінің шектеуі болып табылады.

## Жергілікті желіге қосылу


Жергілікті желіге (LAN) қосылу 8-істікшені, RJ-45 желілік кабелін (бөлек сатылады) талап етеді. Желі кабелінде телевизия және радио толқындарын қабылдау барысында кедергіні болдырмайтын шуды жаншу схемасы (1) болса, кабельдің (2) схемалы ұшын компьютерге қарай бағыттаңыз.



**⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!** Ток соғу, өрт шығу немесе жабдықтарды зақымдау қаупін азайту үшін, RJ-45 (желілік) ұясына телефон немесе модем кабелін жалғамаңыз.

Желілік кабельді жалғау үшін

1. Желі кабелін компьютердегі желі ұясына (1) жалғаңыз.
2. Кабельдің екінші ұшын қабырғадағы желі ұясына (2) жалғаңыз.





## 3 Меңзегіш құрылғылар және пернетақта

### Меңзегіш құрылғыларды пайдалану

#### Меңзегіш құрылғылар параметрлерін орнату


Түймешік параметрлері, басу жылдамдығы және меңзер опциялары сияқты меңзегіш құрылғыларына арналған параметрлерді бейімдеу үшін, Windows жүйесіндегі тінтуір параметрлерін қолданыңыз.

Тінтуір сипаттарын көру үшін:

1. **Пуск (Бастау) > Устройства и принтеры** (Құрылғылар және принтерлер) тармақтарын таңдаңыз.
2. Компьютеріңіз болып табылатын құрылғыны тінтуірдің оң жақ түймешігімен басыңыз.
3. **Настройки мыши** (Тінтуір параметрлері) пәрменін таңдаңыз.

#### Сенсорлы тақтаны қолдану


Төмендегі сурет пен кесте компьютердің сенсорлы тақтасын сипаттайды.



Бөлік	Сипаттама
(1) Сенсорлы тақтаны өшіру көрсеткіші	Сенсорлы тақта аймағын қосу немесе өшіру үшін, «Сенсорлы тақта өшірулі» көрсеткішін екі рет жылдам түртіңіз.  <b>ЕСКЕРІМ:</b> Сенсорлы тақта аймағы белсенді болғанда, шам жанбайды.
(2) Сенсорлы тақта аймағы	Меңзерді жылжытады және экрандағы элементтерді таңдайды немесе іске қосады.
(3) Сенсорлы тақтаның сол жақ түймесі	Сыртқы тінтуірдің сол жақ түймешігі сияқты жұмыс істейді.
(4) Сенсорлы тақтаның оң жақ түймесі	Сыртқы тінтуірдің оң жақ түймешігі сияқты жұмыс істейді.

## Сенсорлы тақтаны қосу және сөндіру

Сенсорлы тақта зауытта қосылған. Сенсорлы тақта аймағы белсенді болғанда, шам жанбайды. Сенсорлы тақтаны қосу және өшіру үшін, сенсорлы тақта шамын екі рет тез түртіңіз.




## Сенсорлы тақта іс-қимылдарын пайдалану


Сенсорлы тақта басқа сенсорлы тақтаның іс-қимылдарын қолдайды. Сенсорлы тақтаның іс-қимылдарын белсендіру үшін, сенсорлы тақтада екі бармақты төмендегі бөлімдерде сипатталғандай орналастырыңыз.

Қимылдарды қосу немесе өшіру үшін, тапсырмалар тақтасының оң жақ шетіндегі хабарландыру аймағында орналасқан **Synaptics** белгішесін басып, Отключить жесты (Қимылдарды өшіру) құсбелгісін қойыңыз немесе алып тастаңыз. Белгілі бір қимылды қосу немесе өшіру үшін, **Панель управления** (Басқару тақтасы) > **Оборудование и звук** (Аппарат және дыбыс) > **Мышь** (Тінтуір) > **Параметры устройства** (Құрылғы параметрлері) > **Параметры** (Параметрлер) тармақтарын таңдап, қосылатын немесе өшірілетін қимылдың жанына құсбелгі қойыңыз немесе алып тастаңыз.

## Жылжу

Жылжыту бетте немесе суретте жоғары немесе төмен жылжу үшін пайдаланылады. Жылжу үшін екі саусақты сенсорлы тақтаға арасын кішкене алшақ орналастырып, оларды сенсорлы тақтада жоғары, төмен, сол немесе оң жаққа жылжытыңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Жылжу жылдамдығы саусақ жылдамдығы арқылы басқарылады.




## Шымшу

Шымшу әрекеті PDF, суреттер және фотосуреттер сияқты элементтерде ірілеу не кішілеу мүмкіндігін береді.


Шымшу үшін:

- Екі саусақты сенсорлы тақтада бірге ұстау арқылы элементті үлкейтіңіз: нысанның мөлшерін үлкейту үшін, саусақтарды бір-бірінен алыстатыңыз.
- Екі саусақты сенсорлы тақтада бір-бірінен бөлек ұстау арқылы элементті кішірейтіңіз: нысанның мөлшерін кішірейту үшін, саусақтарды біріктіріңіз.



## Айналдыру

Бұру мүмкіндігі фотосуреттер мен беттер сияқты элементтерді бұруға мүмкіндік береді. Бұру үшін, бармағыңыз бен сұқ саусағыңызды сенсорлы тақта үстінде шеңбер жасап бұраңыз.



## Сенсорлы экранды пайдалану (тек таңдаулы үлгілерде)

Сенсорлы экран саусақпен экранда талғамдар жасауға немесе элементтер қосуға мүмкіндік береді.

Сенсорлы экран әдепкі мөлшерлеумен немесе басқа пайдаланушы орнатқан мөлшерлеумен жұмыс жасайды. Дегенмен, HP компаниясы сенсорлы экранды мөлшерлеуді ұсынады. Мөлшерлеу сандық түрлендіргіштің жұмысын барлық, әсіресе солақай пайдаланушылар үшін ыңғайлы етеді.

## Сенсорлы экранды мөлшерлеу

Сенсорлы экранды мөлшерлеу үшін:

1. Компьютердің жұмыс үстеліндегі мөлшерлеу белгішесін екі рет басыңыз.

– немесе –

**Пуск** (Бастау) > **Панель управления** (Басқару тақтасы) > **Tablet Properties** (Планшеттік компьютер сипаттары) тармақтарын таңдап, **Calibrate Touch** (Сенсорлы экранды мөлшерлеу) қойындысын ашыңыз.

2. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

- Саусақпен мөлшерлеу маркерлерінің әрқайсысының дәл ортасын түртіңіз. Мөлшерлеу маркерлері экранда қосу таңбасы (+) болып көрсетіледі. Осының нәтижесінде сенсорлы экран мөлшерленеді.
- Сенсорлы экранды 4 орналасуда да қолданылатындай етіп мөлшерлеңіз. Экранды басқа бағытқа бұру үшін, экранды бұру түймешігін қолданыңыз.
- Мөлшерлеу үрдісі аяқталмайынша экранның орналасуын өзгертпеңіз.

## Сенсорлы экранда әрекеттерді орындау

Түрту және сызу қимылдарын жасау үшін, пластик компьютер қаламын немесе саусақ ұшын пайдаланыңыз.


Осы бөлімдегі нұсқаулар зауытта орнатылған таңдауларға негізделген. Танылған түрту мен сызу қимылдарының параметрлерін өзгерту үшін, **Пуск** (Бастау) > **Панель управления** (Басқару тақтасы) > **Оборудование и звук** (Жабдық және дыбыс) > **Перо и сенсорный ввод** (Қалам және түрту) тармақтарын таңдаңыз.

### Түрту қимылдарын жасау

Сенсорлы экранда түрту қимылдарын жасау үшін:

- Сыртқы тінтуірдің сол жақ түймешігін басу арқылы таңдау әрекетін орындау үшін, элементті түртіңіз.
- Сыртқы тінтуірдің оң жақ түймешігін басу арқылы таңдау әрекетін орындау үшін, элементті түртіп, ұстап тұрыңыз.
- Сыртқы тінтуірдің сол жақ түймешігін екі рет басу арқылы таңдау әрекетін орындау үшін, элементті екі рет түртіңіз.

### Сызу қимылдарын жасау

 **ЕСКЕРІМ:** Кейбір бағдарламалық құралдар сызу қимылдарына жауап бермейді.


Сенсорлы экранда сызу қимылдарын жасау үшін:

- Жоғары қарай жылжу үшін, саусағыңызды экран үстімен жоғары жүргізіңіз.
- Төмен қарай жылжу үшін, саусағыңызды төмен жүргізіңіз.
- Алдыңғы бетке немесе экранға өту үшін, саусағыңызды солға қарай жүргізіңіз.
- Келесі бетке немесе экранға өту үшін, саусағыңызды оңға қарай жүргізіңіз.

### Түрту параметрлерін өзгерту немесе тексеру

Түрту параметрлерін өзгерту немесе тексеру:

1. **Пуск** (Бастау) > **Панель управления** (Басқару тақтасы) > **Оборудование и звук** (Аппараттық құрал және дыбыс) > **Перо и сенсорный ввод** (Қалам және түрту) > **Параметры пера** (Қалам опциялары) қойындысын таңдаңыз.
2. Действия пера (Қалам әрекеттері) ішінде әрекетті таңдап, **Параметры** (Параметрлер) тармағын таңдаңыз.
3. Өзгерістерді енгізіп немесе параметрлерді тексеріп көрген соң, **ОК** түймешігін басыңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Қаламның түймешігі опцияларына қолдау көрсетілмейді.

## Сызу тағайындауларын өзгерту немесе жасау

Сызу тағайындауларын өзгерту немесе жасау:

1. **Пуск** (Бастау) > **Панель управления** (Басқару тақтасы) > **Оборудование и звук** (Аппараттық құрал және дыбыс) > **Перо и сенсорный ввод** (Қалам және түрту) > **Жесты** (Сызулар) қойындысын таңдаңыз.
2. **Жесты перемещения и правка жестов** (Шарлау және сызуларды өзгерту) тармағын, одан кейін **Настройка** (Реттеу) пәрменін таңдаңыз.
3. Тағайындалған сызу параметрлерін өзгерту немесе жасау үшін, экрандағы нұсқауларды орындаңыз.
4. **ОК** түймешігін басыңыз.

## Сенсорлы экран таңдауларын орнату

Сенсорлы экран таңдауларын орнату үшін:

- Түрту, сызу және көрнекі жауапты көру үшін, **Пуск** (Бастау) > **Панель управления** (Басқару тақтасы) > **Оборудование и звук** (Жабдық және дыбыс) > **Перо и сенсорный ввод** (Қалам және түрту) тармақтарын таңдаңыз. Бұл басымдықтар сенсорлы экран мен компьютерге арналған.
- Солақай немесе оңқай пайдаланушылар үшін **Пуск** (Бастау) > **Панель управления** (Басқару тақтасы) > **Оборудование и звук** (Жабдық және дыбыс) > **Параметры планшетного ПК** (Планшеттік компьютер параметрлері) > **General** (Жалпы) қойындысын таңдаңыз. Бұл басымдықтар сенсорлы экран мен компьютерге арналған.
- Меңзегіш жылдамдығы, түрту жылдамдығы және тінтуір ізінің жылдамдығы үшін **Пуск** (Бастау) > **Панель управления** (Басқару тақтасы) > **Оборудование и звук** (Жабдық және дыбыс) > **Мышь** (Тінтуір) тармақтарын таңдаңыз. Осы таңдаулар жүйедегі кез келген меңзегіш құрылғыға қолданылады.


## Сыртқы тінтуірді жалғау

Сыртқы USB тінтуірін компьютерге ондағы USB порттарының біреуін пайдалану арқылы жалғауға болады. USB тінтуірі компьютерге қосымша жалғау құрылғысының порттары немесе қосымша кеңейту өнімі арқылы да байланысады.

## Әрекет пернелерін пайдалану

Әрекеттер түймешіктері пернетақтаның жоғарғы жағында арнайы түймешіктерге тағайындалған әрекеттерді реттейді.

Әрекет пернесін пайдалану үшін тағайындалған функцияны белсендіруге пернені басып тұрыңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Әрекет пернесі мүмкіндігі зауытта қосылған. Бұл мүмкіндікті Setup Utility құралында ажыратуға болады. Бұл мүмкіндік орнату бағдарламасында ажыратылса, тағайындалған функцияны іске қосу, үшін **fn** және әрекет пернесін басу қажет. Қосымша ақпаратты «Орнату бағдарламасы (BIOS)» тарауынан қараңыз.




Белгіше	Сипаттама
	Windows амалдық жүйесі мен компьютер туралы ақпаратты, сұрақтарға жауаптарды, оқулықтарды және компьютер үшін жаңартуларды қамтамасыз ететін Анықтама және қолдау орталығын ашады.  Сонымен қатар, анықтама және қолдау орталығы ақаулықтарды автоматты жою қызметін және қолдау көрсетуші мамандармен хабарласу сілтемелерін ұсынады.
	Бұл пернені басып ұстап тұрғанда, экран біртіндеп жарықтығын төмендетеді.
	Бұл пернені басып ұстап тұрғанда, экран біртіндеп жарықтығын көбейтеді.
	Жүйеге қосылған дисплейлердің арасында экран кескінін ауыстырып көрсетеді. Мысалы, егер монитор компьютерге қосылған болса, осы перне басылғаннан кейін экран кескіні компьютер дисплейінен монитор дисплейіне ауыстырылып, компьютер мен монитордың екеуінде көрсетіледі.  Сыртқы мониторлардың басым бөлігі компьютерден бейне ақпаратын сыртқы VGA бейне стандарты арқылы қабылдайды. <b>Экран кескінін ауыстыру</b> пернесі, сонымен қатар, компьютерден бейне ақпаратын алатын басқа құрылғылар арасында кескіндерді ауыстырады.
	Аудио ықшам дискідегі алдыңғы жолды немесе DVD немесе BD дискісіндегі алдыңғы бөлімді ойнатады.
	Ықшам дискіні, DVD немесе BD дискісін ойнатады, уақытша тоқтатады немесе жалғастырады.
	Ықшам дискінің, DVD немесе BD дискісін дыбыс немесе бейне ойнатуын тоқтатады.
	Аудио ықшам дискідегі келесі жолды, ал DVD немесе BD дискілерінде келесі бөлімді ойнатады.
	Бұл пернені басып ұстап тұрғанда, үндеткіштің дыбыс деңгейі біртіндеп төмендейді.
	Бұл пернені басып ұстап тұрғанда, үндеткіштің дыбыс деңгейі біртіндеп артады.
	Үндеткіш дыбысын өшіреді немесе қайта қосады.
	Сымсыз байланыс мүмкіндігін қосады немесе ажыратады. <b>ЕСКЕРІМ:</b> Бұл перне сымсыз қосылысты орнатпайды. Сымсыз қосылысты орнату үшін сымсыз желі де орнатылуы қажет.
	QuickLock бағдарламасын қосады.
<b>prt sc</b>	Компьютер экранының суретін түсіріп, аралық сақтағышқа көшіреді.
	Артқы жарығы бар пернетақтаны қосады немесе ажыратады.



## Жылдам пернелерді пайдалану

Жылдам пернелер — **fn** пернесі (1) мен **esc** пернесінің (2) немесе әрекет пернесінің (3) тіркесімдері.



Жүйенің аппараттық бөліктері және жүйенің BIOS нұсқасының нөмірі туралы ақпарат көрсетілу үшін, **fn+esc** пернелер тіркесімін басыңыз. Пайдаланылып жатқан қолданбаға байланысты, **fn** пернесін және әрекет пернелерінің біреуін басқан кезде, осы қолданба ішіндегі арнайы контекстілік мәзір ашылады.

Жылдам перне пәрменін пайдалану үшін:

- **fn** пернесін, содан кейін жылдам перне пәрменінің екінші пернесін басыңыз.  
– немесе –
- **fn** пернесін басып ұстап тұрып, жылдам перне пәрменінің екінші пернесін басыңыз да, екі пернені бір мезгілде жіберіңіз.

## Сенсорлы тақта мен пернетақтаны тазалау

Сенсорлы тақтаның беті кір немесе май болса, меңзер экран бетінде бір қалыпты жылжымайды. Бұған жол бермеу үшін сенсорлы тақтаны дымқыл шүберекпен сүртіңіз және компьютерді пайдаланғанда қолыңызды жиі жуып тұрыңыз.

- ⚠ **АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!** Ішкі бөлшектерінен ток соғуды болдырмай немесе ішкі бөліктеріне зақым келтірмей тазалау үшін шаңсорғышты қолданбаңыз. Шаңсорғышты қолданғанда, пернетақта бетіне тұрмыстық қалдықтар жиналып қалуы мүмкін.

Пернелердің жабысып қалуын болдырмау және пернелер арасында тұрып қалуы мүмкін шаң, талшықтар мен бөлшектерді алып тастау үшін, пернетақтаны үнемі тазалап тұрыңыз. Түтікшесі бар қысылған ауа баллоны көмегімен пернелердің жан-жағы мен астындағы қалдықтарды үрлеп шығаруға болады.



---


## 4 Мультимедиа

### Мультимедиа мүмкіндіктері

Компьютерде музыка тыңдауға, фильмдер көруге және суреттерді қарауға мүмкіндік беретін мультимедиалық мүмкіндіктер бар. Компьютерде төмендегідей мультимедиа бөліктері болуы мүмкін:


- Дыбыс және бейне дискілерін ойнатуға арналған оптикалық диск жетегі
- Музыка тыңдауға арналған кірістірілген үндеткіштер
- Жеке дыбыс файлдарын жазуға арналған ішкі микрофон
- Бейнелерді түсіріп, ортақ пайдалануға мүмкіндік беретін ішкі веб-камера
- Музыканы, киноларды және суреттерді ойнатуға және басқаруға мүмкіндік беретін алдын ала орнатылған мультимедиалық бағдарламалық құрал
- Мультимедиа тапсырмаларына тез кіруге мүмкіндік беретін мультимедиа пернелері

---

 **ЕСКЕРІМ:** Компьютерде тізімде көрсетілген бөліктердің кейбіреуі болмауы мүмкін.

---

## Мультимедиалық бөліктерді анықтау





Элемент	Сипаттама	Қызмет
1	Қос торлы сандық ішкі микрофон (2)	Дыбысты жазады.
2	Веб-камера шамы	Бейненің бағдарламалық құралы камераға кіргенде, жанады.
3	Веб-камера	Бейне мен суреттер түсіреді.
4	Дыбыс деңгейін азайту пернесі	Дыбыс деңгейін азайтады.
5	Дыбыс деңгейін көбейту пернесі	Дыбыс деңгейін көбейтеді.
6	Дыбысты өшіру пернесі	Үндеткіш дыбысын өшіреді немесе қайта қосады.
7	Үндеткіштер (2)	Дыбыс шығарады.
8	Аудио шығыс (құлақсап) ұясы	Қосымша ток көзіне қосылатын стерео үндеткіштеріне, гарнитураларға, құлақсаптарға немесе теледидардың дыбыс құрылғысына қосылғанда, дыбыс шығарады.  <b>АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!</b> Жарақаттану қаупін азайту үшін, гарнитураларды және құлақсаптарды киер алдында дыбыс деңгейін реттеңіз. Қосымша қауіпсіздік ақпаратын <i>Заңдық, қауіпсіздік және экологиялық ескертпелерден</i> қараңыз.
9	Аудио кіріс (микрофон) ұясы	<b>ЕСКЕРІМ:</b> Құрылғы гарнитура ұясына қосылған кезде, компьютер үндеткіштері ажыратылады.  Қосымша компьютердің гарнитура микрофоны, стереомикрофонды немесе моно микрофонды қосады.

## Дыбыс деңгейін реттеу

Дыбыс деңгейін реттеу пернелері арқылы компьютердің дыбыс деңгейін реттеңіз.

- Дыбыс деңгейін төмендету үшін, **дыбыс деңгейін азайту** пернесін **(1)** басыңыз.
- Дыбыс деңгейін арттыру үшін, **дыбыс деңгейін көбейту** пернесін **(2)** басыңыз.
- Дыбысты өшіру немесе қайта қосу үшін, **дыбысты өшіру** пернесін **(3)** басыңыз.




 **ЕСКЕРІМ:** Дыбыс деңгейін Windows амалдық жүйесі мен кейбір бағдарламалар арқылы басқаруға болады.

## Медиа әрекет пернелерін пайдалану

Медиа әрекет пернелерімен сыртқы оптикалық диск жетегіне (бөлек сатылады) салынған ықшам диск, DVD немесе BD дискілерінің ойнатылуы басқарылады.

- Дыбыс ықшам дискісі немесе DVD дискісі ойнап тұрмаған кезде, дискіні ойнату үшін **ойнату/тоқтата тұру** пернесін басыңыз **(2)**.
- Дыбыс ықшам дискісі немесе DVD дискісі ойнатылып тұрған кезде, мына пернелерді пайдаланыңыз:
  - Дыбыс ықшам дискісінің алдыңғы файлын немесе DVD дискісінің алдыңғы бөлімін ойнату үшін, **алдыңғы файл** пернесін **(1)** басыңыз.
  - Дискіні ойнатуды тоқтата тұру немесе жалғастыру үшін, **ойнату/тоқтата тұру** пернесін **(2)** басыңыз.
  - Дискіні тоқтату үшін, **тоқтату** пернесін **(3)** басыңыз.
  - Дыбыс ықшам дискісінің келесі файлын немесе DVD дискісінің келесі бөлімін ойнату үшін, **келесі файл** пернесін **(4)** басыңыз.




## Мультимедиа бағдарламалық құралдары

Алдын ала орнатылған мультимедиа бағдарламалық құрал музыка ойнатуға, фильмдерді және суреттерді көруге мүмкіндік береді.

### HP MediaSmart бағдарламалық құралын пайдалану

HP MediaSmart бағдарламасы компьютерді мобильді ойын-сауық орталығына айналдырады. Музыка тыңдап, DVD және BD дискілерінде фильмдер көріңіз, Интернетке кіріп, тікелей эфир телекөрсетілімін көріңіз, фотосурет альбомдарын реттеңіз және өңдеңіз.

 **ЕСКЕРІМ:** Ішкі ТД тюнерінің (тек таңдаулы үлгілерде) немесе қосымша сыртқы ТД тюнерін (бөлек сатылады) қолданып, компьютерде тікелей эфирдегі теледидар бағдарламаларын көріңіз, жазып алыңыз және тоқтатып қойыңыз.

MediaSmart мыналарды қамтиды:

- Интернет теледидары — Интернет байланысы көмегімен классикалық ескі әндерді ойнату, теледидар бағдарламалары мен арналарынан таңдау және толық экранды режимде таратылатын HP теледидар арнасын көру мүмкіндігін береді.
- Фотосурет пен бейнені жүктеу қолдауы
  - MediaSmart фотосуреттерін Snapfish сияқты Интернеттегі фотосуреттерді сақтау тораптарына жүктеңіз.
  - Үйдегі бейнелерді (мысалы, ішкі веб-камера көмегімен жасалған күлкілі бейнелерді) YouTube торабына жүктеңіз.
- Pandora Интернет радиосы (Солтүстік Америкада ғана). Тек сіз үшін таңдалған музыканың Интернеттегі таралымын тыңдаңыз.

MediaSmart бағдарламасын іске қосу үшін, компьютердің жұмыс үстеліндегі MediaSmart белгішесін екі рет басыңыз.

MediaSmart бағдарламасын пайдалану туралы қосымша ақпарат алу үшін, **Пуск (Бастау) > Справка и поддержка** (Анықтама және қолдау) тармақтарын таңдап, іздеу жолағына MediaSmart деп теріңіз.

### Алдын ала орнатылған басқа мультимедиа бағдарламалық құралдарын пайдалану

 **ЕСКЕРІМ:** Кейбір бағдарламалар ішкі қалталарда орналасуы мүмкін.

Алдын ала орнатылған басқа мультимедиа бағдарламалық құралдарын табу үшін:


1. **Пуск (Бастау) > Все программы** (Барлық бағдарламалар) тармақтарын таңдаңыз.
2. Пайдаланылатын мультимедиа бағдарламасын ашыңыз. Мысалы, дыбыс ықшам дискісін ойнату үшін Windows медиа ойнатқышын пайдалану қажет болса, **Проигрыватель Windows Media** (Windows медиа ойнатқышы) тармағын таңдаңыз.

## Мультимедиа бағдарламалық құралын дискіден орнату

Кез келген мультимедиа бағдарламалық құралын ықшам дискіден немесе DVD дискісінен орнату үшін:

1. Дискіні оптикалық жинақтағыш диск жетегіне салыңыз.
2. Орнату шебері ашылғанда, экрандағы нұсқауларды орындаңыз.
3. Сұралған жағдайда, компьютерді қайта іске қосыңыз.

---

 **ЕСКЕРІМ:** Компьютермен берілген бағдарламалық құралды пайдалану туралы ақпарат алу үшін, бағдарламалық құрал өндірушісінің нұсқауларын қараңыз. Бұл нұсқаулар бағдарламалық құралмен бірге дискіде немесе өндірушінің веб-торабында берілуі мүмкін.

---



## Аудио

Компьютерде бірқатар дыбыс мүмкіндіктері бар. Оның көмегімен мынадай әрекетерді орындауға болады:

- Компьютер үндеткіштері және/немесе қосылған сыртқы үндеткіштер арқылы музыка ойнату;
- Ішкі микрофон немесе жалғанған сыртқы микрофон арқылы дыбысты жазу;
- Интернеттен музыканы жүктеу.
- Мультимедиа көрсетілімдерін аудио және кескіндерді пайдалану арқылы жасау.
- Шұғыл хабарлама жіберу бағдарламасы арқылы дыбыс және кескіндерді беру.
- Ағындық радио бағдарламалары (тек таңдаулы үлгілер) немесе FM радио сигналдарын қабылдау;
- Дыбыс ықшам дискілерін жазу.

## Сыртқы аудио құрылғыларын қосу

△ **АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!** Жарақаттану қаупін азайту үшін, гарнитураларды және құлақаспаптарды киер алдында дыбыс деңгейін реттеңіз. Қосымша қауіпсіздік ақпаратын *Заңдық, қауіпсіздік және экологиялық ескертпелерден* қараңыз.

Сыртқы үндеткіштер, құлақаспаптар немесе микрофон сияқты сыртқы құрылғыларды қосу үшін, құрылғымен бірге берілген ақпаратты қараңыз. Ең жақсы нәтижелерді алу үшін:

- Құрылғы кабелі қауіпсіз түрде компьютердегі қажетті ұяға жалғанғанын тексеріңіз. Әдетте кабель қосқыштарында тиісті ұяларға сәйкес келетін түсті кодтары болады.
- Сыртқы құрылғы үшін керекті драйверлер орнатылғанын тексеріңіз.

📖 **ЕСКЕРІМ:** Драйвер - құрылғы қолданатын бағдарламалар мен құрылғы арасындағы аудармашы сияқты қажетті бағдарлама.

## Аудио функцияларын тексеру

Компьютердегі жүйе дыбысын тексеру үшін:

1. **Пуск** (Бастау) > **Панель управления** (Басқару тақтасы) тармақтарын таңдаңыз.
2. **Оборудование и звук** (Аппарат және дыбыс) параметрін таңдаңыз.
3. **Звук** (Дыбыс) пәрменін таңдаңыз.
4. Дыбыс терезесі ашылғанда, **Звуки** (Дыбыстар) қойындысын басыңыз.
5. **Программные события** (Бағдарлама оқиғалары) параметрі ішінен дыбыс белгісі немесе дабыл сигналы сияқты дыбыс оқиғасын таңдаңыз.
6. **Test** (Тексеру) түймешігін басыңыз. Дыбысты үндеткіштер немесе қосылған құлақаспаптар арқылы естуіңіз қажет.

Жазу функцияларын тексеру үшін:

1. **Пуск** (Бастау) > **Все программы** (Барлық бағдарламалар) > **Стандартные** (Керек-жарақтар) > **Устройство звукозаписи** (Дыбысты жазу құрылғысы) тармақтарын таңдаңыз.
2. **Начинать запись** (Жазуды бастау) түймешігін басып, микрофонға сөйлеңіз. Жазу кезінде жақсы нәтиже алу үшін, микрофонға тікелей сөйлеп, артқы шу жоқ параметрде дыбысты жазыңыз.
3. Файлды жұмыс үстеліне сақтаңыз.
4. Windows медиа ойнатқышын немесе MediaSmart бағдарламасын ашып, дыбысты ойнатып көріңіз.

Компьютерде дыбыс параметрлерін өзгерту немесе растау үшін, **Пуск** (Бастау) > **Панель управления** (Басқару тақтасы) > **Оборудование и звук** (Аппарат және дыбыс) > **Звук** (Дыбыс) тармақтарын таңдаңыз.

## Бейне

Компьютерде бірқатар бейне мүмкіндіктері бар. Оның көмегімен мынадай әрекеттерді орындауға болады:


- Фильмдер көру;
- Интернет арқылы ойындар ойнау;
- Көрсетілімдер жасау үшін суреттер мен бейнелерді өңдеу;
- Сыртқы бейне құрылғыларын жалғау;
- Теледидар көру, соның ішінде жоғары ажыратымдылықты теледидарды көру (тек таңдаулы үлгілерде);

## Сыртқы мониторды немесе проекторды жалғау


Сыртқы монитор порты сыртқы монитор немесе проектор сияқты сыртқы дисплей құрылғысын компьютерге жалғайды.

Дисплей құрылғысын жалғау үшін, құрылғы кабелін сыртқы монитор портына жалғаңыз.

---

 **ЕСКЕРІМ:** Дұрыс жалғанған сыртқы дисплей кескінді көрсетпесе, оны құрылғыға жіберу үшін, [Экран кескінін ауыстыру](#) пернесін басыңыз. [Экран кескінін ауыстыру](#) пернесін баса берсе, экран кескіні компьютер дисплейі мен құрылғы арасында ауысып отырады.


---



## HDMI құрылғысын жалғау


Компьютерде HDMI (High Definition Multimedia Interface — айқындығы жоғары мультимедиалық интерфейс) порты бар. HDMI порты компьютерді айқындығы жоғары теледидар сияқты қосымша бейне немесе дыбыс құрылғысына, не болмаса кез келген үйлесімді сандық немесе дыбыс құралына жалғайды.

Компьютер бір мезгілде HDMI портына жалғанған бір HDMI құрылғысына және компьютер дисплейінің немесе қолдауы бар басқа сыртқы дисплейінің кескініне қолдау көрсетеді.

 **ЕСКЕРІМ:** Бейне сигналдарын HDMI порты арқылы жіберу үшін, электроника дүкендерінде сатылатын HDMI кабелі (бөлек сатылады) керек болады.

Бейне немесе дыбыс құрылғысын HDMI портына жалғау үшін:

1. HDMI кабелінің бір ұшын компьютердегі HDMI портына жалғаңыз.



2. Өндіруші нұсқауларына сәйкес, кабельдің екінші ұшын бейне құрылғысына жалғаңыз.
3. Суретті компьютерге жалғанған дисплей құрылғылары арасында ауыстыру үшін, компьютердегі [Экран кескінін ауыстыру](#) пернесін басыңыз.

## HDMI үшін дыбыс мүмкіндігін реттеу (тек таңдаулы үлгілерде)

HDMI дыбыс құрылғысының параметрлерін реттеу үшін:

1. Айқындылығы жоғары теледидар сияқты дыбыс немесе бейне құрылғысын HDMI портына жалғайды.
2. Әдепкі дыбысты ойнату құрылғысының параметрлерін реттеңіз:
  - a. Тапсырмалар тақтасының оң жағындағы хабарландыру аймағында орналасқан **Динамики** (Үндеткіштер) белгішесін тінтуірдің оң жақ түймешігімен басыңыз.
  - b. **Устройства воспроизведения** (Ойнату құрылғылары) параметрін таңдаңыз.
  - c. Воспроизведение (Ойнату) қойындысындағы **Цифровой выход** (Сандық шығыс) немесе **Цифровое устройство вывода (HDMI)** (Сандық шығыс құрылғысы (HDMI)) параметрін таңдаңыз.

- d. **По умолчанию** (Әдепкі бойынша) параметрін басыңыз.
- e. **ОК** түймешігін басыңыз.

Дыбысты компьютер үндеткіштеріне қайтару үшін:

1. Тапсырмалар тақтасының оң жағындағы хабарландыру аймағында орналасқан **Динамики** (Үндеткіштер) белгішесін тінтуірдің оң жақ түймешігімен басыңыз.
2. **Устройства воспроизведения** (Ойнату құрылғылары) параметрін таңдаңыз.
3. Воспроизведение (Ойнату) қойындысындағы **Динамики** (Үндеткіштер) параметрін таңдаңыз.
4. **По умолчанию** (Әдепкі бойынша) параметрін басыңыз.
5. **ОК** түймешігін басыңыз.

## Веб-камера

Ішкі веб-камера компьютер дисплейінің үстіңгі жағында орналасқан. Веб-камера — бейнені түсіріп, ортақ пайдалануға мүмкіндік беретін кіріс құрылғысы.

Веб-камераны пайдалану үшін

1. Жұмыс үстеліндегі **HP MediaSmart** белгішесін басыңыз.
2. MediaSmart бағдарламасындағы SmartMenu мәзірінен Бейне белгішесін басыңыз.
3. **Веб-камера** параметрін таңдаңыз.

HP MediaSmart бағдарламалық құралын пайдалану туралы қосымша ақпарат алу үшін, **Пуск** (Бастау) > **Справка и поддержка** (Анықтама және қолдау) тармақтарын таңдап, іздеу жолағына MediaSmart деп жазыңыз.

Веб-камера жақсы жұмыс жасауы үшін:

- Егер мультимедиа файлдарын қарау немесе оны басқа жергілікті желідегі немесе желіаралық қалқаннан тыс пайдаланушыға жіберу кезінде ақау пайда болса, желіаралық орындалатын тапсырмаларды жүзеге асырып, қалқанды өшіріңіз. Ақаулықты толығымен жою үшін, желіаралық қалқанды қажетінше қайтадан реттеп, басқа рұқсатсыз кіруді анықтау жүйелерінің ережелерін және параметрлерін орнатыңыз.
- Мүмкіндігінше жарқын жарық көздерін камера артына және сурет аймағынан тыс жерге орналастырыңыз.

## 5 Қуатты басқару

### Қуат параметрлерін орнату

#### Қуатты үнемдеу күйлерін пайдалану

Компьютерде зауытта қосылған қуатты үнемдеудің екі күйі бар: ұйқы күйі және күту күйі.

Күту режимі қосылғанда, қуат шамы жыпылықтап, экран тазарады. Жұмыс жадқа сақталып, Өрекетсіздік режиміне қарағанда Күту режимінен жылдамырақ шығуға мүмкіндік береді. Компьютер ұзақ мерзім үшін ұйқы күйінде болғанда немесе ұйқы күйі кезінде батарея өте төмен деңгейге жеткенде, компьютер күту күйіне қосылады.

Күту күйі қосылғанда, жұмыс қатты дискідегі күту файлына сақталады және компьютер өшіріледі.

△ **ЕСКЕРТУ:** Аудио және видео файлдарын ойнатудың мүмкін нашарлауын, аудио немесе видео ойнату жұмысының жоғалуын немесе ақпараттың жоғалуын болдырмау үшін, дискіден не сыртқы медиа картасынан оқу немесе оған жазу кезінде ұйқы немесе күту күйін қоспаңыз.

📖 **ЕСКЕРІМ:** Компьютер ұйқы күйінде немесе күту күйінде болғанда, желіге қосылудың кез келген түрін қосуды немесе компьютердің кез келген функцияларын орындай алмайсыз.

#### Ұйқы күйін қосу және одан шығу

Батареяның қуаты іске қосылғанда, жүйе зауытта белсенді болмаудың 15-ші минутында және сыртқы қуатпен іске қосылғанда, белсенді болмаудың 30-шы минутында ұйқы күйіне қосылуға орнатылған.

Қуат параметрлері мен үзілістерін Windows жүйесінің Панель управления (Басқару тақтасындағы) Параметры электропитания (Қуат параметрлері) параметрін қолдану арқылы өзгертуге болады.

Компьютер қосылып тұрғанда, Күту режиміне өту үшін:


- Қуат түймешігін басыңыз.
- Дисплейді жабыңыз.
- **Пуск** (Бастау) түймешігін басып, **Завершение работы** (Жұмысты аяқтау) түймешігінің жанындағы көрсеткіні, одан кейін **Спящий режим** (Күту режимі) түймешігін басыңыз.

Күту режимінен шығу үшін:

- Қуат түймешігін басыңыз.
- Сөніп тұрса, дисплейді қосыңыз.

- Пернетақтадағы кез келген пернені немесе қашықтан басқару құралындағы кез келген түймені басыңыз (тек таңдаулы үлгілерде).
- Сенсорлы тақтаны іске қосыңыз.

Компьютер Күту режимінен шыққанда, қуат шамы жанады және Күту режиміне өту алдында тұрған экран қайтарылады.

 **ЕСКЕРІМ:** Күту режимінен шыққанда, құпия сөз сұралса, Windows құпия сөзін теріңіз.


## Күту күйін қосу және одан шығу

Компьютер батарея қуатын да, сыртқы қуат көзін де қолданып, 1,080 минут (18 сағат) әрекет етпегеннен кейін немесе батарея зарядының деңгейі өте төмен болғанда, Әрекетсіздік режимі қосылады.

Қуат параметрлері мен үзілістерін Windows жүйесінің Панель управления (Басқару тақтасы) бөліміндегі Параметры электропитания (Қуат параметрлері) параметрін қолдану арқылы өзгертуге болады.

Әрекетсіздік режиміне өту үшін, **Пуск** (Бастау) түймешігін басып, **Завершение работы** (Жұмысты аяқтау) түймешігінің жанындағы көрсеткіні, одан кейін **Гибернация** (Әрекетсіздік режимі) түймешігін басыңыз.

Әрекетсіздік режимінен шығу үшін, қуат түймешігін басыңыз. Қуат шамдары жанып, Әрекетсіздік режиміне өту алдында тұрған экран қайтарылады.

 **ЕСКЕРІМ:** Әрекетсіздік режимінен шыққанда, құпия сөз сұралса, Windows құпия сөзін теріңіз.

## Батарея көрсеткішін қолдану

Батарея көрсеткіші хабарландыру аймағындағы тапсырмалар тақтасының оң жақ шетінде орналасқан. Батарея көрсеткіші қуат параметрлерін жылдам ашуға, батарея зарядының қалған деңгейін көруге және басқа қуат жоспарын таңдауға мүмкіндік береді.

- Батарея зарядының қалған деңгейін және ағымдағы қуат жоспарын көру үшін, меңзерді батарея көрсеткіші белгішесінің үстіне апарыңыз.
- Қуат параметрлерін ашу немесе қуат жоспарын өзгерту үшін, батарея көрсеткіші белгішесін басып, тізімнен бір тармақты таңдаңыз.

Әртүрлі батарея көрсеткішінің белгішелері компьютердің батарея қуатымен немесе сыртқы қуатпен жұмыс атқарып тұрғанын көрсетеді. Батарея төмен деңгейіне, өте төмен деңгейіне немесе қосымша батарея деңгейіне жеткенде, белгіше үстінде хабарлама көрсетіледі.

Батарея көрсеткішінің белгішесін жасыру немесе көрсету үшін:

1. **Отображать скрытые значки** (Жасырын белгішелерді көрсету) белгішесін (хабарландыру аймағының сол жағындағы көрсеткі) тінтуірдің оң жақ түймешігімен басыңыз.
2. **Настройка значков уведомления** (Хабарландыру белгішелерін реттеу) пәрменін таңдаңыз.
3. Қуат белгішесін көрсету үшін, **Поведение** (Тәртібі) бағанының ішіндегі **Отображать значки и уведомления** (Белгішелерді және ескертулерді көрсету) тармағын таңдаңыз.
4. **ОК** түймешігін басыңыз.

## Қуат жоспарын пайдалану

Қуат жоспары компьютердің қуатты пайдалану жолын басқаратын жүйелік параметрлердің жинағы. Қуат жоспарлары қуатты үнемдеуге немесе өнімділікті арттыруға көмектеседі.

Қуат жоспарының параметрлерін өзгертуге немесе жеке қуат жоспарын жасауға болады.

## Ағымдағы қуат жоспарын қарап шығу

Ағымдағы қуат жоспарын қарап шығу үшін:

- Тапсырмалар тақтасының оң жақ шетіндегі хабарландыру аймағында орналасқан батарея көрсеткіші белгішесін басыңыз.  
– немесе –
- **Пуск (Бастау) > Панель управления (Басқару тақтасы) > Система и безопасность (Жүйе және қауіпсіздік) > Параметры электропитания (Қуат параметрлері)** тармақтарын таңдаңыз.

## Басқа қуат жоспарын таңдау

Басқа қуат жоспарын таңдау үшін:

- Хабарландыру аймағында орналасқан батарея көрсеткіші белгішесін басып, тізімнен қуат жоспарын таңдаңыз.  
– немесе –
- **Пуск (Бастау) > Панель управления (Басқару тақтасы) > Система и безопасность (Жүйе және қауіпсіздік) > Options (Параметрлер)** тармақтарын, содан кейін шыққан тізімнен қуат жоспарын таңдаңыз.

## Қуат жоспарларын өзгерту

Қуат жоспарын өзгерту үшін:

1. Тапсырмалар тақтасының оң жақ шетіндегі хабарландыру аймағын орналасқанда батарея көрсеткішінің белгішесін басып, **Дополнительные параметры электропитания (Қосымша қуат параметрлері)** параметрін таңдаңыз.  
– немесе –  
**Пуск (Бастау) > Панель управления (Басқару тақтасы) > Система и безопасность (Жүйе және қауіпсіздік) > Параметры электропитания (Қуат параметрлері)** тармақтарын таңдаңыз.
2. Қуат жоспарын таңдаңыз, одан кейін **Изменить параметры схемы электропитания (Жоспар параметрлерін өзгерту)** түймешігін басыңыз.
3. Қажетінше параметрлерді өзгертіңіз.
4. Қосымша параметрлерді өзгерту үшін, **Изменить дополнительные параметры питания (Қосымша қуат параметрлерін өзгерту)** тармағын таңдаңыз да, өзгертулерді енгізіңіз.



## Күту/Әрекетсіздік режимінен шыққанда сұралатын құпия сөз қорғанысын орнату

Компьютер Күту немесе Әрекетсіздік режимінен шыққанда компьютерде құпия сөз сұралу үшін:

1. **Пуск** (Бастау) > **Панель управления** (Басқару тақтасы) > **Система и безопасность** (Жүйе және қауіпсіздік) > **Параметры электропитания** (Қуат параметрлері) тармақтарын таңдаңыз.
2. Сол жақ бөлікте **Запрашивать пароль при пробуждении** (Оянғанда құпия сөз сұрау) тармағын таңдаңыз.
3. **Изменение параметров, недоступных в данный момент** (Қазіргі уақытта қол жетімді емес параметрлерді өзгерту) параметрін таңдаңыз.
4. **Запрашивать пароль** (рекомендуется) (Құпия сөз сұрау (ұсынылады)) параметрін таңдаңыз.
5. **Сохранить изменения** (Өзгертулерді сақтау) түймешігін басыңыз.

## Сыртқы айнымалы ток қуаты көзін пайдалану

⚠ **АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!** Ықтимал қауіпсіздік мәселелерін азайту үшін, компьютермен бірге жабдықталған айнымалы ток адаптерін, HP компаниясы ұсынатын ауыстыру айнымалы ток адаптерін немесе HP компаниясынан сатып алынған үйлесімді айнымалы ток адаптерін пайдаланыңыз.

**АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!** Ұшақ бортында болғанда, компьютер батареясын зарядтамаңыз.

Сыртқы айнымалы ток қуатын мыналар қамтамасыз етеді:

- Мақұлданған айнымалы ток адаптері;
- Қосымша қондыру құрылғысы немесе кеңейту өнімі.

Компьютерді сыртқы айнымалы ток қуатына жалғаңыз:

- Батареяны зарядтағанда немесе мөлшерлегенде;
- Жүйенің бағдарламалық құралын орнатқанда немесе өзгерткенде;
- Ықшам дискіге немесе DVD дискісіне ақпарат жазғанда;

Сыртқы айнымалы ток қуатына қосқанда:

- Батарея зарядталуды бастайды.
- Егер компьютер қосулы болса, хабарландыру аймағындағы Индикатор батареи (Батарея санауышы) белгішесінің көрінісі өзгереді.

сыртқы айнымалы ток қуатынан ажыратқанда:

- Компьютер батарея қуатын қосады.
- Дисплей жарықтығы батареяның қызмет ету мерзімін сақтау үшін, автоматты түрде төмендетіледі. Дисплей жарықтығын арттыру үшін, [экранның жарықтығын көбейту](#) пернесін басыңыз немесе айнымалы ток адаптерін қайта жалғаңыз.

## Айнымалы ток адаптерін қосу

⚠ **АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!** Электр тогына түсу немесе жабдыққа зиян келтіру қаупін азайту үшін:


Қуат сымын барлық кезде оңай қол жететін айнымалы ток розеткасына қосыңыз.

Қуат сымын розеткадан суырып, компьютерді ажыратыңыз (қуат сымын компьютерден суырып алмаңыз).

Егер қуат сымының қосқышы үш істікшелі болса, сымды жерге қосылған үш істікшелі розеткаға жалғаңыз. Қуат сымының жерге қосу істікшесін, мысалы, 2 істікшелі адаптер қосу арқылы ажыратпаңыз. Жерге қосу істікшесі қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз етуде маңызды болып табылады.

Компьютерді сыртқы айнымалы ток қуатына жалғау үшін:


1. Айнымалы ток адаптерін компьютердегі қуат қосқышына жалғаңыз.
2. Қуат сымын айнымалы ток адаптеріне жалғаңыз.
3. Қуат сымының екінші ұшын айнымалы ток розеткасына қосыңыз.




## Батарейя қуатын пайдалану

Зарядталған батарея компьютерде болып, компьютер сыртқы қуат көзіне жалғанбаған кезде, ол батарея қуатымен жұмыс істейді. Сыртқы айнымалы ток қуатына қосылған болса, компьютер айнымалы ток қуатымен жұмыс істейді.

Компьютерде зарядталған батарея болса және айнымалы ток адаптері арқылы берілген сыртқы айнымалы ток қуаты іске қосылса, компьютерден айнымалы ток адаптері ажыратылғанда, компьютер батарея қуатын қосады.

 **ЕСКЕРІМ:** Айнымалы ток қуатын ажыратқанда, батареяның қызмет ету мерзімін сақтау үшін, дисплей жарықтығы төмендейді. Дисплей жарықтығын арттыру үшін, [экранның жарықтығын көбейту](#) пернесін басыңыз немесе айнымалы ток адаптерін қайта жалғаңыз.

Жұмыс істеу әдісіне байланысты, батареяны компьютерде немесе қоймада сақтауға болады. Компьютер айнымалы ток қуатына қосылған болса, батареяны компьютерде сақтау батареяны зарядтайды және қуат берілмей қалған жағдайда жұмысты сақтайды. Дегенмен, компьютер өшірілгенде және сыртқы қуаттан ажыратылғанда, батарея баяу отырады.

 **АБАЙ БОЛЫҢИЗ!** Ықтимал қауіпсіздік мәселелері болмау үшін, тек компьютермен бірге берілген батареяны, HP қамтамасыз ететін ауыстыру батареясын немесе HP компаниясынан сатып алынған батареяны пайдаланыңыз.

## Батарейя ақпаратын анықтама және қолдау орталығынан табу


Анықтама және қолдау орталығында мына құралдар және батарея туралы ақпарат бар:

- Батарейя жұмысын тексеруге арналған батареяны тексеру құралы
- Батарейяның қызмет ету мерзімін ұлғайтуға арналған тексеру, қуатты басқару және дұрыс күтім мен сақтау туралы ақпарат
- Батарейяның түрлері, сипаттары, батареяның қызмет ету айналымы және сыйымдылығы туралы ақпарат

Батарейя туралы ақпаратты көру үшін, **Пуск (Бастау) > Справка и поддержка (Анықтама және қолдау) > Сведения (Ақпарат) > Ответы на часто задаваемые вопросы в схемах управления питанием (Қуат жоспарлары: жиі қойылатын сұрақтар)** тармақтарын таңдаңыз.

## Батарейяны тексеруді қолдану

Анықтама және қолдау орталығында компьютерде орнатылған батарея күйі туралы ақпарат беріледі.

 **ЕСКЕРІМ:** Батарейяны тексеру құралының дұрыс жұмыс істеуі үшін компьютер сыртқы қуат көзіне жалғануы тиіс.

Батарейяны тексеруді іске асыру үшін:

1. Айнымалы ток адаптерін компьютерге қосыңыз.
2. **Пуск (Бастау) > Справка и поддержка (Анықтама және қолдау) > Устранение неполадок (Ақаулықтарды жою) > Питание, тепловое и механическое (Қуат, жылу және механикалық)** тармақтарын таңдаңыз.
3. **Питание (Қуат)** қойындысын ашып, **Battery Check (Батарейяны тексеру)** тармағын таңдаңыз.

Батарейаны тексеру құралы батарейаның және оның ұяларының дұрыс жұмыс істейтінін тексереді және тексерудің нәтижелерін хабарлайды.

## Қалған батарея зарядын көрсету

Батарейа зарядының қалған деңгейін көру үшін, меңзерді хабарландыру аймағындағы батарея көрсеткіші белгішесінің үстіне апарыңыз.


## Батарейаны салу және шығарып алу

△ **ЕСКЕРТУ:** Жалғыз қуат көзі болып табылатын батарейаны алып тастау нәтижесінде ақпарат жоғалуы мүмкін. Ақпарат жоғалмау үшін, батарейаны шығармас бұрын Өрекетсіздік режиміне өтіңіз немесе компьютерді Windows жүйесі арқылы өшіріңіз.

Батарейаны салу үшін:


1. Компьютерді тегіс жерде төңкеріңіз.
2. Батарейаны ұясына **(1)** салып, орнына түскенше төмен қарай айналдырыңыз **(2)**.

Батарейаны шығару ысырмасы батарейаны оның орнына автоматты түрде бекітеді.



Батарейаны шығарып алу үшін:

1. Дисплейді жабыңыз.
2. Компьютерді тегіс жерде төңкеріңіз.
3. Батарейаны шығару үшін, батарейаны шығару ысырмасын **(1)** сырғытыңыз
4. Батарейаны жоғарыға тартып **(2)**, компьютерден шығарып алыңыз **(3)**.



## Батарейяны зарядтау

⚠ **АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!** Ұшақ бортында болғанда, компьютер батареясын зарядтамаңыз.

Компьютер айнымалы ток адаптері, қосымша қуат адаптері, қосымша кеңейту өнімі немесе қосымша қондыру құрылғысы арқылы сыртқы қуат көзіне жалғанып тұрғанда, батарея зарядталады.

Компьютер өшірілген болса да не қолданыста болса да батарея зарядталады, бірақ компьютер өшірілген кезде ол тез зарядталады.

Батарея жаңа болып, екі немесе одан көп апта бойына қолданылмаса немесе бөлме температурасынан жылырақ не салқынырақ болса, зарядталу ұзағырақ уақыт алуы мүмкін.

Батареяның қызмет ету мерзімін ұзарту және батарея зарядының көрсетілуі нақты болу үшін:

- Жаңа батареяны зарядтаған кезде, компьютерді қоспас бұрын оны толық зарядтаңыз.
- Зарядтау үшін, компьютерді қалыпты түрде қолданып, заряд деңгейін 5 пайызға дейін жеткізіңіз.
- Батарея бір немесе одан да көп ай бойына қолданылмаса, оны қарапайым зарядтаудың орнына батареяны тексеріңіз.

## Батареяның тауысылу уақытын ұлғайту

Батареяның отыру уақыты батарея қуатын пайдалану барысында қолданылатын мүмкіндіктерге байланысты әртүрлі болады. Ең көп тауысылу уақыты батареяның сақтық сыйымдылығы төмендейтіндіктен біртіндеп қысқарады.

Батареяның отыру уақытын созу үшін:

- Экранның жарықтығын төмендетіңіз.
- Электр қуаты параметрлеріндегі электр қуатын үнемдеу параметрін тексеріңіз.

- Компьютер қолданыста болмағанда немесе зарядталмағанда компьютерден батареяны шығарып алыңыз.
- Батареяны салқын, құрғақ жерде сақтаңыз.

## Төмен батарея деңгейлерін басқару

Осы бөлімдегі ақпарат ескертулер мен зауытта орнатылған жүйе жауаптарын сипаттайды. Кейбір батареяның төмендігі туралы ескертулер мен жүйе жауаптарын Windows жүйесінің Панель управления (Басқару тақтасындағы) Параметры электропитания (Қуат параметрлерін қолдану арқылы өзгертуге болады. Параметры электропитания (Қуат параметрлерін) қолдану басымдықтарының жиынтығы шамдарға әсер етпейді.

## Төмен батарея деңгейлерін анықтау

Батареяны зарядтауға әрекет жасалмаса, компьютер өте төмен батарея деңгейі режиміне өтеді.

Өте төмен батарея деңгейі кезінде компьютер төмендегі әрекеттерді орындайды:

- Күту күйі қосылған кезде және компьютер қосулы немесе ұйқы күйінде болғанда, компьютерде күту күйі қосылады.
- Күту күйі ажыратылған кезде және компьютер қосулы немесе ұйқы күйінде болғанда, компьютер қысқа ұйқы күйіне өтеді және одан кейін өшіріліп, барлық сақталмаған ақпарат жоғалады.

## Төмен батарея деңгейін шешу

△ **ЕСКЕРТУ:** Ақпарат жоғалмау үшін, компьютер өте төмен батарея деңгейіне жетіп, Әрекетсіздік режимі қосылғанда, қуат шамы сөнгенше, қуат көзін жалғамаңыз.

## Сыртқы қуат қолданылғанда төмен батарея деңгейін шешу

Төмен батарея деңгейі жағдайында сыртқы қуат бар болса, мына құрылғыларды жалғаңыз:

- Айнымалы ток адаптері
- Қосымша кеңейту өнімі немесе қондыру құрылғысы
- Қосымша қуат адаптері

## Зарядталған батарея бар болғанда төмен батарея деңгейін шешу

Төмен батарея деңгейі жағдайында зарядталған батарея бар болса:

1. Компьютердің жұмысын аяқтаңыз немесе Әрекетсіздік режиміне өтіңіз.
2. Заряды таусылған батареяны алып тастап, зарядталған батареяны кірістіріңіз.
3. Компьютерді қосыңыз.

## Ешқандай қуат көзі болмағанда төмен батарея деңгейін шешу

Ешқандай қуат көзі болмай, батареядағы зарядтың деңгейі төмен болса, Әрекетсіздік режиміне өтіңіз немесе жұмысты сақтап, компьютерді өшіріңіз.

## Компьютер күту күйінен шыға алмайтын кезде төмен батарея деңгейін шешу

Төмен батарея деңгейі жағдайында компьютер Өрекетсіздік режимінен шықпаса:

1. Зарядталған батареяны салыңыз немесе компьютерді сыртқы қуат көзіне жалғаңыз.
2. Өрекетсіздік режимінен шығу үшін, қуат түймесін басыңыз.

## Батареяны тексеруден өткізу

Батареяны мына жағдайларда мөлшерлеңіз:


- Көрсетілген батарея зарядының деңгейі нақты емес.
- Батареяның жұмысында аумақты өзгерістер байқалды.

Жиі қолданылатын батареяны айына бір рет қана мөлшерлеу керек. Жаңа батареяны мөлшерлемеңіз.

Батареяны мөлшерлеу үшін:

1. Батареяны толығымен зарядтаңыз.

 **АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!** Ұшақ бортында болғанда, компьютер батареясын зарядтамаңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Батарея компьютер өшіп тұрса да, қосылып тұрса да зарядтала береді, бірақ өшірілген күйінде жылдамырақ зарядталады.

Батареяны толығымен зарядтау үшін

- a. Компьютерге батареяны салыңыз.
  - b. Компьютерді айнаымалы ток адаптеріне, қосымша қуат адаптеріне, қосымша кеңейту өніміне немесе қосымша қондыру құрылғысына жалғап, содан кейін адаптерді немесе құрылғыны сыртқы қуат көзіне қосыңыз.
  - c. Батарея толық зарядталғанша, компьютерді сыртқы қуат көзінен ажыратпаңыз.
2. Өрекетсіздік және Күту режимдерін өшіріп қойыңыз. Өрекетсіздік және Күту режимдерін өшіру үшін:
    - a. Хабарландыру аймағындағы батарея көрсеткішінің белгішесін басып, **Дополнительные параметры электропитания** (Қосымша қуат параметрлері) тармағын таңдаңыз.

– немесе –

**Пуск (Бастау) > Панель управления (Басқару тақтасы) > Система и безопасность (Жүйе және қауіпсіздік) > Параметры электропитания (Қуат параметрлері)** тармақтарын таңдаңыз.
    - b. Ағымдағы қуат жоспарының астынан **Изменить параметры схемы электропитания** (Жоспар параметрлерін өзгерту) тармағын таңдаңыз.
    - c. Мөлшерлеуден кейін қалпына келтіруге болатындай етіп От батареи (Батареядан) бағанында тізімделген Отключать дисплей (Дисплейді өшіру) параметрлерін жазыңыз.
    - d. Отключать дисплей (Дисплейді өшіру) параметрлерін Никогда (Ешқашан) параметріне өзгертіңіз.



- e. **Изменить дополнительные параметры электропитания** (Қосымша қуат параметрлерін өзгерту) пәрменін таңдаңыз.
  - f. Ждущий (Ұйқы) параметрі жанындағы қосу таңбасын басып, одан кейін После перейти на спящий режим (Кейін күту күйіне өту) параметрінің жанындағы қосу таңбасын басыңыз.
  - g. Мөлшерлеуден кейін қалпына келтіруге болатындай етіп Әрекетсіздік режимі ішінен От батареи (Батареядан) параметрін жазыңыз.
  - h. От батареи (Батареядан) параметрлерін Никогда (Ешқашан) параметріне өзгертіңіз.
  - i. **ОК** түймешігін басыңыз.
  - j. **Сохранить изменения** (Өзгертулерді сақтау) түймешігін басыңыз.
3. Батареяны отырғызыңыз. Батареяны отырғызу үшін:
- a. Компьютерді сыртқы қуат көзінен ажыратыңыз, бірақ компьютерді өшірмеңіз.
  - b. Батареяның заряды тауысылғанша компьютерді батарея қуатынан іске қосыңыз.
- Батареяның заряды тауысылғанда компьютер қосулы күйде болуы қажет. Батарея компьютер қолданылғанда да, қолданылмағанда да таусылады. Бірақ қолданған кезде батарея жылдамырақ отырады.
- Заряды тауысылатын кезде компьютерді бақылаусыз қалдыруды жоспарласаңыз, заряды тауысылу үрдісі басталғанша ақпаратты сақтаңыз.
  - Компьютер кездейсоқ заряды тауысылатын үрдіс кезінде болса және қуат үнемдеу уақытының бітуі жақын болса, заряд тауысылу үрдісі кезінде жүйеден төмендегі әрекеттерді күтіңіз:
    - Монитор автоматты түрде өшпейді.
    - Қатты диск жылдамдығы компьютер қолданылмаған кезде автоматты түрде баяуламайды.
    - Жүйе күту күйіне ауыспайды.
4. Батареяны қайта зарядтаңыз. Батареяны қайта зарядтау үшін:
- a. Батареясы толығымен зарядталғанша, компьютерді сыртқы қуат көзіне жалғанған күйде қалдырыңыз.

Батареясы зарядталып жатқанда, компьютерді қолдануға болады, бірақ компьютер өшіп тұрса, батарея тезірек зарядталады.
  - b. Компьютер өшіп тұрса, батарея толық зарядталып болғанда, оны қосыңыз.
5. Әрекетсіздік және күту режимдерін қайтадан қосыңыз. Әрекетсіздік және күту режимдерін қайтадан қосу үшін:

△ **ЕСКЕРТУ:** Мөлшерлеуден кейін Өрекетсіздік режимін қосудың орындалмауы нәтижесінде толық батареяның отыруы және компьютер өте төмен батарея деңгейіне жеткенде, ақпарат жоғалуы мүмкін.

- a. Хабарландыру аймағындағы батарея көрсеткішінің белгішесін басып, **Дополнительные параметры электропитания** (Қосымша қуат параметрлері) тармағын таңдаңыз.  
– немесе –  
**Пуск** (Бастау) > **Панель управления** (Басқару тақтасы) > **Система и безопасность** (Жүйе және қауіпсіздік) > **Параметры электропитания** (Қуат параметрлері) тармақтарын таңдаңыз.
- b. Ағымдағы қуат жоспарының астынан **Изменить параметры схемы электропитания** (Жоспар параметрлерін өзгерту) тармағын таңдаңыз.
- c. От батареи (Батареядан) бағанында элементтер үшін жазылған параметрлерді қайта енгізіңіз.
- d. **Изменить дополнительные параметры электропитания** (Қосымша қуат параметрлерін өзгерту) пәрменін таңдаңыз.
- e. Ждущий (Ұйқы) параметрі жанындағы қосу таңбасын басып, одан кейін После переити на спящий режим (Кейін күту күйіне өту) параметрінің жанындағы қосу таңбасын басыңыз.
- f. От батареи (Батареядан) бағаны үшін жазылған параметрлерді қайта енгізіңіз.
- g. **ОК** түймешігін басыңыз.
- h. **Сохранить изменения** (Өзгертулерді сақтау) түймешігін басыңыз.

## Батарея қуатын үнемдеу

Батарея қуатын үнемдеу үшін:

- **Пуск** (Бастау) > **Панель управления** (Басқару тақтасы) > **Система и безопасность** (Жүйе және қауіпсіздік) > **Параметры электропитания** (Қуат параметрлері) > **Power Saver** (Қуатты үнемдегіш) тармақтарын таңдаңыз.
- Сымсыз және жергілікті желі (LAN) байланыстарын ажыратып, оларды қолданбаған кезде модем қолданбаларынан шығыңыз.
- Қолданбаған кезде, сыртқы қуат көзіне қосылмаған сыртқы құрылғыларды ажыратыңыз.
- Пайдаланылмайтын кез келген медиа карталарын тоқтатыңыз, ажыратыңыз немесе жойыңыз.
- Экран жарықтығын қажетті деңгейге келтіру үшін, **Экран жарықтығын көбейту** және **Экран жарықтығын азайту** пернелерін басыңыз.
- Жұмысты тоқтатқан кезде, ұйқы күйін немесе күту күйін қосыңыз немесе компьютерді сөндіріңіз.

## Батарейаны сақтау

△ **ЕСКЕРТУ:** Батарейаға зақым келтірмес үшін, ұзақ мерзімге ыстық температураға қалдырмаңыз.

Егер компьютер пайдаланылмаса және сыртқы қуат көзінен 2 аптадан көп уақытқа ажыратылған болса, батареяны шығарып алып, оны бөлек сақтаңыз.

Сақталған батареяның зарядын ұзарту үшін, оны салқын, құрғақ жерде сақтаңыз.

📝 **ЕСКЕРІМ:** Сақталған батареяны 6 ай сайын тексеру қажет. Егер сыйымдылығы 50 пайыздан төмен болса, қайта сақтаудан бұрын батареяны қайта зарядтаңыз.

Бір ай немесе одан да көп уақытқа сақталған болса, батареяны тексеруден өткізіңіз.

## Қолданылған батареяны тастау

△ **АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!** Өрт шығу немесе күйік алу қаупін азайту үшін, батареяны бөлшектемеңіз, бұзбаңыз және теспеңіз. Сыртқы түйіспелерді қысқа тұйықтамаңыз. Батарейаны отқа немесе суға тастамаңыз.

Қосымша ақпаратты осы компьютермен бірге берілген *Заңдық, қауіпсіздік және экологиялық ескертпелерді* қараңыз.

## Батарейаны ауыстыру


Қуатты басқару параметрлеріне, компьютерде ашылып тұрған бағдарламаларға, экранның жарықтығына, компьютерге жалғанған сыртқы құрылғыларға және басқа да себептерге байланысты компьютер батареясының қызмет ету мерзімі әр түрлі болады.

Ішкі бөлім дұрыс зарядтамаса немесе батарея сыйымдылығы азайса, батареяны тексеру құралы батареяны ауыстыру қажеттігін ескертеді. Ауыстыру батареясына тапсырыс беру туралы қосымша ақпарат жазылған HP компаниясының веб-торабына сілтейтін хабар пайда болады. Батарея HP компаниясының кепілдігімен қамтамасыз етілген жағдайда нұсқауларда кепілдік коды болады.

📝 **ЕСКЕРІМ:** HP компаниясы сақтау сыйымдылығының көрсеткіші жасыл-сары түспен жанғанда жаңа батарея сатып алуды ұсынады.


## Графикалық режимдер арасында ауысу (тек таңдаулы үлгілерде)

Компьютер ауысатын графикалармен және графиканы өңдейтін екі режиммен қамтамасыз етілген. Айнымалы токтан батарея қуатына ауысқан кезде, батареяның зарядын үнемдеу мақсатында, компьютер жоғары деңгейдегі жұмыс режимінен қуатты үнемдеу режиміне ауысуы мүмкін. Солай, батарея қуатынан айнымалы ток көзіне ауыстырған кезде, компьютер қайтадан өнімділігі жұмыс режиміне қайтады.

 **ЕСКЕРІМ:** Компьютердің өнімділігін оңтайландыру мақсатында жүйе режимдерді ауыстыруға рұқсат бермеуі немесе режимдерді ауыстыруды ұсынуы мүмкін. Ауысу алдында бағдарламалардың барлығын жабу қажет болуы мүмкін.


**ЕСКЕРІМ:** HDMI тек жоғары деңгейдегі жұмыс режимінде қолданылады. HDMI мүмкіндігін қуатты үнемдеу режимінде пайдалану мүмкін емес.


Айнымалы ток пен батарея қуаты арасында ауысқан кезде, компьютердің графикалық режимдерді ауыстырғалы жатқаны ескертіледі. Керек болса, бұрынғы графикалық режимді пайдалануды жалғастыру параметрін таңдауға болады. Компьютер режимдерді ауыстырғанда, экран бірнеше секундтай бос болады. Ауысқаннан кейін хабарландыру аймағында ескерту беріліп, экрандағы сурет қайта пайда болады.

 **ЕСКЕРІМ:** Таңдалған компьютер үлгілері ікемді режимде тұрып, графикалық режимдер ауыстырылғанда, экран бағыттары бастапқы қалпына келеді.

Қандай графикалық режим қолданылып жатқанын анықтау үшін, Windows жұмыс үстелін тінтуірдің оң жақ түймешігімен басып, **Configure Switchable Graphics** (Ауыспалы графикалық режимдердің параметрлерін реттеу) пәрменін таңдаңыз.

## Компьютердің жұмысын аяқтау

 **ЕСКЕРТУ:** Компьютер өшірілгенде, сақталмаған мәліметтер жойылады.

 **ЕСКЕРІМ:** Компьютер Күту немесе Әрекетсіздік режимінде болғанда, жұмысты аяқтамас бұрын, Күту немесе Әрекетсіздік режимінен шығу қажет.

Жұмысты аяқтау пәрмені амалдық жүйені қоса барлық ашық бағдарламаларды жауып, дисплей мен компьютерді өшіреді.

Компьютерді мына жағдайларда өшіріңіз:

- Батареяны ауыстыру немесе компьютер ішіндегі бөліктерді қолдану.
- USB портына қосылмаған сыртқы аппараттық құрылғыны қосу.
- Ұзақ мерзімге сыртқы қуаттан ажырату

Компьютерді қуат түймешігі арқылы өшіру мүмкін болса да, HP компаниясы Windows жүйесінің Shut down (Жұмысты аяқтау) пәрменін қолдануды ұсынады.

Компьютерді өшіру үшін:

1. Жұмысты сақтап, барлық ашық бағдарламаларды жабыңыз.
2. **Пуск** (Бастау) түймешігін басыңыз.
3. **Завершение работы** (Жұмысты аяқтау) пәрменін таңдаңыз.

Компьютер жауап қайтармай, ұсынылған жұмысты аяқтау процедураларын пайдалану мүмкін болмаса, мына төтенше жағдай әрекеттерін атқарып көріңіз:

1. **ctrl+alt+delete** пернелер тіркесімін басып, қуат түймешігін басыңыз.
2. Қуат түймешігін кемінде 5 секунд басып тұрыңыз.
3. Компьютерді сыртқы қуат көзінен ажыратып, батареяны шығарыңыз.

## 6 Диск жетектері

### Диск жетектерін ұстау

Дискілер компьютердің әлсіз бөліктері және оларды абайлап ұстау қажет. Диск жетектерін ұстамас бұрын келесі ескертулерді қараңыз.

△ **ЕСКЕРТУ:** Компьютерді, диск жетегін зақымдау қаупін азайту немесе ақпараттың жоғалуын болдырмау үшін, төмендегі сақтық шараларын қадағалыңыз:

Сыртқы қатты дискіге қосылған компьютерді қозғамас бұрын, ұйқы күйін қосып, экранның өшірілуіне мүмкіндік беріңіз немесе сыртқы қатты дискіні дұрыс ажыратыңыз.

Диск жетегін ұстамас бұрын диск жетегінің боялмаған метал бетін ұстау арқылы статикалық электр тогын босатыңыз.

Алынатын диск жетегіндегі немесе компьютердегі қосқыш істікшелерді ұстамаңыз.

Диск жетегін абайлап ұстаңыз. Диск жетегін түсірмеңіз немесе оған басқа заттарды қоймаңыз.

Диск жетегін шығарып алмастан немесе салмастан бұрын компьютерді өшіріңіз. Компьютердің өшірілген күйде, ұйқы күйінде немесе күту күйінде екені туралы сенімді болмасаңыз, компьютерді қосып, оны амалдық жүйе арқылы өшіріңіз.

Диск жетегін диск жетегінің ұясына салған кезде шамадан тыс күш қолданбаңыз.

Оптикалық диск жетегі дискіге ақпарат жазып жатқанда, пернетақтаны баспаңыз және компьютерді жылжытпаңыз. Жазу процесі дірілге өте сезімтал келеді.

Батарея жалғыз қуат көзі болғанда, батареяның медиа файлы жазбас бұрын жеткілікті зарядталғанын тексеріңіз.

Диск жетегін температура жоғары немесе ылғал жерде сақтамаңыз.

Диск жетегін сұйықтық бар жерде сақтамаңыз. Диск жетегіне тазарту заттарын шашпаңыз.

Диск жетегін диск жетегінің ұясынан алмас бұрын немесе онымен саяхатқа, кемемен қыдырғанда немесе диск жетегін сақтағанда, медиа құралын шығарып алыңыз.

Диск жетегін поштамен жөнелту қажет болғанда, диск жетегін мөлдір пошта бумасына немесе басқа сәйкес қорғаныс бумасына салыңыз және бумаға "FRAGILE" (Сынғыш) белгісін жапсырыңыз.

Дискінің магнитті өрістерге қойылмауын қадағалаңыз. Магнитті өрісі бар қауіпсіздік құрылғылары әуежайдағы құрылғылар мен қауіпсіздік бағандарында болады. Қолмен тасымалданатын жүкті тексеретін әуежай қауіпсіздік құрылғылары, мысалы, конвейер таспалары, магнитті өріс орнына рентген сәулелерін қолданады және дискіге зақым келтірмейді.

## Оптикалық диск жетегі

Компьютердің функцияларын кеңейтетін оптикалық жинақтағыш диск бар. Оптикалық диск жетегі дерек дискілерін оқу, музыка ойнату және фильмдер көру мүмкіндігін береді. Компьютерде Blu-ray диск жетегі бар болса, ажыратымдылығы жоғары бейне көруге болады.

### Орнатылған оптикалық жинақтағыш дискін анықтау

Оптикалық жинақтағыш дискіні анықтау үшін:

**1. Пуск (Бастау) > Компьютер** тармақтарын таңдаңыз.

Компьютерде орнатылған барлық дискілердің тізімі көрсетіледі.

**2.** Компьютерде орнатылған оптикалық жинақтағыш дискін анықтаңыз. Компьютерде орнатылған болуы мүмкін оптикалық жинақтағыш дискілер:


 **ЕСКЕРІМ:** Кейбір дискілерге компьютерде қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

- Қос қабатты қолдауы бар LightScribe DVD±RW/R және CD-RW аралас диск жетегі
- Blu-ray ROM DVD+/-RW SuperMulti DL диск жетегі
- LightScribe DVD±R/RW SuperMulti DL дискімен Blu-ray ROM диск жетегі

### Оптикалық дискілерді пайдалану

△ **ЕСКЕРТУ:** Дыбыс және бейне файлдары сапасының нашарлауын, ақпараттың жоғалуын немесе дыбыс пен бейнені ойнату мүмкіндігінің жоғалуын болдырмау үшін, ықшам не DVD дискінен оқу немесе оған жазу кезінде ұйқы немесе күту күйін қоспаңыз.


DVD-ROM диск жетегі сияқты оптикалық диск жетектері оптикалық дисктерді қолдайды (ықшам дискілер және DVD дискілері). Бұл дискілер музыка, фотосуреттер және фильмдер сияқты ақпаратты сақтайды. Оптикалық жинақтағыш диск Blu-ray диск жетегі болса, ол сондай-ақ Blu-ray дискілерін орнатады.

 **ЕСКЕРІМ:** Тізімдегі кейбір дискілерге компьютерде қолдау көрсетілмеуі мүмкін.

Оптикалық жинақтағыш диск түрі	CD-RW дискісіне жазу	DVD±RW/R дискісіне жазу	DVD+RW DL дискісіне жазу	LightScribe CD немесе DVD±RW/R дискілеріндегі жазу жапсырмасы
Қос қабатты қолдау бар SuperMulti LightScribe DVD±RW және CD-RW аралас диск жетегі	Иә	Иә	Иә	Иә
LightScribe DVD±R/RW SuperMulti DL дискімен Blu-ray ROM диск жетегі	Иә	Иә	Иә	Иә
Blu-ray ROM DVD+/-RW SuperMulti DL диск жетегі	Иә	Иә	Иә	Жоқ

## Дұрыс дискіні таңдау (CD, DVD және BD дискілері)

Сандық деректерді сақтауға арналған ықшам дискілер коммерциялық аудио жазбалары үшін де қолданылады және жеке сақтау қажеттіліктері үшін қолайлы болып келеді. DVD және BD дискілері негізінен фильмдерді, бағдарламалық құралдарды және деректердің сақтық көшірмелерін жазу үшін қолданылады. DVD және BD дискілерінің ықшам дискілерімен пішіні бірдей болғанымен, олардың жад сыйымдылығы жоғары.

 **ЕСКЕРІМ:** Оптикалық диск жетегі оптикалық дискілердің кейбір түрлерін қолдамауы мүмкін.

### CD-R дискілері

CD-R (бір рет жазылатын) дискілері деректердің тұрақты көшірмесін жасау үшін жиі қолданылады. Оларды қажетінше ортақ пайдалануға болады. Әдетте мына мақсаттарда қолданылады:

- Үлкен көрсетілімдерді тарату
- Сканерленген және сандық фотосуреттерді, бейнеклиптерді және жазылған деректерді ортақ пайдалану
- Жеке музыка ықшам дискін жасау
- Компьютер файлдары мен сканерленген үй жазбаларының тұрақты мұрағатын сақтау
- Қатты дискіде орын босату үшін, ондағы файлдарды басқа жерге жүктеу

### CD-RW дискілері

CD-RW дискілерін (ықшам дискінің қайта жазылатын түрі) жиі жаңартылатын үлкен жобаларды сақтау үшін пайдаланыңыз. Әдетте мына мақсаттарда қолданылады:

- Үлкен құжаттарды және жоба файлдарын дамыту және жақсы күйде сақтау
- Жұмыс файлдарын тасымалдау
- Қатты диск файлдарының апта сайын сақтық көшірмесін жасау
- Фотосуреттерді, бейне және дыбыс файлдарын, деректерді үздіксіз жаңартып отыру

### DVD±R дискілері

DVD±R дискілерін ақпараттың үлкен көлемін тұрақты сақтауға қолданыңыз. Деректер жазылғаннан кейін оны жоюға немесе үстінен жазуға болады.

### DVD±RW дискілері

DVD±RW дискілерін бұрын сақталған деректі жою немесе оның үстінен қайта жазу үшін пайдаланыңыз. Дискінің бұл түрі дыбыс және бейне жазбаларын өзгертілмейтін ықшам немесе DVD дискілеріне жазбас бұрын тексеру үшін пайдалы.


### LightScribe DVD+R дискілері

LightScribe DVD+R дискілерін деректерді, үй бейнелерін, фотосуреттерді ортақ пайдалану және сақтау үшін пайдаланыңыз. Бұл дискілер көптеген DVD-ROM диск жетектерімен және DVD бейне ойнату құрылғыларымен оқуға үйлесімді. LightScribe мүмкіндігі бар диск жетегі және



LightScribe бағдарламалық құралы көмегімен деректі дискіге жазып, дискінің сыртына құрастырушы жапсырмасын жабыстырыңыз.

## Blu-ray дискілері (BD)

 **ЕСКЕРІМ:** Blu-ray — жаңа технология қолданылған жаңа пішім түрі. Кейде диск, сандық байланыс, үйлесімділік және/немесе жұмыс ақаулары пайда болуы мүмкін. Ол өнімнің ақаулы екенін білдірмейді. Барлық жүйелерде мінсіз ойнатылатынына кепілдік берілмейді.

BD — сандық ақпаратты, соның ішінде жоғары ажыратымдылықты бейнелерді сақтауға арналған сыйымдылығы үлкен оптикалық диск пішімі. Бір қабатты Blu-ray дискісі бір қабатты DVD дискісінің 4,7 Гбайт сақтау өлшемінен бес есе артық 25 Гбайт ақпаратты сақтай алады. Қос қабатты Blu-ray дискісіне 50 Гбайт сақтауға болады, яғни 8,5 Гбайттық қос қабатты DVD дискісіне қарағанда алты есе артық.


Әдетте мына мақсаттарда қолданылады:

- Деректің үлкен мөлшерін сақтау
- Жоғары ажыратымдылықты бейнені ойнату және сақтау
- Бейне ойындары


## Ықшам, DVD немесе BD дискісін ойнату

Оптикалық дискіні ойнату үшін:


1. Компьютерді қосыңыз.
2. Диск науасын шығару үшін, диск қақпағындағы **(1)** босату түймешігін басыңыз.
3. Науаны сыртқа қарай тартыңыз **(2)**.
4. Тегіс беттерін тиіспей, дискіні жиектерінен ұстап, жапсырмасы жоғары қараған күйде науа шпинделіне орнатыңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Науа толық жабылмай тұрса, шпиндель үстіне орнықтыру үшін, дискіні ақырындап жылжытыңыз.

5. Дискіні орнына қонғанша науаға қарай абайлап басыңыз **(3)**.
6. Диск науасын жабыңыз.




Автоойнату параметрлерін әлі реттемеген болсаңыз, автоойнату тілқатысу терезесі ашылады. Сізге медиа мазмұнын қалай пайдаланатыныңызды таңдау ұсынылады. Қосымша ақпарат алу үшін, автоойнату параметрлерін реттеу тарауын қараңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Жақсы нәтижелер алу үшін, BD дискісі ойнатылғанда айнымалы ток адаптерінің сыртқы қуат көзіне жалғануын қамтамасыз етіңіз.

## Автоойнату параметрлерін реттеу

AutoPlay мүмкіндігінің параметрлерін реттеу:


1. **Пуск (Бастау) > Программы по умолчанию (Әдепкі бағдарламалар) > Изменить параметры автоматического проигрывания (Авто ойнату параметрлерін өзгерту)** тармақтарын таңдаңыз.
2. «Use AutoPlay for all media and devices» (Авто ойнатуды барлық медиа файлдары және құрылғылары үшін қолдану) құсбелгісінің қойылғанын растаңыз.
3. **Choose a default (Әдепкіні таңдау)** пәрменін, содан кейін тізімдегі әр медиа түрі үшін берілген опциялардың біреуін таңдаңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** DVD дискілерін ойнату үшін HP MediaSmart бағдарламалық құралын пайдаланыңыз.

4. **Сохранить (Сақтау)** түймешігін басыңыз.

Автоойнату туралы қосымша ақпарат алу үшін, Справка и поддержка (Анықтама және қолдау) бөлімін қараңыз.

## DVD дискісінің аймақтық параметрлерін өзгерту

 **ЕСКЕРТУ:** DVD дискісінің аймақтық параметрлерін бес рет өзгертуге болады.

Бесінші рет таңдалған аймақ параметрі DVD диск жетегінің тұрақты аймақтық параметріне айналады.

Қалған аймақ өзгертулерінің саны DVD дискісінің «Регион» (Аймақ) қойындысында көрсетіледі.


Авторлық құқықты қорғау файлдарын қамтитын DVD дискілерінің көбінде аймақ кодтары да болады. Аймақ кодтары авторлық құқықты халықаралық деңгейде қорғауға көмектеседі.

Аймақ коды бар DVD дискіні DVD дискідегі аймақ коды DVD дискідегі аймақтық параметрге сәйкес келгенде ғана ойнатыңыз.

Параметрлерді амалдық жүйе арқылы өзгерту үшін:

1. **Пуск** (Бастау) > **Панель управления** (Басқару тақтасы) > **Система и безопасность** (Жүйе және қауіпсіздік) тармақтарын таңдаңыз.
2. Система (Жүйе) аймағындағы **Диспетчер устройств** (Құрылғы реттеушісі) түймешігін басыңыз.

---

 **ЕСКЕРІМ:** Windows жүйесінде компьютердің қауіпсіздігін жақсартуға арналған пайдаланушы жазбасын басқару мүмкіндігі бар. Бағдарламалық құралды орнату, утилиталарды іске қосу немесе Windows параметрлерін өзгерту сияқты тапсырмаларды орындау үшін, сізден рұқсат немесе құпия сөз сұралуы мүмкін. Қосымша ақпарат алу үшін, Windows жүйесінің анықтама бөлімін қараңыз.

---

3. Орнатылған диск жетектерінің барлығы көрсетілу үшін, DVD/CD-ROM диск жетектерінің тізімін үлкейтіңіз.
4. Аймақтық параметрлерін өзгерту қажет DVD дискіні тінтуірдің оң жақ түймешігімен басып, **Свойства** (Сипаттар) параметрін таңдаңыз.
5. Параметрлерді өзгерту үшін, DVD дискісінің **Регион** (Аймақ) қойындысын ашыңыз.
6. **ОК** түймешігін басыңыз.

## Авторлық құқықтар туралы ескерту талаптарын сақтау

Авторлық құқықпен қорғалған материалдың, соның ішінде компьютер бағдарламаларының, фильмдердің, хабарлардың және дыбыс жазбаларының көшірмелерін рұқсатсыз жасау, қолданыстағы авторлық құқық туралы заңдарға сәйкес қылмыстық заң бұзушылық болып табылады. Бұл компьютерді ондай мақсаттарда пайдаланбаңыз.

△ **ЕСКЕРТУ:** Ақпараттың жоғалуын немесе дискіні зақымдау қаупін алдын алу үшін:

Дискіге жазбас бұрын, компьютерді сенімді сыртқы қуат көзіне жалғаңыз. Компьютер тек батарея күшімен жұмыс істеп тұрғанда, дискіге жазбаңыз.

Дискіге жазуды бастамас бұрын, пайдаланып отырған диск жазу бағдарламалық құралынан басқа барлық ашық бағдарламаларды жабыңыз.

Бастапқы дискіден тағайындалған дискіге немесе желілік дискіден тағайындалған дискіге тікелей көшірмеңіз. Мәліметтерді қатты дискіге көшіріп, одан кейін қатты дискіден тағайындалған дискіге жазыңыз.

Компьютер дискіге жазып жатқанда, компьютердің пернетақтасын пайдаланбаңыз немесе компьютерді жылжытпаңыз. Жазу үрдісі дірілге сезімтал келеді.

Компьютердегі бағдарламалық құралды пайдалану туралы қосымша ақпарат алу үшін, бағдарламалық құралмен бірге дискіде, анықтама бөлімінде берілетін немесе бағдарламалық құрал өндірушісінің веб-торабында болатын өндіруші тарапынан берілген нұсқауларды қараңыз.

## Ықшам дискін немесе DVD дискісін көшіру

Ықшам дискісін немесе DVD дискісін көшіру үшін:

1. **Пуск (Бастау) > Все программы (Барлық бағдарламалар) > CyberLink DVD Suites > Power2Go** тармақтарын таңдаңыз.

2. Оптикалық жинақтағыш диск жетегіне көшірілетін дискіні салыңыз.

3. Экранның төменгі оң жағындағы **Копировать (Көшіру)** түймешігін басыңыз.

Power2Go бағдарламасы бастапқы дискіні оқып, деректерді қатты дискідегі уақытша қалтаға көшіреді.

4. Ұсыныс берілгенде, негізгі дискіні оптикалық диск жетегінен шығарып, бос дискіні салыңыз.

Мәліметтер көшіріліп болғаннан кейін, жасалған диск автоматты түрде шығады.


## Ықшам немесе DVD дискісін жасау (жазу)

- △ **ЕСКЕРТУ:** Авторлық құқықтар жөніндегі ескерту талаптарын орындаңыз. Авторлық құқықпен қорғалған материалдың, соның ішінде компьютер бағдарламаларының, фильмдердің, хабарлардың және дыбыс жазбаларының көшірмелерін рұқсатсыз жасау қолданыстағы авторлық құқық туралы заңдарға сәйкес қылмыстық заң бұзушылық болып табылады. Бұл компьютерді ондай мақсаттарда пайдаланбаңыз.

Егер компьютерде CD-RW, DVD-RW немесе DVD±RW дискілерін қолдайтын оптикалық жинақтағыш диск болса, MP3 және WAV музыка файлдарымен қоса Windows медиа ойнатқышы немесе Cyberlink Power2Go сияқты бағдарламалық құралдарды пайдаланып, деректер, бейне және аудио файлдарын жазуға болады.

Ықшам дискіге немесе DVD дискісіне жазғанда келесі нұсқауларды орындаңыз:

- Дискіге жазбас бұрын, кез келген ашық файлдарды сақтап, жабыңыз және барлық ашық бағдарламаларды жабыңыз.
- CD-R немесе DVD-R дискілері аудио файлдар жасау үшін жақсы, себебі ақпарат көшірілгеннен кейін, ол өзгертілмейді.

 **ЕСКЕРІМ:** Аудио DVD дискісін CyberLink Power2Go бағдарламасымен жасау мүмкін емес.

- Үйдегі және көліктегі стерео құрылғылары CD-RW дискілерін ойнатпайтындықтан, CD-R дискісін музыкалық ықшам дискілерін жазу үшін пайдаланыңыз.
- Негізінен, деректік файлдарды жазу немесе аудио не бейне жазбаларды өзгертуге келмейтін ықшам дискіге немесе DVD дискісіне жазбас бұрын тексеру үшін, CD-RW немесе DVD-RW дискілері дұрысырақ болып табылады.
- Үй жүйелерінде қолданылатын DVD ойнатқыштары әдетте барлық DVD пішімдерін қолдай бермейді. Қолданылатын пішімдер тізімін DVD ойнатқышымен бірге келетін өндіруші нұсқаулығынан қараңыз.
- MP3 файлдары басқа музыкалық пішімдермен салыстырғанда, дискіде азырақ орын алады және MP3 дискісін жазу үрдісі деректік файлды жазу үрдісіне ұқсайды. MP3 файлдарын тек MP3 ойнатқыштарында немесе MP3 бағдарламалық құралы орнатылған компьютерлерде ойнатуға болады.

Ықшам дискіні немесе DVD дискісін жазу үшін:

1. Бастапқы файлдарды қатты дискідегі қалтаға жүктеп алыңыз немесе көшіріңіз.
2. Оптикалық жинақтағыш диск жетегіне бос ықшам диск немесе DVD дискісін салыңыз.
3. **Пуск (Бастау) > Все программы** (Барлық бағдарламалар) тармағын, одан кейін пайдаланылатын бағдарламалық құралдың атауын таңдаңыз.


 **ЕСКЕРІМ:** Кейбір бағдарламалар ішкі қалталарда орналасуы мүмкін.

4. Деректер, аудио немесе бейне жасалынатын ықшам дискінің немесе DVD дискісінің түрін таңдаңыз.
5. **Пуск (Бастау)** түймешігін тінтуірдің оң жақ түймешігімен басып, **Открыть Windows Explorer** (Windows Explorer шолғышын ашу) тармағын таңдап, бастапқы файлдар сақталған қалтаны ашыңыз.

6. Қалтаны ашып, одан кейін файлдарды бос оптикалық диск бар драйверге жүктеңіз.
7. Жазу процесін өзіңіз таңдаған бағдарламамен көрсетілгендей бастаңыз.

Арнайы нұсқауларды, бағдарламалық құралмен бірге, дискіде берілетін немесе бағдарламалық құрал өндірушісінің веб-торабында болатын өндіруші тарапынан берілген нұсқауларды қараңыз.

## Ықшам, DVD немесе BD дискісін шығару



Оптикалық дискіні шығару үшін:

1. Диск науасын шығару үшін, диск қақпағындағы босату түймешігін басыңыз (1).
2. Науаны абайлап, толықтай тартып шығарыңыз (2).
3. Дискіні науадан шығарыңыз: дискінің сыртқа шығып тұрған жиектерінен көтере отырып, шпиндельді басыңыз (3). Дискінің бетіне қолыңызды тигізіп алмай, жиектерінен ұстаңыз.



**ЕСКЕРІМ:** Науаға толық қол жеткізе алмасаңыз, дискіні шығару үшін оны абайлап еңкейтiңіз.

4. Диск науасын жауып, дискіні қорғауыш қабына салыңыз.

## Сыртқы диск жетектерін пайдалану

Алынбалы сыртқы дискілер сақтау және ақпаратты табу мүмкіндігін кеңейтеді. USB тінтуірі жүйеге тек қосымша қондыру құрылғысы немесе кеңейту өнімі арқылы жалғанады.

USB дискісінің мынадай түрлері бар:

- 1,44 Мбайт дискет жетегі
- Қатты диск модулі (адаптер тіркелген қатты диск)
- DVD диск жетегі
- DVD/CD-RW аралас диск жетегі
- DVD+RW және CD-RW аралас диск жетегі

Қажет бағдарламалық құрал мен диск жетектері туралы ақпарат алу үшін немесе компьютердің қай портын қолдануды білу үшін өндіруші нұсқауларын қараңыз.

Сыртқы дискіні компьютерге жалғау үшін:

△ **ЕСКЕРТУ:** Қуатты диск жетегін жалғағанда құралдың зақымдалу қаупін азайту үшін, қуат сымының айнымалы ток көзінен ажыратылғанын тексеріңіз.

1. Диск жетегін компьютерге жалғаңыз.
2. Егер қуатты диск жетегін жалғаған болсаңыз, оның қуат сымын жерге қосылған ток көзіне қосыңыз.

Қуатты диск жетегін ажырату үшін:

1. Диск жетегін компьютерден ажыратыңыз.
2. Айнымалы ток қуат көзінен ажыратыңыз.

# Қатты дискінің жұмысын жақсарту

## Дискіні дефрагментациялау құралын пайдалану

Компьютерді пайдаланғанда қатты дискідегі файлдар бөлініп қалады. Дискіні дефрагментациялау құралы амалдық жүйе тиімді жұмыс істеуі үшін, қатты дискідегі бөлініп қалған файлдар мен қалталарды қайта біріктіреді.


Дискіні дефрагментациялау құралын қосқаннан кейін, ол қадағалаусыз жұмыс жасай береді. Қатты дискінің мөлшеріне және фрагменттелген файлдардың санына қарай, дискіні дефрагментациялау бір сағаттан артық уақытты алуы мүмкін. Оны түнде немесе компьютерді ашу қажет болмайтын кездегі басқа уақытта іске қосылатын етіп орнатыңыз.

HP қатты дискіні кем дегенде айына бір рет дефрагментациялауды ұсынады. Дискіні дефрагментациялау құралын ай сайын қосылатын етіп жоспарлап қойыңыз. Дегенмен, компьютерді кез келген уақытта қолмен дефрагментациялауға болады.

Дискіні дефрагментациялау құралын іске қосу үшін:

1. **Пуск** (Бастау) > **Все программы** (Барлық бағдарламалар) > **Стандартные** (Стандартты құралдар) > **Служебные** (Қызметтік бағдарламалар) > **Дефрагментация диска** (Дискіні дефрагментациялау) параметрін таңдаңыз.
2. **Дефрагментация дисков** (Дискіні дефрагментациялау) түймешігін басыңыз.

---

 **ЕСКЕРІМ:** Windows® жүйесінде компьютердің қауіпсіздігін жақсартуға арналған пайдаланушы жазбасын басқару мүмкіндігі бар. Бағдарламалық құралды орнату, утилиталарды іске қосу немесе Windows параметрлерін өзгерту сияқты тапсырмаларды орындау үшін, сізден рұқсат немесе құпия сөз сұралуы мүмкін. Қосымша ақпарат алу үшін, Анықтама және қолдау тармағын қараңыз.

---

Қосымша ақпарат алу үшін, дискіні дефрагментациялау бағдарламалық құралының анықтамасын қараңыз.

## Дискіні тазалау құралын пайдалану

Қатты дискідегі орынды босатып, компьютер жұмысының тиімділігін арттыру үшін дискіні тазалау құралы қатты дискіден еш қауіпсіз жоюға болатын файлдарды іздеп табады.

Дискіні тазалау құралын қосу үшін:

1. **Пуск** (Бастау) > **Все программы** (Барлық бағдарламалар) > **Стандартные** (Стандартты құралдар) > **Служебные** (Қызметтік бағдарламалар) > **Очистка диска** (Дискіні тазарту) параметрін таңдаңыз.
2. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.




# HP ProtectSmart Hard Drive Protection құралын пайдалану

HP ProtectSmart Hard Drive Protection құралы келесі шарттардың кез-келгенінде дискіні қауіпсіз орналастыру және ақпарат сұрауларын тоқтату арқылы қатты дискіні қорғайды:

- Сіз компьютеріңізді құлатып алдыңыз.
- Батарея қуатынан қосылып тұрған компьютерді дисплейі жабулы күйінде жылжыттыңыз.

Бұл оқиғалардан кейінгі қысқа уақытта HP ProtectSmart Hard Drive Protection құралы қатты дискіні қалыпты жұмыс жағдайына қайтарады.

 **ЕСКЕРІМ:** SmartBay ішінд қатты диск болса, осы қатты диск HP ProtectSmart Hard Drive Protection құралының көмегімен қорғалады. Қосымша қондыру құрылғысы болып табылатын немесе USB портына жалғанған қатты дискілер HP ProtectSmart Hard Drive Protection құралының көмегімен қорғалмайды.


Қосымша ақпарат алу үшін, HP ProtectSmart Hard Drive Protection бағдарламалық құралының анықтамасын қараңыз.

## HP ProtectSmart Hard Drive Protection құралының күйін анықтау

Компьютердегі диск шамы дискінің қауіпсіз орналасқанын көрсету үшін жанады. Дискілердің қазіргі уақытта қорғалып тұрғанын және дискінің қауіпсіз орналасқанын анықтау үшін, **Пуск** (Бастау) > **Панель управления** (Басқару тақтасы) > **Оборудование и звук** (Жабдық пен дыбыс) > **Центр мобильности Windows** (Windows мобильділікті басқару орталығы) параметрін таңдаңыз.


Windows мобильділікті басқару орталығы HP ProtectSmart Hard Drive Protection құралының күйін мына жағдайларда анықтайды:

- Бағдарламалық құрал қосылған жағдайда, қатты диск белгішесінің үстінен баттасып жасыл құсбелгісі шығады.
- Бағдарламалық құрал өшірілген жағдайда, қатты диск белгішесінің үстінен баттасып ақ жолақ белгісі шығады.
- Диск қауіпсіз орналастырылғанда, қатты диск белгішесінің үстінен баттасып сары ай белгісі шығады.

 **ЕСКЕРІМ:** Мобильділікті басқару орталығындағы белгіше дискінің ең соңғы күйін көрсетпеуі де мүмкін. Күйі өзгергенде жаңартуларды бірден көру үшін, хабарландыру аймағының белгішесін қосу керек.

Хабарландыру аймағының белгішесін қосу үшін:

1. **Пуск** (Бастау) > **Панель управления** (Басқару тақтасы) > **Оборудование и звук** (Жабдық пен дыбыс) > **HP ProtectSmart Hard Drive Protection** параметрін таңдаңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Пайдаланушы жазбасын басқару функциясымен сұралса, **Да** (Иә) түймешігін басыңыз.


2. Значок на панели задач (Жүйе науасындағы белгіше) жолындағы **Отображать** (Көрсету) параметрін таңдаңыз.
3. **ОК** түймешігін басыңыз.

## Қуатты қауіпсіз орнатылған қатты диск көмегімен басқару

HP ProtectSmart Hard Drive Protection құралы қатты дискіні қауіпсіз орналастырған болса:

- Компьютер өшпейді.
- Компьютер ұйқы немесе күту күйіне өтпейді.

---

 **ЕСКЕРІМ:** Егер компьютер батарея қуатымен жұмыс істеп тұрып, өте төмен батарея деңгейіне жеткенде, HP ProtectSmart Hard Drive Protection құралы компьютердің күту күйіне өтуге мүмкіндік береді.

---


Компьютерді жылжытпас бұрын HP компаниясы оны алдымен өшіруді немесе күту режиміне не әрекетсіздік режиміне ауыстыруды ұсынады.

## HP ProtectSmart Hard Drive Protection бағдарламалық құралын пайдалану

HP ProtectSmart Hard Drive Protection бағдарламалық құралы:

- HP ProtectSmart Hard Drive Protection құралын қосады және өшіреді.

---

 **ЕСКЕРІМ:** Пайдаланушы құқықтарыңызға байланысты HP ProtectSmart Hard Drive Protection құралын қосу және өшіру мүмкіндігіңіз болмауы мүмкін. Сонымен қатар, әкімші тобының мүшелері әкімші емес пайдаланушылар құқықтарын өзгертуі мүмкін.

---

- Жүйедегі дискінің қолдауы бар-жоқтығын анықтайды.


Бағдарламалық құралды ашып, параметрлерін өзгерту үшін мына қадамдарды орындаңыз:

1. HP ProtectSmart Hard Drive Protection терезесін ашу үшін, мобильділікті басқару орталығындағы қатты диск белгішесін басыңыз.

– немесе –

**Пуск (Бастау) > Панель управления (Басқару тақтасы) > Оборудование и звук (Жабдық пен дыбыс) > HP ProtectSmart Hard Drive Protection** параметрін таңдаңыз.

---

 **ЕСКЕРІМ:** Пайдаланушы жазбасын басқару функциясымен сұралса, **Да (Иә)** түймешігін басыңыз.

---

2. Параметрлерді өзгерту үшін сәйкес түймешікті басыңыз.
3. **ОК** түймешігін басыңыз.

## Негізгі қатты диск ұясындағы дискіні ауыстыру

△ **ЕСКЕРТУ:** Мәліметтердің жоғалуын немесе жүйенің жауап бермеуін болдырмау үшін:


Қатты дискіні қатты диск ұясынан шығармастан бұрын, компьютерді өшіріңіз. Компьютер қосулы тұрғанда, ұйқы немесе күту күйінде болғанда, қатты дискіні шығарып алмаңыз.

Компьютердің өшірілген күйде немесе күту күйінде екені туралы сенімді болмасаңыз, компьютерді қуат түймешігін басу арқылы қосып, оны амалдық жүйе арқылы өшіріңіз.

📝 **ЕСКЕРІМ:** Негізгі қатты дискінің қақпағы «1», ал екінші қатты дискінің қақпағы «2» санымен белгіленген.


Негізгі қатты дискіні алу үшін:

1. Жұмысыңызды сақтаңыз.
2. Компьютерді өшіріп, дисплейді жабыңыз.
3. Компьютерге жалғанған сыртқы құрылғылардың барлығын ажыратыңыз.
4. Қуат сымын айнымалы ток көзінен ажыратыңыз.
5. Қатты диск ұясын өзіңізге қаратып, компьютерді тегіс бет үстінде аударып қойыңыз.
6. Компьютерден батареяны шығарып алыңыз.
7. Қатты диск қақпағының төрт бұрандасын шығарыңыз (1).
8. Қатты диск қақпағын компьютерден көтеріп алыңыз (2).




9. Қатты дискінің кабелін жүйе тақтасынан ажырату үшін, пластик тілшесін (1) қатты тартыңыз.

10. Қатты дискінің оң жағындағы тілше арқылы (2) қатты дискіні 45 градус бұрышқа көтеріп, қатты дискіні (3) компьютерден шығарыңыз.




Негізгі қатты дискіні орнату үшін:

1. Қатты дискіні диск ұясына енгізіңіз (1).
2. Тілше арқылы (2) қатты дискіні резеңкеден жасалған астары диск ұясының оң жағындағы ашық жеріне кіретіндей етіп оң жаққа қарай тартыңыз.
3. Қатты дискінің кабелін (3) жүйе тақтасындағы қатты диск қосқышына жалғаңыз.



4. Қатты диск қаппағындағы ілгектерді компьютердегі кетіктерге туралаңыз (1).
5. Қаппақты жабыңыз (2).

6. Қатты диск қақпағындағы бұрандаларды бұрап қатайтыңыз (3).



7. Батареяны орнына салыңыз.
8. Компьютерді қосыңыз.
9. Сыртқы құрылғыларды компьютерге қосыңыз.
10. Компьютерді айнымалы ток көзіне қосыңыз.
11. Компьютерді қосыңыз.

## 7 Сыртқы құрылғылар

### USB құрылғысын пайдалану

USB порты USB пернетақтасы, тінтуір, диск, басып шығарғыш, сканер немесе хаб сияқты қосымша сыртқы құрылғыларды компьютерге немесе қосымша кеңейту өніміне жалғайды.

Кейбір USB құрылғылары әдетте құрылғымен қоса берілетін қосымша қолдау көрсету бағдарламалық құралын қажет етуі мүмкін. Құрылғыға арналған бағдарламалық құрал туралы қосымша ақпаратты өндірушінің нұсқауларынан қараңыз.

Компьютерде USB 1.0, USB 1.1 және USB 2.0 құрылғыларымен жұмыс істейтін 3 USB порты бар. Қосымша USB порттарын қосу үшін қосымша хабты немесе кеңейту өнімін қосыңыз

### USB құрылғысын жалғау

△ **ЕСКЕРТУ:** USB қосқышының зақымдануын болдырмау үшін, USB құрылғысын күштеп жалғамаңыз.

USB құрылғысын компьютерге жалғау үшін, құрылғының USB кабелін компьютердегі USB портына жалғаңыз.



USB құрылғысы табылғанда дыбыс естіледі.

📖 **ЕСКЕРІМ:** USB құрылғысы бірінші рет қосылғанда, тапсырмалар тақтасының оң жағында орналасқан хабарландыру аймағында «Құрылғы драйверінің бағдарламалық құралын орнату» хабары көрсетіледі.

## USB құрылғысын ажырату

△ **ЕСКЕРТУ:** Мәліметтердің жоғалуын немесе жауапсыз жүйені болдырмау үшін, «USB құрылғысын шығару» бөліміндегі нұсқауларды орындаңыз.

**ЕСКЕРТУ:** USB қосқышының зақымдалуын болдырмау үшін, USB құрылғысын ажырату мақсатында кабельден тартпаңыз.

USB құрылғысын шығару үшін:

1. Тапсырмалар тақтасының оң жағындағы хабарландыру аймағында орналасқан **Безопасное извлечения оборудования и носителей данных** (Аппараттық құралды қауіпсіз шығарып алу және құралды шығару) белгішесін басыңыз.

Аппараттық құралды қауіпсіз шығарып алу және құралды шығару белгішесін көрсету үшін, **Показать скрытые значки** (Жасырылған белгішелерді көрсету) белгішесін (көрсеткі хабарландыру аймағының сол жағында болады) басыңыз.

2. Тізімдегі құрылғы атауын басыңыз.


Құрылғыны шығарып алу қауіпсіз екендігі ескертіледі.

3. Құрылғыны ажыратыңыз.

## eSATA құрылғысын пайдалану

eSATA порты сыртқы eSATA қатты дискісі сияқты өнімділігі жоғары құрамдас бөлікті жалғайды.


Кейбір eSATA құрылғылары әдетте құрылғымен қоса берілетін қосымша қолдау көрсету бағдарламалық құралын қажет етуі мүмкін. Құрылғыға арналған бағдарламалық құрал туралы қосымша ақпаратты өндірушінің нұсқауларынан қараңыз. Бұл нұсқаулар бағдарламалық құралмен бірге, дискіде, бағдарламалық құралдың анықтама бөлімінде немесе өндірушінің веб-торабында берілуі мүмкін.

 **ЕСКЕРІМ:** Сонымен қатар, eSATA порты USB құрылғыларымен үйлесімді.

## eSATA құрылғысын жалғау

- △ **ЕСКЕРТУ:** eSATA портының қосқышына зақым келтірмеу үшін, eSATA құрылғысын күш салып жалғамаңыз.

eSATA құрылғысын компьютерге жалғау үшін, eSATA кабелін компьютердегі eSATA портына жалғаңыз.



Компьютерге құрылғының жалғанғаны туралы дыбыстық сигнал беріледі.



## eSATA құрылғысын шығарып алу

△ **ЕСКЕРТУ:** Мәліметтердің жоғалуын немесе жүйенің жауап бермеуін болдырмау үшін, «eSATA құрылғысын шығару» бөліміндегі нұсқауларды орындаңыз.

**ЕСКЕРТУ:** eSATA қосқышының зақымдалуын болдырмау үшін, eSATA құрылғысын ажырату мақсатында кабельден тартпаңыз.

---

eSATA құрылғысын шығару үшін:

1. Тапсырмалар тақтасының оң жағындағы хабарландыру аймағында орналасқан **Безопасное извлечения оборудования и носителей данных** (Аппараттық құралды қауіпсіз шығарып алу және құралды шығару) белгішесін басыңыз.

Аппараттық құралды қауіпсіз шығарып алу және құралды шығару белгішесін көрсету үшін, **Показать скрытые значки** (Жасырылған белгішелерді көрсету) белгішесін (көрсеткі хабарландыру аймағының сол жағында болады) басыңыз.

2. Тізімдегі құрылғы атауын басыңыз.

Құрылғыны шығарып алу қауіпсіз екендігі ескертіледі.

3. Құрылғыны ажыратыңыз.

---

## 8 Сыртқы медиа карталары

### Сандық медиа ұясының карталарын пайдалану

Қосымша сандық карталар деректерді қауіпсіз сақтау мен оларды ыңғайлы түрде ортақ пайдалану мүмкіндігін береді. Бұл карталар әдетте сандық медиамен жабдықталған камераларда, қалта компьютерлерінде және басқа да компьютерлерде қолданылады.

Сандық медиа ұясы келесі сандық карта пішімдеріне қолдау көрсетеді:

- Жад картасы (MS)
- Memory Stick Pro (MSP)
- Мультимедиа картасы (MMC)
- Secure Digital (SD) жад картасы
- Сыйымдылығы жоғары қауіпсіз сандық (SDHC) жад картасы
- xD-Picture картасы (XD)
- xD-Picture картасы (XD) H типті
- xD-Picture картасы (XD) M типті

### Сандық картаны енгізу

---


△ **ЕСКЕРТУ:** Сандық картаға немесе компьютерге зақым келтірмеу үшін, сандық медиа ұясына адаптердің ешбір түрін салмаңыз.

**ЕСКЕРТУ:** Сандық карталар қосқышының зақымдануын болдырмау үшін, сандық картаны күштеп енгізбеңіз.

---

1. Сандық картаны ұстағанда, жапсырмасын жоғары, ал қосқышын компьютерге қаратыңыз.

2. Картаны сандық медиа ұясына кірістіріңіз және ол берік орнатылғанша картаны итеріңіз.



Құрылғы орнатылғанда дыбыс естисіз және параметрлердің мәзірі көрсетіледі.

## Сандық картаны шығарып алу

- 
- △ **ЕСКЕРТУ:** Деректердің жоғалуын немесе жүйенің жауап бермеуін болдырмау үшін, «Сандық картаны шығару» бөліміндегі нұсқауларды орындаңыз.
  - 📝 **ЕСКЕРІМ:** Деректер тасымалын тоқтату үшін, амалдық жүйенің көшіру терезесінде **Отмена** (Бас тарту) түймешігін басыңыз.
- 

Сандық картаны шығарып алу үшін:


1. Мәліметтеріңізді сақтап, сандық картамен байланысты барлық бағдарламаларды жабыңыз.
2. Тапсырмалар тақтасының оң жағындағы хабарландыру аймағында орналасқан **Безопасное извлечения оборудования и носителей данных** (Аппараттық құралды қауіпсіз шығарып алу және құралды шығару) белгішесін басыңыз.

Аппараттық құралды қауіпсіз шығарып алу және құралды шығару белгішесін көрсету үшін, **Показать скрытые значки** (Жасырылған белгішелерді көрсету) белгішесін (көрсеткі хабарландыру аймағының сол жағында болады) басыңыз.

3. Тізімдегі сандық картаның атауын басыңыз.

Құрылғыны шығарып алу қауіпсіз екендігі ескертіледі.

4. Сандық картаны басып (1), картаны ұясынан шығарып алыңыз (2).



## 9 Жад модульдері

Компьютерде оның астыңғы жағында орналасқан бір жад модулінің бөлімі болады. Компьютердің жад сыйымдылығын бос кеңейту жад модулінің ұясына жад модулін қосу немесе бастапқы жад модулінің ұясындағы бар жад модулін жетілдіру арқылы кеңейтуге болады.


- ⚠ **АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!** Ток соғу немесе жабдықтың зақымдалу қаупін азайту үшін, қуат сымын ажыратып, жад модулін орнатпас бұрын, барлық батареяларды шығарып алыңыз.
- ⚠ **ЕСКЕРТУ:** Электростатикалық ток соғу (ESD) электрондық бөліктерді зақымдайды. Қандай да бір іс ретін бастамастан бұрын, жерге орнатылған нысанды түрту арқылы бойыңызда тұрақты электр тогының жоқтығын тексеріңіз.
- 📖 **ЕСКЕРІМ:** Екінші жад модулін қосқанда, қос арна конфигурациясын пайдалану үшін, екі жад модулінің бірдей сыйымдылықта болуын тексеріңіз.

Жад модулін қосу немесе ауыстыру үшін:

1. Жұмысыңызды сақтаңыз.
2. Компьютерді өшіріп, дисплейді жабыңыз.  

Компьютердің өшірілген күйде немесе күту күйінде екені туралы сенімді болмасаңыз, компьютерді қуат түймешігін басу арқылы қосып, оны амалдық жүйе арқылы өшіріңіз.
3. Компьютерге жалғанған сыртқы құрылғылардың барлығын ажыратыңыз.
4. Қуат сымын айнымалы ток көзінен ажыратыңыз.
5. Компьютерді тегіс жерде төңкеріңіз.
6. Компьютерден батареяны шығарып алыңыз.
7. Жад модулі бөліміндегі төрт бұранданы алыңыз (1).

8. Жад модулі бөлімінің қақпағын (2) компьютерден әрі қаратып көтеріңіз.




9. Егер жад модулін ауыстырып жатсаңыз, бар жад модулін төмендегі қадамдарды орындап алып тастаңыз:

- a. Жад модулінің екі жағындағы ұстап тұратын қыстырғыштарды (1) тартып алыңыз.  
Жад модулінің бұрыштарын жоғары қаратыңыз.

△ **ЕСКЕРТУ:** Жад модулінің зақымдануын болдырмау үшін, оны жиектерінен ғана ұстаңыз. Жад модуліндегі бөліктерге тимеңіз.

- b. Жад модулінің жиектерінен ұстап (2), оны ұясынан сыртқа жайлап тартыңыз.




Шығарғаннан кейін жад модулін қорғау үшін, оны электростатикалық ток өтпейтін контейнерге салыңыз.


10. Жаңа жад модулін төмендегі қадамдарды орындап енгізіңіз:

△ **ЕСКЕРТУ:** Жад модулінің зақымдануын болдырмау үшін, оны жиектерінен ғана ұстаңыз. Жад модуліндегі бөліктерге тимеңіз және жад модулін қисайтпаңыз.

- a. Жад модулінің түйіскен жиектерін **(1)** жад модулі ұясының құлақшасына туралаңыз.
- b. Жад модулі бөлімінің бетінен 45 градус бұрыштағы жад модулімен модульді **(2)** жад модулінің ұясына орныққанша басыңыз.
- c. Жад модулінің сол және оң жақ жиектеріне күш түсіре отырып, жад модулін **(3)** төмен қарай жайлап ұстап тұратын қыстырғыштар орнына түскенше, басыңыз.



11. Жад модулі бөлімінің қақпағындағы ілгектерді **(1)** компьютердегі кетікке туралаңыз.
12. Қақпақты жабыңыз **(2)**.
13. Жад модулі бөлімінің төрт бұрандаларын салып, қатайтыңыз **(3)**.



14. Батареяны орнына салыңыз.
15. Компьютерді қосыңыз.

16. Сыртқы құрылғыларды компьютерге қосыңыз.
17. Компьютерді айнымалы ток көзіне қосыңыз.
18. Компьютерді қосыңыз.


# 10 Қауіпсіздік

## Компьютерді қорғау

Windows амалдық жүйесі және Windows жүйесі емес орнату бағдарламасы арқылы берілетін стандартты қауіпсіздік мүмкіндіктері жеке параметрлеріңізді және деректерді әртүрлі қауіптерден қорғайды.

Келесі мүмкіндіктерді пайдалану үшін осы нұсқаулықтағы іс реттерін орындаңыз:

- Құпия сөздер
- Вирусқа қарсы бағдарламалық құрал
- Қалқан бағдарламалық құралы
- Критикалық қауіпсіздік жаңартулары
- Қосымша қауіпсіздік кабелі
- Саусақ ізін оқу құрылғысы (тек таңдаулы үлгілерде)

 **ЕСКЕРІМ:** Қауіпсіздік шешімдері қорғаныс шаралары ретінде әрекет ету үшін жасалады, бірақ олар бағдарламалық құрал шабуылдарынан немесе компьютерге күтімсіз қарау не оны ұрланудан қорғамайды.

**ЕСКЕРІМ:** Компьютерді жөндеуге жібермес бұрын, барлық құпия сөздер мен саусақ ізі параметрлерін жойыңыз.

Компьютер қаупі	Қауіпсіздік мүмкіндігі
Компьютерді рұқсатсыз қолдану	<ul style="list-style-type: none"><li>• QuickLock</li><li>• Қосылғандағы құпия сөз</li></ul>
Компьютерлік вирустер	Norton Internet Security бағдарламалық құралы
Деректерге рұқсатсыз кіру	<ul style="list-style-type: none"><li>• Қалқан бағдарламалық құралы</li><li>• Windows жаңартулары</li></ul>
Setup Utility утилитасы, BIOS параметрлері және басқа жүйені анықтау апаратына рұқсатсыз кіру	Әкімші құпия сөзі
Компьютерге төнетін бар немесе келешек қауіптер	Microsoft® компаниясының маңызды қауіпсіздік жаңартулары



<b>Компьютер қаупі</b>	<b>Қауіпсіздік мүмкіндігі</b>
Windows пайдаланушы есептік жазбасын рұқсатсыз пайдалану	Пайдаланушы құпия сөзі
Компьютердің орнын рұқсатсыз ауыстыру	Қауіпсіздік кабелінің ұясы (қосымша қауіпсіздік кабелімен бірге пайдаланылады)

## Құпия сөздерді пайдалану

Құпия сөз — компьютер ақпаратын қорғау үшін таңдалатын таңбалардың тобы. Ақпаратқа кіруді басқарудың жолына байланысты құпия сөздердің бірнеше түрлері орнатылуы мүмкін. Құпия сөздер компьютерде алдын ала орнатылған Windows жүйесінің немесе Windows жүйесінің емес орнату бағдарламасында орнатылады.

- △ **ЕСКЕРТУ:** Компьютердің құлыпталуын болдырмау үшін, орнатылған әрбір құпия сөзді жазып алыңыз. Көптеген құпия сөздер олар орнатылған, өзгертілген, жойылған күйде көрсетіледі, әрбір құпия сөзді жедел жазып алып, қауіпсіз жерде сақтау маңызды.

Орнату бағдарламасының мүмкіндігі және Windows қауіпсіздік мүмкіндігі үшін бірдей құпия сөзді, сондай-ақ орнату бағдарламасының бірнеше мүмкіндіктері үшін де бірдей құпия сөзді пайдалануға болады.

Орнату бағдарламасында құпия сөз орнату үшін:

- 8 әріп пен санның тіркесімін жасаңыз. Құпия сөздер жағдайға байланысты әртүрлі болады.
- Орнату бағдарламасы құпия сөзді сұраған кезде енгізіңіз. Windows жүйесінде орнатылатын құпия сөзді Windows жүйесінің командалық жолағында теру қажет.

Құпия сөздерді қауіпсіз жасау және сақтау үшін:

- Бағдарламадағы орнатылған талаптарды орындаңыз.
- Құпия сөздерді жазып алып, оларды компьютерден алыс қауіпсіз жерге сақтаңыз.
- Құпия сөздерді компьютердегі файлда сақтамаңыз.
- Басқа адам арқылы оңай табылатын атыңызды немесе басқа жеке мәліметтерді пайдаланбаңыз.

Экранды қорғағыш сияқты Windows құпия сөздері туралы қосымша ақпаратты алу үшін, **Пуск (Бастау) > Справка и поддержка** (Анықтама және қолдау) тармақтарын таңдаңыз.

## Windows жүйесінде құпия сөздерді орнату

Құпия сөз	Қызмет
Әкімші құпия сөзі	Компьютер мазмұнына әкімші деңгейінде кіруді қорғайды. <b>ЕСКЕРІМ:</b> Осы құпия сөзді Setup Utility утилитасы мазмұнына кіру үшін пайдалануға болмайды.
Пайдаланушы құпия сөзі	Windows пайдаланушы есептік жазбасына кіруді қорғайды. Бұл сондай-ақ, компьютер мазмұнына кіруді қорғайды және ұйқы күйі немесе күту күйінен шыққан кезде енгізілуі қажет.
QuickLock	Компьютерге кірмес бұрын Windows жүйесіне кіру тілқатысу терезесінде құпия сөзді сұрау арқылы компьютерді қорғайды. Пайдаланушы немесе әкімші құпия сөзін орнатқаннан кейін: <ol style="list-style-type: none"><li>1. QuickLock пернесін басып, QuickLock бағдарламасын іске қосыңыз.</li><li>2. QuickLock бағдарламасынан Windows пайдаланушы немесе әкімші құпия сөзін енгізу арқылы шығыңыз.</li></ol>

## Setup Utility утилитасында құпия сөздерді орнату

Құпия сөз	Қызмет
Әкімші құпия сөзі	<ul style="list-style-type: none"><li>• Setup Utility утилитасына кіруді қорғайды.</li><li>• Осы құпия сөз орнатылғаннан кейін, орнату бағдарламасына кірген сайын оны енгізу қажет.</li></ul> <p><b>ЕСКЕРТУ:</b> Әкімші құпия сөзін ұмытып қалсаңыз, орнату бағдарламасына кіру мүмкін емес.</p>
Қосылғандағы құпия сөз	<ul style="list-style-type: none"><li>• Компьютер мазмұнына кіруді қорғайды.</li><li>• Осы құпия сөз орнатылғаннан кейін, компьютерді қосқан не өшірілген немесе күту күйінен шыққан сайын оны енгізу қажет.</li></ul> <p><b>ЕСКЕРТУ:</b> Қосылғанда сұралатын құпия сөзді ұмытып қалсаңыз, компьютерді қосу немесе қайта қосу және күту күйінен шығу мүмкін болмайды.</p>

Құпия сөздер туралы толық ақпаратты «Әкімші құпия сөзі» немесе «Қосылғанда сұралатын құпия сөз» бөлімінен қараңыз.

### Әкімші құпия сөзі

Әкімші құпия сөзі Setup Utility утилитасындағы реттеу параметрлерін және жүйені анықтау ақпаратын қорғайды. Осы құпия сөз орнатылғаннан кейін, Setup Utility утилитасына кірген сайын оны енгізу қажет.

Әкімші құпия сөзін Windows жүйесіне орнатылған әкімші құпия сөзімен алмастыруға болмайды немесе ол орнатылған, енгізілген, өзгертілген немесе жойылған күйде көрсетіледі. Құпия сөзді жазып алғаныңызды және қауіпсіз жерде сақтағаныңызды тексеріңіз.

## Әкімші құпия сөзін басқару

Осы құпия сөзді орнату, өзгерту немесе жою үшін төмендегі қадамдарды орындаңыз:

1. Орнату бағдарламасын компьютерді қосу немесе қайта қосу арқылы ашыңыз. Экранның төменгі сол бұрышында «Press the ESC key for Startup Menu» (Бастау мәзірін ашу үшін ESC пернесін басыңыз) хабары көрсетілгенде, **f10** пернесін басыңыз.

– немесе –

Орнату бағдарламасын компьютерді қосу немесе қайта қосу арқылы ашыңыз. Экранның төменгі сол бұрышында «Press the ESC key for Startup Menu» (Бастау мәзірін ашу үшін ESC пернесін басыңыз) хабары көрсетілгенде, **esc** пернесін басыңыз. Бастау мәзірі көрсетілген кезде **f10** пернесін басыңыз.

2. **Безопасность (Қауіпсіздік) > Установить пароль администратора** (Әкімші құпия сөзін орнату) перменін таңдау үшін, көрсеткі пернелерін пайдаланыңыз да, **enter** пернесін басыңыз.
  - Әкімші құпия сөзін орнату үшін, құпия сөзіңізді Введите новый пароль (Жаңа құпия сөзді енгізіңіз) және Подтвердите новый пароль (Жаңа құпия сөзді растаңыз) өрістеріне енгізіп, **enter** пернесін басыңыз.
  - Әкімші құпия сөзін өзгерту үшін, ағымдағы құпия сөзді Введите текущий пароль (Ағымдағы құпия сөзді енгізіңіз) өрісіне енгізіп, Введите новый пароль (Жаңа құпия сөзді енгізіңіз) және Подтвердите новый пароль (Жаңа құпия сөзді растаңыз) өрістеріне жаңа құпия сөзді енгізіп, **enter** пернесін басыңыз.
  - Әкімші құпия сөзін жою үшін, ағымдағы құпия сөзді Введите пароль (Құпия сөзді енгізіңіз) өрісінде теріп, **enter** пернесін 4 рет басыңыз.
3. Енгізілген өзгертулерді сақтап, орнату бағдарламасынан шығу үшін, көрсеткі пернелерді пайдаланып **Выход (Шығу) > Сохранить изменения и выйти** (Өзгертулерді сақтап шығу) тармағын таңдаңыз.

Өзгертулер компьютер қайта іске қосылған кезде күшіне енеді.

## Әкімші құпия сөзін енгізу

Введите пароль (Құпия сөзді енгізіңіз) сұрауына әкімші құпия сөзін теріп, **enter** пернесін басыңыз. Әкімші құпия сөзін енгізудің 3 сәтсіз әрекетінен кейін компьютерді қайта іске қосып, әрекетті қайта орындау қажет.

## Қосылғандағы құпия сөз

Қосылғандағы құпия сөз компьютерді рұқсатсыз қолданудан қорғайды. Осы құпия сөз орнатылғаннан кейін, компьютерді қосқан не өшірілген немесе күту күйінен шыққан сайын оны енгізу қажет. Қосылғандағы құпия сөз орнатылған, енгізілген, өзгертілген немесе жойылған күйде көрсетіледі.

## Қосылғандағы құпия сөзді басқару

Қосылғанда сұралатын құпия сөзді енгізу, өзгерту немесе жою үшін төмендегі қадамдарды орындаңыз:

1. Орнату бағдарламасын компьютерді қосу немесе қайта қосу арқылы ашыңыз. Экранның төменгі сол бұрышында «Press the ESC key for Startup Menu» (Бастау мәзірін ашу үшін ESC пернесін басыңыз) хабары көрсетілгенде, **f10** пернесін басыңыз.

– немесе –

Орнату бағдарламасын компьютерді қосу немесе қайта қосу арқылы ашыңыз. Экранның төменгі сол бұрышында «Press the ESC key for Startup Menu» (Бастау мәзірін ашу үшін ESC пернесін басыңыз) хабары көрсетілгенде, **esc** пернесін басыңыз. Бастау мәзірі көрсетілген кезде **f10** пернесін басыңыз.

2. **Безопасность (Қауіпсіздік) > Установить пароль на включение** (Қосылғанда сұралатын құпия сөзді орнату) пәрменін таңдау үшін, көрсеткі пернелерін пайдаланыңыз да, **enter** пернесін басыңыз.
  - Қосылғанда сұралатын құпия сөзді орнату үшін, құпия сөзді Введите новый пароль (Жаңа құпия сөзді енгізіңіз) және Подтвердите новый пароль (Жаңа құпия сөзді растаңыз) өрістерінде теріп, **enter** пернесін басыңыз.
  - Қосылғанда сұралатын құпия сөзді өзгерту үшін, ағымдағы құпия сөзді Введите текущий пароль (Ағымдағы құпия сөзді енгізіңіз) өрісінде теріп, Введите новый пароль (Жаңа құпия сөзді енгізіңіз) және Подтвердите новый пароль (Жаңа құпия сөзді растаңыз) өрістерінде жаңа құпия сөзді теріп, **enter** пернесін басыңыз.
  - Қосылғанда сұралатын құпия сөзді жою үшін, құпия сөзді Введите текущий пароль (Ағымдағы құпия сөзді енгізіңіз) өрісінде теріп, **enter** пернесін 4 рет басыңыз.
3. Енгізілген өзгертулерді сақтап, орнату бағдарламасынан шығу үшін, көрсеткі пернелерді пайдаланып **Выход (Шығу) > Сохранить изменения и выйти** (Өзгертулерді сақтап шығу) тармағын таңдаңыз.

Өзгертулер компьютер қайта іске қосылған кезде күшіне енеді.

## Қосылғандағы құпия сөзді енгізу

Введите пароль (Құпия сөзді енгізіңіз) сұрауына құпия сөзді теріп, **enter** пернесін басыңыз. Құпия сөзін енгізудің 3 сәтсіз әрекетінен кейін компьютерді қайта іске қосып, әрекетті қайта орындау қажет.

## Вирусқа қарсы бағдарламалық құралды пайдалану

Компьютерді электрондық пошта, желі немесе Интернет бетін ашу үшін пайдаланғанда оған вирустар қауіп төнеді. Компьютерлік вирустар амалдық жүйе, бағдарламалар немесе қызметтік бағдарламалар жұмысында ақаулық туғызады, не болмаса олардың нашар жұмыс істеуіне әкелді.

Вирусқа қарсы бағдарламалық құрал көптеген вирустарды анықтап, көп жағдайларда олар келтірген зиянды жояды. Жаңадан шыққан вирустарға қарсы үздіксіз қорғауды қамтамасыз ету үшін, вирусқа қарсы бағдарламалық құралды үнемі жаңартып отыру керек.


Norton Internet Security вирусқа қарсы бағдарламалық құралы компьютерде зауытта орнатылған. Бағдарламаның 60 күн бойы тегін жаңарту жасау мүмкіндігі бар. HP 60 күннен кейін де компьютерді жаңа вирустардан кеңейтілген жаңарту қызметтерін сатып алу арқылы қорғауды ұсынады. Norton Internet Security вирусқа қарсы бағдарламалық құралын пайдалану және жаңарту, сондай-ақ мерзімі кеңейтілген жаңарту қызметін сатып алу нұсқаулары бағдарламамен қоса қамтамасыз етіледі. Norton Internet Security бағдарламасын көру және ашу үшін **Пуск > (Бастау) Все программы (Барлық бағдарламалар) > Norton Internet Security** тармағын таңдаңыз.

Компьютер вирустары туралы толық ақпарат алу үшін, Справка и поддержка (Анықтама және қолдау) орталығының іздеу жолағына **вирустар** сөзін теріңіз.

## Қалқан бағдарламалық құралын пайдалану

Компьютерді электрондық пошта, желі не Интернетке кіру үшін қолданғанда, рұқсаты жоқ адамдар компьютерге, жеке файлдарға және сіз туралы ақпаратқа кіру рұқсатын иеленуі мүмкін. Құпиялылықты қорғау үшін, компьютерде алдын ала орнатылған қалқан бағдарламалық құралын пайдаланыңыз.

Қалқан мүмкіндіктері жүйеге кіру және желі әрекетін хабарлау және барлық кіріс және шығыс трафиктерін автоматты түрде бақылау әрекеттерін қамтиды. Қосымша ақпарат алу үшін, қалқанды пайдалану нұсқаулығын қараңыз немесе қалқанды өндірушімен байланысыңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Кейбір жағдайларға байланысты қалқан Интернет ойындарына кіруге бөгет қою, желідегі принтерге немесе файлды ортақ пайдалануға кедергі келтіруі немесе рұқсаты бар электрондық пошта тіркемелерін құлыптауы мүмкін. Мәселені уақытша шешу үшін, желіаралық қалқан бағдарламасын уақытша өшіріп, қажет шаралар қолданған соң оны қайта қосыңыз. Ақаулықты түпкілікті шешу үшін, желіаралық қалқан параметрлерін қайта реттеңіз.

## Қорғаныс жүйесінің маңызды жаңартуларын орнату

△ **ЕСКЕРТУ:** Microsoft критикалық жаңартуларға сәйкес ескертулерді жібереді. Компьютерді қауіпсіздік бұзудан және компьютер вирустарынан қорғау үшін, ескертулерді алғаннан кейін мүмкіндігінше тез Microsoft компаниясынан барлық критикалық жаңартуларды орнатыңыз.

Амалдық жүйе және басқа бағдарламалық құралдардың жаңартулары компьютер жіберілгеннен кейін қол жетімді болуы мүмкін. Компьютерге қол жетімді барлық жаңартулардың орнатылғанын тексеру үшін, осы нұсқауларды орындаңыз:

- Компьютер параметрлерін орнатқаннан кейін Windows Update бағдарламасын іске қосыңыз. **Пуск (Бастау) > Все программы (Барлық бағдарламалар) > Windows Update** тармақтарындағы жаңарту сілтемесін пайдаланыңыз.
- Бұдан кейін Windows Update қызметін ай сайын қосыңыз.
- Windows және басқа Microsoft бағдарламаларының жаңартуларын шығарылған кезде Microsoft веб-торабы, сондай-ақ анықтама және қолдау орталығындағы жаңартулар сілтемесі арқылы алыңыз.


## Қосымша қауіпсіздік кабелін орнату

📝 **ЕСКЕРІМ:** Қауіпсіздік кабелі сақтандырғыш құрал ретінде әрекет ету үшін жасалған, бірақ ол компьютерге күтімсіз қараудан немесе оны ұрланудан қорғай алмайды.


**ЕСКЕРІМ:** Қауіпсіздік кабелі ұясының орны компьютердің үлгісіне байланысты әртүрлі болады.

Қауіпсіздік кабелін орнату үшін төмендегі қадамдарды орындаңыз:

1. Қауіпсіздік кабелімен қауіпсізденетін нысанды айналдыра ораңыз.
2. Кілтті (1) кабель құлпына (2) салыңыз.
3. Кабель құлпын компьютердегі қауіпсіздік кабелінің ұясына (3) салыңыз да, сосын оны кілтпен жабыңыз.



## Саусақ ізін оқу құрылғысын қолдану (тек таңдаулы модельдерде)

 **ЕСКЕРІМ:** Саусақ ізін оқу құрылғысының орны компьютер үлгісіне байланысты әртүрлі болады.



### Саусақ ізін оқу құрылғысының орналасуы

Саусақ ізін оқу құралы — кішкене темір сенсор, орналасуы:

- Сенсорлы тақтаның төменгі жағының қасында
- Пернетақтаның оң жағында
- Дисплейдің оң жақ жоғарғы бұрышында
- Дисплейдің сол жағында

Компьютердің үлгісіне қарай, саусақ ізін оқу құралы көлденең немесе тік орналасуы мүмкін. Орналасулардың екеуінде де саусақпен темір сенсорға перпендикуляр күйде сипап өту керек.






## Саусақ іздерін тіркеу

Саусақ ізін оқу құралы Windows жүйесіне Windows құпия сөзімен емес, DigitalPersona Personal бағдарламалық құралы арқылы тіркеген саусақ ізін қолданып кіруге мүмкіндігін береді.

Бір немесе бірнеше саусақ ізін тіркеу үшін мына қадамдарды орындаңыз:

1. Windows жүйесінде тапсырмалар тақтасының оң жақ шетіндегі хабарландыру аймағында орналасқан **DigitalPersona Personal** белгішесін басыңыз.
2. Қарсалу мәтінін оқып, одан кейін **Далее** (Келесі) түймешігін басыңыз.  
«Verify Your Identity» (Күәлігіңізді анықтаңыз) терезесі көрсетіледі.
3. Орнатылған болса, Windows құпия сөзін теріп, одан кейін **Далее** (Келесі) түймешігін басыңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Windows құпия сөзі болмаса, «Protect Your Windows Account» (Windows жазбасын қорғаңыз) беті ашылады. Windows құпия сөзін осы жолы орнатыңыз немесе **Далее** (Келесі) түймешігін басып, бұл қадамды елемей өтіңіз. Дегенмен, Windows құпия сөзін орнату компьютердің қауіпсіздігін оңтайландырады.

«Fingerprint Registration Training» (Саусақ ізін тіркеуді үйрену) терезесі көрсетіледі.


4. Көрсетілімді қарап шығып, одан кейін **Далее** (Келесі) түймешігін басыңыз.

«Register a Fingerprint» (Саусақ ізін тіркеу) терезесі көрсетіледі.

5. Тіркелетін саусаққа сәйкес келетін экрандағы саусақты таңдаңыз.

Сол саусақ жасыл түспен белгіленген келесі терезе ашылады.

6. Таңдалған саусақпен саусақ ізін оқу құралын баяу сипап өтіңіз.

 **ЕСКЕРІМ:** Сипау қимылы дұрыс жасалмаса, оның сәтсіз болуының себебі түсіндірілген хабар көрсетіледі.

**ЕСКЕРІМ:** Жақсы нәтижеге қол жеткізу үшін саусақ ізін оқу құрылғысын пайдаланған әрбір кезде саусақты бір бағытта сырғытыңыз.

7. Төрт сәтті қимыл жасалғанша, саусақпен саусақ ізін оқу құралын сипай беріңіз.

Саусақ ізі тіркелгенде, Register a Fingerprint (Саусақ ізін тіркеу) терезесі ашылып, басқа саусақ ізін тіркеуге мүмкіндік береді. Қосымша саусақ іздерін тіркеу үшін, 5-7 қадамдарын қайталаңыз.


8. Саусақ іздерін тіркеп болғаннан кейін **Далее** (Келесі) түймешігін басыңыз.

Тек бір саусақ ізін тіркесеңіз, қосымша саусақ іздерін тіркеуге кеңес беретін хабар көрсетіледі. Басқа саусақ іздерін тіркеу үшін, **Yes** (Иә) түймесін басып, тіркелетін әр саусақ ізі үшін 1-8 қадамдарын қайталаңыз.

– немесе –

Қосымша саусақ іздерін тіркеу керек болмаса, **No** (Жоқ) жауабын таңдаңыз. Registration Complete (Тіркеу аяқталды) терезесі ашылады.

9. **Готово** (Аяқтау) түймешігін басыңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Әр қосымша пайдаланушы үшін 1-9 қадамдарын қайталаңыз.

## Windows жүйесіне кіру үшін тіркелген саусақ ізін пайдалану


Саусақ ізінің көмегімен Windows жүйесіне кіру үшін мына қадамдарды орындаңыз:

1. Саусақ іздерін тіркеп болған соң, Windows жүйесін қайта іске қосыңыз.
2. Windows жүйесіне кіру үшін, тіркелген саусақтарыңыздың кез келгенімен сенсор үстің сипап өтіңіз.

# 11 Ақаулықтарды жою

## WLAN желісіне қосылу мүмкін емес


Желілік байланыс ақаулықтарын жөндемес бұрын, барлық сымсыз құрылғылардың драйверлері орнатылғандығын тексеріңіз.

 **ЕСКЕРІМ:** Сымсыз желілік құрылғылар тек таңдаулы компьютер үлгілеріне орнатылған. Егер сымсыз желі мүмкіндігі түпнұсқа компьютер орауының шетіндегі мүмкіндіктер тізімінде болмаса, сымсыз желілік құрылғыны сатып алып, компьютерге сымсыз желі мүмкіндігін қосуға болады.

Сымсыз байланыс ақаулықтарының мүмкін себептеріне келесі жағдайлар жатады:

- Желі конфигурациясын өзгерту (SSID немесе қауіпсіздік конфигурациясы)
- Сымсыз құрылғыны өшіру немесе қате орнату
- Сымсыз құрылғының немесе жол жоспарлағыштың аппараттық құралының жұмыс істемеуі
- Басқа құрылғылармен кедергілердің пайда болуы

WLAN жүйесіне қосылу ақаулықтары болса, кірістірілген WLAN құрылғысы компьютерде дұрыс орнатылғандығын тексеріңіз:

 **ЕСКЕРІМ:** Windows® жүйесінде компьютердің қауіпсіздігін жақсартуға арналған пайдаланушы жазбасын басқару мүмкіндігі бар. Бағдарламалық құралды орнату, утилиталарды іске қосу немесе Windows параметрлерін өзгерту сияқты тапсырмаларды орындау үшін, сізден рұқсат немесе құпия сөз сұралуы мүмкін. Қосымша ақпарат алу үшін, Анықтама және қолдау тармағын қараңыз.

1. **Пуск (Бастау) > Панель управления (Басқару тақтасы) > Система и безопасность (Жүйе және қауіпсіздік)** тармақтарын таңдаңыз.
2. Система (Жүйе) аймағындағы **Диспетчер устройств (Құрылғы реттеушісі)** түймешігін басыңыз.
3. Желілік адаптерлер тізімін қосу (+) белгісін басып кеңейтіңіз.
4. Желілік адаптерлер тізімінен WLAN құрылғысын анықтаңыз. WLAN құрылғысының тізіміне *СЫМСЫЗ, СЫМСЫЗ LAN, WLAN, Wi-Fi* немесе *802.11* терминдері кіруі мүмкін.

Егер ешбір WLAN құрылғысы берілмесе, компьютердің кірістірілген WLAN құрылғысы болмауы немесе WLAN құрылғысының драйвері дұрыс орнатылмаған болуы мүмкін.

WLAN жүйелері ақаулықтарын жою туралы қосымша ақпарат алу үшін, анықтама және қолдау орталығындағы веб-торапқа сілтемелерді қараңыз.

## Қажет желіге қосылу мүмкін емес

Windows жүйесі зақымдалған WLAN байланысын автоматты түрде жөндейді.

- Егер хабарландыру аймағында желі белгішесі көрініп тұрса, сол белгішені тінтуірдің оң жақ түймешігімен басып, **Устранение неполадок** (Ақаулықтарды жою) пәрменін таңдаңыз.

Windows жүйесі желілік құрылғыны қалпына келтіріп, таңдалған желілердің біреуіне қайтадан қосылуға тырысады.

- Хабарландыру аймағында желі белгішесі болмаса, мына қадамдарды орындаңыз:
  1. **Пуск** (Бастау) > **Панель управления** (Басқару тақтасы) > **Сеть и Интернет** (Желі және Интернет) > **Центр управления сетями и общим доступом** (Желілер мен ортақ пайдалануды басқару орталығы) тармақтарын таңдаңыз.
  2. **Устранение неполадок** (Ақаулықтарды жою) пәрменін, одан кейін жөнделетін желіні таңдаңыз.

## Желі белгішесі көрсетілмейді


WLAN желісінің параметрлері реттелгеннен кейін хабарландыру аймағында желі күйінің белгішесі көрсетілмесе, бағдарламалық құралдың драйвері жоқ немесе зақымдалған. Windows жүйесінің «Құрылғы табылмады» қате туралы хабары көрсетілуі мүмкін. Драйверді қайта орнатыңыз.

Компьютер үшін WLAN құрылғысы бағдарламалық құралының және драйверлерінің ең соңғы нұсқасын HP компаниясының <http://www.hp.com> веб-торабынан алыңыз. Егер WLAN құрылғысы бөлек сатып алынған болса, бағдарламалық құралдың ең соңғы нұсқасын алу үшін, өндірушінің веб-торабын қараңыз.

WLAN құрылғысы бағдарламалық құралының соңғы нұсқасын алу үшін:

1. Веб-браузерді ашып, <http://www.hp.com/support> торабына өтіңіз.
2. Еліңізді немесе аймағыңызды таңдаңыз.
3. Бағдарламалық құрал мен драйверді жүктеуге арналған параметрді таңдаңыз.
4. Іздеу жолағында компьютер үлгісінің нөмірін теріңіз.
5. **enter** пернесін басып, экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

---

 **ЕСКЕРІМ:** Егер WLAN құрылғысы бөлек сатып алынған болса, бағдарламалық құралдың ең соңғы нұсқасын алу үшін, өндірушінің веб-торабын қараңыз.

---

## Ағымдағы желі қауіпсіздік кодтары да қол жетімді емес

Егер WLAN желісіне қосылғанда желі кілті немесе аты (SSID) сұралса, желі қауіпсіздік арқылы қорғалған. Қауіпсіз желіге қосылу үшін, ағымдағы кодтарды енгізіңіз. SSID және желілік кілт

дегеніміз компьютерді желіде анықтау үшін компьютерге енгізілетін әріп және нөмірлерден тұратын кодтар болып табылады. Кодтарды табу үшін:

- Жеке сымсыз жол жоспарлағышқа қосылған желі үшін жол жоспарлағыш нұсқаулығындағы жол жоспарлағыш және WLAN құрылғысы екеуінде де бірдей кодтарды орнату нұсқауларын қайтадан қарап шығыңыз.
- Кеңседегі немесе қоғамдық Интернет әңгімелесу бөлмесіндегі желі сияқты жеке желі үшін кодтарды желі әкімшісінен алып, сұралған кезде кодтарды енгізіңіз.

Кейбір желілер қауіпсіздікті арттыру үшін жол жоспарлағыштарында немесе кіру нүктелерінде пайдаланылатын SSID және желілік кілттерді жүйелі түрде өзгертіп тұрады. Компьютердегі тиісті кодты осыған сәйкес өзгерту керек.


Егер сізге жаңа сымсыз желілік кілттер және желі үшін SSID берілген болса және бұрын осы желіге қосылған болсаңыз, желіге қосылу үшін келесі қадамдарды орындаңыз:

1. **Пуск (Бастау) > Панель управления (Басқару тақтасы) > Сеть и Интернет (Желі және Интернет) > Центр управления сетями и общим доступом (Желілер мен ортақ пайдалануды басқару орталығы)** тармақтарын таңдаңыз.

2. Сол жақ тақтада **Manage wireless networks (Сымсыз желілерді басқару)** түймешігін басыңыз.

Қолжетімді WLAN желілерінің тізімі көрсетіледі. Егер бірнеше WLAN желілері белсенді болған байланыс орнында болсаңыз, бірнеше желі көрсетіледі.

3. Тізімдегі желіні тінтуірдің оң жақ түймешігін басып, **Свойства (Сипаттар)** параметрін таңдаңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Керекті желі тізімде болмаса, жол жоспарлағыш немесе кіру нүктесі жұмыс істеп тұрғандығын тексеру үшін желі әкімшісіне хабарласыңыз.

4. **Безопасность (Қауіпсіздік)** қойындысын ашып, **Network security key (Желілік қауіпсіздік кілті)** жолағына дұрыс сымсыз шифрлау деректерін енгізіңіз.
5. Осы параметрлерді сақтау үшін, **ОК** түймешігін басыңыз.

## WLAN байланысы өте нашар

Егер байланыс нашар болса немесе компьютер WLAN желісіне қосылмай тұрса, басқа құрылғылардан кедергіні төмендеу үшін, төмендегі қадамдарды орындаңыз:

- Компьютерді сымсыз жол жоспарлағышқа немесе кіру нүктесіне жақынырақ жылжытыңыз.
- Қысқа толқынды пеш, сымсыз телефон немесе ұялы телефон сияқты құрылғыларды уақытша өшіріп қойыңыз.

Құрылғыны барлық қосылу мәндерін қалпына келтіруге бағыттау үшін төмендегі қадамдарды орындаңыз:


1. **Пуск** (Бастау) > **Панель управления** (Басқару тақтасы) > **Сеть и Интернет** (Желі және Интернет) > **Центр управления сетями и общим доступом** (Желілер мен ортақ пайдалануды басқару орталығы) тармақтарын таңдаңыз.
2. Сол жақ тақтада **Manage wireless networks** (Сымсыз желілерді басқару) түймешігін басыңыз.  
  
Қолжетімді WLAN желілерінің тізімі көрсетіледі. Егер бірнеше WLAN желілері белсенді болған байланыс орнында болсаңыз, бірнеше желі көрсетіледі.
3. Желіні таңдап, **Удалить** (Жою) түймешігін басыңыз.


## Сымсыз жол жоспарлағышқа қосылу мүмкін емес

Егер сымсыз жол жоспарлағышқа қосылу әрекеті сәтсіз болса, жол жоспарлағыштан қуатты 10-15 секундқа ажыратып, сымсыз жол жоспарлағышты қайта қосыңыз.

Егер компьютер WLAN жүйесіне қосыла алмай тұрса, сымсыз жол жоспарлағышты қайта іске қосыңыз. Толық мәліметтер алу үшін, жол жоспарлағыш өндірушісінің нұсқауларын қараңыз.

## Оптикалық жинақтағыш диск жетегі ықшам диск, DVD немесе BD дискілерін шығару үшін ашылмайды

1. Жетектің алдыңғы беткі тақтасындағы босату тесігіне қағаз қысқыштың ұшын салыңыз (1).
  2. Диск науасы босатылғанша, қағаз қысқышын ақырын басып тұрыңыз, содан кейін науаны тоқтағанша тартыңыз (2).
  3. Дискіні науадан шығарыңыз: дискінің сыртқа шығып тұрған жиектерінен көтере отырып, шпиндельді басыңыз (3). Дискінің бетіне қолыңызды тигізіп алмай, жиектерінен ұстаңыз.
- 
-  **ЕСКЕРІМ:** Науаға толық қол жеткізе алмасаңыз, дискіні шығару үшін оны абайлап еңкейтiңiз.
4. Диск науасын жауып, дискіні қорғауыш қабына салыңыз.



## Компьютер ықшам, DVD немесе BD дискісін анықтамайды

Windows жүйесі орнатылған құрылғыны анықтамаса, құрылғының драйвері жоқ немесе зақымдалған болуы мүмкін. Оптикалық диск жетегінің анықталғанына күмәніңіз болса, оның Device Manager утилитасындағы тізімде бар екенін тексеріңіз:

1. Оптикалық дискіні оптикалық диск жетегінен шығарыңыз.
2. **Пуск** (Бастау) > **Панель управления** (Басқару тақтасы) > **Система и безопасность** (Жүйе және қауіпсіздік) тармақтарын таңдаңыз.
3. **Система** (Жүйе) аймағындағы **Диспетчер устройств** (Құрылғы реттеушісі) түймешігін басыңыз.

4. Device Manager терезесінде DVD/CD-ROM диск жетектерінің жанындағы көрсеткіні басса, орнатылған барлық диск жетектері көрсетілген тізім ашылады.
5. Оптикалық диск жетегінің үстінен тінтуірдің оң жақ түймешігімен басса, мынадай тапсырмалар тізімі шығады:
  - Драйвердің бағдарламалық құралын жаңарту
  - Ажырату
  - Жою
  - Жабдықтағы өзгерістерді анықтау үшін сканерлеу. Windows жүйені сканерлеп, орнатылған жабдықтарды тексереді және қажетті драйверлерді орнатады
  - Құрылғының дұрыс істеп тұрғанын тексеру үшін, **Свойства** (Сипаттар) пәрменін таңдаңыз
    - Сипаттар терезесі құрылғы туралы мәліметтерді беріп, ақауларды жоюға көмектеседі
    - Осы құрылғы үшін драйверлерді жаңарту, ажырату немесе жою үшін **Драйвер** қойындысын ашыңыз.

## Ықшам, DVD немесе BD дискілері ойнатылмайды

Ықшам, DVD немесе BD дискілері ойнату үшін төмендегі қадамдарды орындаңыз:

- Дискіні ойнатпас бұрын жұмысыңызды сақтап, барлық ашық бағдарламаларды жабыңыз.
- Дискіні ойнатпас бұрын интернет байланысын ажыратыңыз.
- Дискіні дұрыс салғаныңызды тексеріңіз.
- Дискінің таза екеніне көз жеткізіңіз. Қажет болса, дискіні сүзілген сумен және талшықсыз шүберекпен тазалаңыз. Дискінің ортасынан шетіне қарай сүртіңіз.
- Дискідегі сызылу іздерін тексеріңіз. Сызықтар байқалса, дискіге электроника дүкендерінде сатылатын оптикалық дискілерді жөндеу жинағын қолданыңыз.
- Дискіні ойнатпас бұрын күту режимінен шығыңыз.

Диск ойнатылып жатқанда, Әрекетсіздік немесе Күту режиміне өтпеңіз. Жалғастыру қажеттігі сұралатын ескерту хабары көрсетілуі мүмкін. Бұл хабар пайда болса, **Нет** (Жоқ) жауабын таңдаңыз. Нет (Жоқ) жауабы таңдалған соң, компьютер:

- Ойнатуды жалғастырады.
- Мультимедиалық бағдарламалық құралдағы ойнату терезесін жабыңыз. Дискіні ойнатуды жалғастыру үшін мультимедиалық бағдарламасының **Play** (Ойнату)



түймешігін басыңыз. Кейбір жағдайларда, бағдарламалардан шығып, оны қайта қосу керек болуы мүмкін.

- Жүйелік ресурстарды арттыру.
  - Принтерлер мен сканерлерді өшіріп, камералар мен тасымалы қолда ұстайтын құрылғыларды ажыратыңыз. Бұл «Plug and Play» құрылғыларын ажырату нәтижесінде маңызды жүйе негіздері босап, ойнату жұмысы жақсарады.
  - Жұмыс үстелінің түстік сипаттарын өзгертіңіз. Адамның көзі 16 биттен тыс түстердің айырмашылықтарын көрмейтіндіктен, жүйенің түстік сипаттарын 16 битке дейін төмендетсе, бейне көру барысында ешқандай өзгеріс байқалмайды. Ол үшін:
    1. Компьютер жұмыс үстелінің бос жерінде тінтуірдің оң жақ түймешігін басып, **Screen resolution** (Экран ажыратымдылығы) параметрін таңдаңыз.
    2. **Advanced Settings** (Қосымша параметрлер) > **Monitor** (Монитор) қойындысын ашыңыз.
    3. Параметр әлі таңдалмаған болса, **High Color (16 bit)** (Жоғары сапалы түс (16 бит)) тармағын таңдаңыз.
    4. **OK** түймешігін басыңыз.

## Ықшам, DVD немесе BD дискілері автоматты түрде ойнатылмайды

1. **Пуск (Бастау) > Программы по умолчанию (Әдепкі бағдарламалар) > Изменить параметры автоматического проигрывания (Авто ойнату параметрлерін өзгерту)** тармақтарын таңдаңыз.
2. **Use AutoPlay for all media and devices (Авто ойнатуды барлық медиа файлдары және құрылғылары үшін қолдану)** құсбелгісінің қойылғанын растаңыз.
3. **Сохранить (Сақтау)** түймешігін басыңыз.

Енді диск оптикалық жинақтағыш дискке салынғанда автоматты түрде іске қосылуы тиіс.


## DVD фильмі тоқтайды, өткізіп жібереді немесе тұрақсыз ойнатылады

- Дискіні тазалаңыз.
- Төмендегі ұсыныстарды орындау арқылы жүйе ресурстарын сақтаңыз:
  - Интернеттен шығыңыз.
  - Жұмыс үстелінің түс сипаттарын өзгертіңіз.
    1. Компьютер жұмыс үстелінің бос жерінде тінтуірдің оң жақ түймешігін басып, **Screen resolution** (Экран ажыратымдылығы) параметрін таңдаңыз.
    2. **Advanced Settings** (Қосымша параметрлер) > **Monitor** (Монитор) қойындысын ашыңыз.
    3. Параметр әлі таңдалмаған болса, **High Color (16 bit)** (Жоғары сапалы түс (16 бит)) тармағын таңдаңыз.
    4. **OK** түймешігін басыңыз.
  - Принтер, сканер, камера немесе қолда ұстайтын құрылғы сияқты сыртқы құрылғыларды ажыратыңыз.

## DVD немесе BD дискісінің фильмі сыртқы дисплейде көрінбейді

1. Компьютердің өз дисплейі де, сыртқы дисплей де қосылып тұрса, екеуінің арасында ауысып отыру үшін, [Switch Screen Image](#) (Экран кескінін ауыстыру) пернесін бір немесе бірнеше рет басыңыз.
2. Сыртқы дисплейді негізгі ету үшін, монитор параметрлерін реттеңіз:
  - a. Компьютер жұмыс үстелінің бос жерінде тінтуірдің оң жақ түймешігін басып, **Screen resolution** (Экран ажыратымдылығы) параметрін таңдаңыз.
  - b. Негізгі дисплей мен қосымша дисплейді көрсетіңіз.

---

 **ЕСКЕРІМ:** Екі дисплей бірге қолданылып жатқанда, фильм кескіні қосалқы дисплейде көрсетілмейді.

---

Осы нұсқаулықта қамтылмаған мультимедиа бойынша сұрақ туралы ақпаратты алу үшін, **Пуск** (Бастау) > **Справка и поддержка** (Анықтама және қолдау) тармақтарын таңдаңыз.


## Ықшам дискіні немесе DVD дискісін жазу үрдісі басталмайды немесе аяқталмай, тоқтап қалады

- Барлық басқа бағдарламалардың жабылғанын тексеріңіз.
- Ұйқы күйі және күту күйлерін өшіріңіз.
- Диск жетегі үшін дискінің дұрыс түрі пайдаланылғанын тексеріңіз. Диск түрлері туралы қосымша ақпаратты пайдаланушы нұсқаулықтарынан қараңыз.
- Дискінің дұрыс салынғанын тексеріңіз.
- Жай жазу жылдамдығын таңдап, әрекетті қайталаңыз.
- Дискіні көшіру үшін, ондағы мазмұнды жаңа дискіге жазбас бұрын, негізгі дискідегі ақпаратты қатты дискіге сақтаңыз да, ақпаратты қатты дискіден жазыңыз.
- Device Manager бағдарламасында DVD/CD-ROM диск жетектері санатына кіретін дискіні жазу құрылғысының драйверін қайта орнатыңыз.

## **Windows медиа ойнатқышында ойнатылатын DVD немесе BD дискісі ешбір дыбыс шығармайды немесе көрсетілмейді**

DVD немесе BD дискісін ойнату үшін MediaSmart бағдарламалық құралын пайдаланыңыз. MediaSmart бағдарламалық құралы компьютерде орнатылған және HP компаниясының <http://www.hp.com> веб-торабына қол жетімді.

## Құрылғы драйвері қайта орнатылуы керек

1. Оптикалық диск жетегінен барлық дискілерді алып тастаңыз.
  2. **Пуск** (Бастау) > **Панель управления** (Басқару тақтасы) > **Система и безопасность** (Жүйе және қауіпсіздік) тармақтарын таңдаңыз.
  3. Система (Жүйе) аймағындағы **Диспетчер устройств** (Құрылғы реттеушісі) түймешігін басыңыз.
  4. Device Manager терезесінде жойылатын немесе қайта орнатылатын драйвер (мысалы, DVD/CD ROM құрылғылары, модемдер, т.б.) түрінің жанындағы көрсеткіні басыңыз.
  5. Құрылғылар тізімін тінтуірдің оң жақ түймешігімен басып, **Удалить** (Жою) пәрменін таңдаңыз. Ескертілгенде құрылғыны жою қажеттігін, бірақ компьютерді қайта іске қосудың қажет еместігін растаңыз. Жойылатын басқа драйверлер үшін де осы әрекетті қайталаңыз.
  6. Device Manager терезесінде **Action** (Әрекет) пәрменін, содан кейін **Scan for hardware changes** (Жабдықтағы өзгерістерді анықтау үшін сканерлеу) тармағын таңдаңыз. Windows жүйені сканерлеп, орнатылған жабдықтарды тексереді де, драйверді қажет ететін құрылғылар үшін әдепкі драйверлерді орнатады.
- 
-  **ЕСКЕРІМ:** Компьютерді қайта іске қосу ұсынысы берілсе, ашық тұрған барлық файлдарды сақтап, қайта іске қосу әрекетін жалғастырыңыз.
- 
7. Қажет болса, Device Manager бағдарламасын қайта ашып, драйверлердің тізімде қайта көрсетілгенін тексеріңіз.
  8. Бағдарламаны қайтадан іске қосып көріңіз.

Құрылғы драйверлерін жою немесе қайта орнату нәтижесінде ақау жойылмаса, драйверлерді келесі бөлімдерде берілген процедуралар арқылы жаңарту қажет болуы мүмкін.

## Ең соңғы HP құрылғы драйверлерін алу

1. Веб-браузерді ашып, <http://www.hp.com/support> торабына өтіп, одан кейін қажетті ел немесе аймақты таңдаңыз.
2. Бағдарламалық құрал мен драйверді жүктеуге арналған параметрді таңдап, іздеу жолағына компьютер үлгісінің нөмірін жазып, **enter** пернесін басыңыз.  
– немесе –  
Арнайы SoftPaq файлын қолданғыңыз келсе, **Іздеу** жолағына SoftPaq нөмірін енгізіңіз де, **enter** пернесін басып, берілген нұсқауларды орындаңыз. 6-қадамға өтіңіз.
3. Тізімдегі үлгілерден арнайы өнімді таңдаңыз.
4. Windows 7 амалдық жүйесін таңдаңыз.
5. Драйверлер тізімі көрсетілгенде, қосымша ақпарат берілген терезені ашу үшін, жаңартылған драйверді таңдаңыз.
6. Файлды жүктеп алмай, жаңартылған драйверді орнату үшін, **Install now** (Қазір орнату) түймешігін басыңыз.  
– немесе –

Файлды компьютерге сақтау үшін, **Download only** (Тек жүктеу) түймешігін басыңыз. Нұсқау берілгенде, **Сохранить** (Сақтау) түймешігін басып, қатты дискідегі сақтау орнын көрсетіңіз.

Файл жүктелгеннен кейін, оны сақтаған жерге өтіп, драйверді орнату үшін файлды екі рет басыңыз.


7. Егер нұсқау берілсе, орнату аяқталғаннан кейін компьютерді қайта іске қосыңыз да, құрылғының жұмысын тексеріңіз.

## Соңғы Windows құрылғы драйверлерін алу

Windows Update бағдарламасын қолдану арқылы Windows құрылғысы драйверлерінің ең соңғы нұсқасын алыңыз. Бұл мүмкіндік автоматты түрде Windows амалдық жүйесіне және басқа Microsoft өнімдеріне арналған жаңартуларды тексеріп және орнатып отырады.

Windows Update бағдарламасын пайдалану үшін:

1. **Пуск** (Бастау) > **Все программы** (Барлық бағдарламалар) > **Windows Update** тармағын таңдаңыз.

 **ЕСКЕРІМ:** Windows Update бағдарламасы бұрын орнатылмаған болса, жаңартуларды тексермес бұрын, параметрлерді енгізу ұсынысы беріледі.


2. **Check for Updates** (Жаңартуларды тексеру) параметрін таңдаңыз.
3. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.



# А Орнату бағдарламасы (BIOS)

## Starting Setup утилитасын бастау

Орнату бағдарламасы — Windows амалдық жүйесі жұмыс істемей тұрса да пайдалануға болатын, ROM жадына негізделген ақпараттық және бейімдеу утилитасы.

 **ЕСКЕРІМ:** Саусақ ізін оқу құрылғысын (тек таңдаулы үлгілерде) орнату бағдарламасын ашу үшін қолдану мүмкін емес.

Утилита компьютер туралы ақпаратты хабарлайды және бастау, қауіпсіздік және басқа басымдықтар үшін параметрлерді береді.

Starting Setup утилитасын бастау үшін:

1. Орнату бағдарламасын компьютерді қосу немесе қайта қосу арқылы ашыңыз. «Press the ESC key for Startup Menu» (Бастау мәзірін ашу үшін ESC пернесін басыңыз) терезесі көрсетілген кезде **f10** пернесін басыңыз.

– немесе –

Орнату бағдарламасын компьютерді қосу немесе қайта қосу арқылы ашыңыз. «Press the ESC key for Startup Menu» (Бастау мәзірін ашу үшін ESC пернесін басыңыз) терезесі көрсетілген кезде **esc** пернесін басыңыз.

2. Бастау мәзірі көрсетілген кезде **f10** пернесін басыңыз.

## Starting Setup утилитасын пайдалану

### Starting Setup утилитасының тілін өзгерту

Орнату бағдарламасының тілін өзгерту үшін мына әрекеттерді орындаңыз:



**ЕСКЕРІМ:** Орнату бағдарламасы ашық емес болса, 1-қадамнан бастаңыз. Егер орнату бағдарламасы ашық болса, 2-қадамнан бастаңыз.

1. Орнату бағдарламасын компьютерді қосу немесе қайта қосу арқылы ашыңыз. «Press the ESC key for Startup Menu» (Бастау мәзірін ашу үшін ESC пернесін басыңыз) терезесі көрсетілген кезде **f10** пернесін басыңыз.

– немесе –

Орнату бағдарламасын компьютерді қосу немесе қайта қосу арқылы ашыңыз. «Press the ESC key for Startup Menu» (Бастау мәзірін ашу үшін ESC пернесін басыңыз) терезесі көрсетілген кезде **esc** пернесін басыңыз. Бастау мәзірі көрсетілген кезде **f10** пернесін басыңыз.

2. Көрсеткі пернелерін пайдаланып **Конфигурация системы** (Жүйе конфигурациясы) > **Язык** (Тіл) пәрменін таңдап, **enter** пернесін басыңыз.
3. Тілді таңдау үшін көрсеткі пернелерін пайдаланыңыз да, **enter** пернесін басыңыз.
4. Растау туралы хабар таңдалған тілде көрсетілгеннен кейін **enter** пернесін басыңыз.
5. Өзгертуді сақтап, орнату бағдарламасынан шығу үшін, көрсеткі пернелерді пайдаланып **Выход** (Шығу) > **Сохранить изменения и выйти** (Өзгертулерді сақтап, шығу) тармағын таңдап, **enter** пернесін басыңыз.

Өзгертулер бірден орындалады.

## Setup Utility утилитасында шарлау және таңдау

Орнату бағдарламасы Windows жүйесіне негізделмегендіктен, ол сенсорлы тақтада жұмыс істемейді. Шарлау және таңдау пернетақта арқылы жүзеге асырылады.

Орнату бағдарламасында жылжу үшін мына әрекеттерді орындаңыз:


- Мәзір немесе мәзір элементін таңдау үшін, көрсеткі пернелерін пайдаланыңыз.
- Тізімдегі элементті таңдау үшін және өрісті ажыратып-қосу үшін, мысалы Включить/Выключить (Қосу/Ажырату) өрісін, көрсеткі пернелерін немесе **f5** немесе **f6** пернесін пайдаланыңыз.
- Элементті таңдау үшін, **enter** пернесін басыңыз.
- Мәтін ұясын жабу немесе мәзір дисплейіне қайту үшін, **esc** пернесін басыңыз.
- Қосымша шарлау және таңдау ақпаратын көрсету үшін **f1** пернесін басыңыз.

## Жүйе ақпаратын көрсету

Компьютерді анықтайтын жүйе уақыты және күні сияқты ақпаратты көру үшін, орнату бағдарламасын пайдаланыңыз.

Жүйе ақпаратын орнату бағдарламасын пайдаланып көрсету үшін мына әрекеттерді орындаңыз:

---

 **ЕСКЕРІМ:** Орнату бағдарламасы ашық болса, 1-қадамнан бастаңыз. Егер орнату бағдарламасы ашық емес болса, 2-қадамнан бастаңыз.


---

1. Орнату бағдарламасын компьютерді қосу немесе қайта қосу арқылы ашыңыз. «Press the ESC key for Startup Menu» (Бастау мәзірін ашу үшін ESC пернесін басыңыз) терезесі көрсетілген кезде **f10** пернесін басыңыз.  
  
– немесе –  
  
Орнату бағдарламасын компьютерді қосу немесе қайта қосу арқылы ашыңыз. «Press the ESC key for Startup Menu» (Бастау мәзірін ашу үшін ESC пернесін басыңыз) терезесі көрсетілген кезде **esc** пернесін басыңыз. Бастау мәзірі көрсетілген кезде **f10** пернесін басыңыз.
2. **Главное** (Негізгі) мәзірін таңдаңыз.
3. Орнату бағдарламасынан параметрлерді өзгертпей шығу үшін, көрсеткі пернелерді пайдаланып **Выход** (Шығу) > **Выйти без сохранения изменений** (Өзгерістерді сақтамай шығу) тармағын таңдап, **enter** пернесін басыңыз.

## Setup Utility утилитасында әдепкі параметрлерді сақтау

Орнату бағдарламасының әдепкі параметрлерін қалпына келтіру үшін мына әрекеттерді орындаңыз:

---


 **ЕСКЕРІМ:** Орнату бағдарламасы ашық емес болса, 1-қадамнан бастаңыз. Егер орнату бағдарламасы ашық болса, 2-қадамнан бастаңыз.

---

1. Орнату бағдарламасын компьютерді қосу немесе қайта қосу арқылы ашыңыз. «Press the ESC key for Startup Menu» (Бастау мәзірін ашу үшін ESC пернесін басыңыз) терезесі көрсетілген кезде **f10** пернесін басыңыз.  
  
– немесе –  
  
Орнату бағдарламасын компьютерді қосу немесе қайта қосу арқылы ашыңыз. «Press the ESC key for Startup Menu» (Бастау мәзірін ашу үшін ESC пернесін басыңыз) терезесі көрсетілген кезде **esc** пернесін басыңыз. Бастау мәзірі көрсетілген кезде **f10** пернесін басыңыз.
2. **Выход** (Шығу) > **Восстановить значения по умолчанию** (Орнатуларды әдепкі күйде жүктеу) пәрменін таңдау үшін, көрсеткі пернелерін пайдаланыңыз да, **enter** пернесін басыңыз.
3. «Подтверждение настройки» (Орнатуды растау) терезесі көрсетілгенде **enter** пернесін басыңыз.
4. Өзгертуді сақтап, орнату бағдарламасынан шығу үшін, көрсеткі пернелерді пайдаланып **Выход** (Шығу) > **Сохранить изменения и выйти** (Өзгертулерді сақтап шығу) тармағын таңдап, **enter** пернесін басыңыз.

Орнату бағдарламасының әдепкі параметрлері компьютер қайта қосылған кезде өз күшіне енеді.

---

 **ЕСКЕРІМ:** Құпия сөз, қауіпсіздік және тіл параметрлері зауыттың әдепкі параметрлерін сақтағанда өзгертілмейді.

---

## Setup Utility утилитасынан шығу

Орнату бағдарламасынан өзгертулерді сақтап не сақтамай шығуға болады.

- Setup Utility утилитасынан шығу және ағымдағы бөлімнен өзгертулерді сақтау үшін:

